Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ӘОЖ 821.512.122.0

Қолжазба құқығында

САЛТАҚОВА ЖАНАТ ТОҚТАРҚЫЗЫ

Қазақ шежіре жырлары: жанрлық ерекшеліктері, тарихилығы, поэтикасы (авторлық жырлар негізінде)

6D021400 – Әдебиеттану

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми жетекші:
филология ғылымдарының
кандидаты, доцент
Т.К.Албеков

Шетелдік кеңесші:
профессор, Мугла Сыткы Кочман
университетінің докторы
М.Н.Онал (Түркия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2023

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР 3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР 5
КІРІСПЕ 6

1 ШЕЖІРЕ ЖЫРЛАРДЫҢ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕЛУІ

1.1 Шежіре жырлардың зерттелуі 12
1.2 Түркі халықтарындағы шежіре тарқату дәстүрі 25

2 ШЕЖІРЕ ЖЫРЛАРДЫҢ ТАРИХИЛЫҒЫ

2.1 Қазақ шежіре жырларының қалыптасуы мен дамуы 37
2.2 Қазақ шежіресі және тарихи жад 58
2.3 Қазақ шежіре жырларын дамытушылар 64

3 ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕ ЖЫРЛАРЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, ПОЭТИКАСЫ

3.1 Шежіре жырлардағы уақыт пен кеңістік 80
3.2 Жанрлық ерекшеліктері 97

ҚОРЫТЫНДЫ 112
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ..... 116
ҚОСЫМША А 124
ҚОСЫМША Ә 125

АНЫҚТАМАЛАР

Ғылым – жалпы адамзатқа ортақ объективті шындықты жүйелендіре отырып, ойланудың нақты пішініне, белгілі бір методологияларға, теориялар мен тәжірибелерге сүйенетін көзқарас.

Генеалогия – туысқандық қатынастарға негізделген, шыққан арғы тектен бастау алатын ұрпақтар сабақтастығын білдіретін ұғым.

Жеті ата – қазақ халқының ұлттық салт-санасындағы қазақтың ата жағының тек жағынан таратылуының нақтылы жүйесі яғни, қан тазалығына байланысты орын алған ұлттық кодтың бір тармағы. Бала әкесі, атасы, бабасы, т.б. жеті атасының нақтылы есімдерін кішкентайынан жаттап өседі. Бұл буын яғни тараған ұрпақ бір атаның балалары саналады. Дәстүр бойынша, аталары жеті атаға толмай қыз алыспайды. Ататек атаулары: ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, жүрежат, туажат, жұрағат т.б. болып кете береді.

Жүз – ру-тайпа бірлестіктердің жалпылама атауы. Қазақта руларды үш жүзге бөледі: Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз.

Жыр – поэзия мен музыканың бірлігіне негізделген жанр. Поэзиялық арқауы 7-8 буынды өлшемге негізделіп, әдетте, аралас, шұбыртпалы ұйқасқа құрылады. Жыр үлгілерінің қазақ фольклорындағы қызметі аса елеулі. Ол ел есінде сақталған елеулі оқиғаларды кейінгі ұрпаққа жеткізудің көркем құралы.

Қолжазба – автордың өз қолымен жазған әдеби шығарманың түпнұсқасы. Авторлық қолжазбаның болуы – түпнұсқа мәтіннің басылымдар кезінде қандай өзгеріске ұшырағанын білуге, пайымдауға, қажет жағдайда ғылыми текстологиялық түзетулер жасап, алғашқы нұсқасын қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Құндылық – белгілі бір қоғамның ойлау мәдениетінің талғамына, өресіне байланысты айқындалып және уақытқа сай өзгеріп отыратын философиялық категория.

Нарратив, нарратология – нарратология, нарратив теориясы, баяндау теориясы, жалпы алғанда, баяндауды зерттейтін ғылыми пән. Нарратология әр түрлі нарративтің жалпы белгілерінің көрінуін, олардың арасындағы айырмашылықтарды айқындау, нарративтің пайда болуымен дамуы заңдылықтарын бір жүйеге келтіруді мақсат етеді. Сондықтан да нарратология екіге бөлінеді: 1) классикалық (бұл жағдайда нарративтіліктің белгісі ретінде нарратордың қатысуы жатады); 2) құрылымдық (бұл жағдайда нарративтілік баяндалатын мәтінге қарама-қарсы уақыттың дамуы бойынша анықталады).

Ру – арғы тегі бір атадан тараған туыстар тобы.

Тарих – адамзат баласының өткенін зерттейтін қоғамдық ғылым. Тарих сөзі көне грек тіліндегі «сұрастыру», «зерттеу» ұғымынан пайда болған.

Тарихи жады (зерде) – ұлттың дүниетанымымен бірге пайда болып, ұлт мәдениетінің қайнар көзі саналатын құндылықтардың бірі. Ұлттың тарихы мен мәдениетінің қалыптасуы, дамуы тарихи жадқа тікелей байланысты. Кез-келген ұлттың мәдениетіндегі, тарихындағы аға ұрпақтың болашақ туралы ой кешу

үрдісі, жекелеген адамдардың (зиялы адам немесе тұлға) ұлттық мүддеге қызмет етуі дәстүрлі ұлттық жадтың негізінде жүзеге асады.

Ұлт – ортақ мүдде, мақсат, құндылықтардың негізінде мемлекеттілікке ұйытқы болып тұратын бастапқы негіз.

Ұлттық код – әрбір ұлттың басқа халықтардан айырмашылығын көрсететін ерекше қасиеттері, ішкі және сыртқы көріністері және солардың пайда болу факторлары. Ұлттық код әрбір ұлттың ерекшелігін ашып, оның сыр-сипатын түсінуге мүмкіндік береді.

Шежіре – әрбір халықтың өткен тарихын осы кезеңмен байланыстырып тұратын ұғым болып табылады. Сонымен қатар шежіреден сол халықтың мәдени құндылықтарын, әлеуметтік құрылымын, саяси жүйесін, генеалогиялық жадының мазмұнын көруге болады.

Шежіреші – халықтың өткенін, тұрмыс-тіршілігін ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жеткізуші. Түркі халықтарының басым көпшілігінде шежірешілер болған, олар өз дерегін, өмір тарихтарын жазып қалдырған. Қазақ халқының әр руының өз шежірешісі болған. Олар жиын-тойларда, мерекелерде ата-баба тарихын, әр рудың белді тұлғаларының ел үшін жасаған ерлік істерін дәріптеп, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу мақсатында үнемі айтып отырған.

Этнография – тайпалар мен халықтарды зерттейтін қоғамдық ғылым саласы. Ертеде өмір сүрген көне этностық топтардың шығу тегін, ру-тайпалық құрамын, олардың өзіндік ерекшелігін, қазіргі халықтарды зерттейді.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ҚР – Қазақстан Республикасы
ӘӨИ – М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
ОҒК – Орталық Ғылыми кітапхана
Қ. – қолжазба

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақ әдебиеттану ғылымы тарихында әдеби жанрлардың барлығы да осы уақытқа дейін шығу тарихы, қалыптасуы, дамуы, көркемдігі тұрғысынан әдебиет пен фольклор мәселелеріне арналған іргелі зерттеулерде жүйеленіп, ғылыми монографиялар жазылды. Алайда, осы салада ұлттық тарихымызды айқын бейнелейтін кейбір әдеби жанрлар зерттеу нысанынан тыс болып келді. Кеңестік идеология отандық ғылымның арнайы салаларында көркем шығармалардағы ұлттық тарихты деректер арқылы шынайы бейнелеген жанрларды арнайы қарастыруға мүмкіндік бермеді. Түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениет туралы таптық көзқарасқа тәуелді ғылымда әрбір жеке ұлттардың ата-бабаларының ерлік, қаһармандық жолын, әлемдегі барлық халықтармен терезесі тең тарихын анықтауы мүмкін емес еді. Қазақ шежірелік шығармалары қазақ әдебиеттану ғылымында осы уақытқа дейін арнайы зерттеу нысанына алынбай келеді. Шежірелік шығармалардың жанрлық-стильдік ерекшеліктері мен тарихилығын бүгінгі күн тұрғысынан саралау – әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелерінің бірі. Аталған мәселе әдебиеттанушы ғылымдар Ш.Уәлихановтың, А.Байтұрсынұлының, М.Әуезовтің, Б.Кенжебаевтың, Қ.Жұмалиевтің, Ә.Қоңыратбаевтың, Ә.Марғұланның, М.Мырзахметовтің, Т.Кәкішевтің, М.Мағауиннің, Р.Бердібаевтың, С.Қасқабасовтың, А.Сейдімбектің, Ш.Ыбраевтың, Ж.Дәдебаевтың, С.Негимовтің, Б.Әзібаеваның, Қ.Әбдезұлының, З.Бисенғалидың, Ж.Тілеповтің, Б.Әбдіғазиұлының, К.Матыжановтың, З.Сейітжанұлының, Т.Әлбековтың, Б.Омаруұлының, Б.Рақымовтың, С.Сәкеновтың және т.б. ғалымдардың еңбектерінде әртүрлі тұрғыда қарастырылып келеді.

Қазақ әдебиеті ұлт руханиятының негізгі өзегінің бірі болып саналады. Халық ауыз әдебиеті мен жазба әдебиет бірлігінен құралған ұлттық сөз өнері жүйесінен тарихымыздың өткен дәуір тынысына, тарихи кезеңдеріне тән сипаттарды саралаймыз. Атап айтқанда, авторлық шежірелік шығармалар желісінен ұлтымыздың баяғы замандардан бүгінгі күнге дейінгі тұрмыс-тіршілігінің тарихнамасын тануға болады. Академик С.А.Қасқабасов қазақ мәдениеті тарихындағы авторлық шежірелерді «Жазбаша әдебиет», оның ішінде «тарихи шығармалар түрінде» қарастырады: «...қарасөзбен тарихи және өзге де шығармалар жазылып, сол кезде олар тарихи еңбектер ретінде де қарастырылды. Сондықтан мұндай туындыларда әр түрлі әдеби тәсілдер, адам айтқысыз әсірелеулер, оқиғалардың айқын суреттемелері, поэтикалық жолдар мол кездеседі, ал поэтикалық жолдарда бейнелі теңеулер, ойға орала бермейтін эпитеттер мен көркем әдебиеттің басқа да белгілері болады» [1, б.573]. «Қазақстан тарихы» атты іргелі еңбекте автор Захир ад-дин Бабырдың «Бабырнамасын», Камал-ад-дин Бинаидың «Шайбани-намесін», Мұхамед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашидиін», Қожамқұл бек Балхидың «Тарих-и Қыпшағын», Қадырғали бектің «Жами’ат-тауарихын», Әбілғазы Баһадүрдің «Түрік шежіресін» көркем әдебиеттің прозалық шығармалары тұрғысында сипаттайды. Нәтижесінде, шежірелік шығармаларды қазақ сөз өнеріндегі

тарихи-әдеби туындылар қатарында зерттеудің маңыздылығы айқындалады. Академик С.Қасқабасовтың жоғарыдағы пікірі қазақ ұлттық мәдениетінің өткеннен бүгінге дейінгі тарихындағы құнды мұраларымызды қазақ әдебиетінің тарихы құрамында қарастыруға ғылыми-әдіснамалық негіз болып табылады.

Қазақ әдебиетінің тарихында XIX-XX ғасырларда дәстүрлі шежірелік шығармалар өлеңмен де, қарасөзбен де жазылып, кесте түрінде де сақталып келді. Абай Құнанбаевтың «Бірер сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы», Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі», Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Қазақ шежіресі», Құрбанғали Халидтің «Тауарих хамса», Шоқан Уәлихановтың «Ұлы жүз туралы», «Қазақ шежіресі», «Қырғыздар туралы жазбалар» және т.б. шежірелік шығармаларда қазақтың түп-тұқиянынан бергі ататек бастаулары, ата-бабалар, ұрпақтар сабақтастығы тұрғысында баяндалады.

Ғалым Шоқан Уәлиханов «Қазақ шежіресі» атты тарихи-әдеби шығармасында қазақ халқының қалыптасуына негіз болған ежелгі руларды ірі бірлестіктер тұтастығы бойынша баяндайды. Автор өз туындысындағы тарихи деректерді пайымдауда Әбілғазы Баһадүрдің «Түрік шежіресіне», «Шайбани-намаға», Рашид-ад-диннің тарихи жазбаларына, И.Н.Березин бастырып шығарған «Жылнамалар жинағына», орыс жылнамаларына және т.б. тарихи дереккөздерді негіздей отырып тұжырым жасайды. Ш.Уәлиханов қазақ халқының ата-бабалары туралы ерліктерін, адам аттарын, жер-су аңыздарын, жырларды ауыздан-ауызға тарату дәстүрі арқылы ұрпақтан ұрпаққа жеткізетінін айта келіп: «Қазақтардың әрбір ру басылары өз ру-тайпасының шежіресін – шыққан тегін, елдің әдет-ғұрып заңдарын, ескі жарлықтарын, халықтың басынан өткен тарихи жайларды көп жасаған ақсақалдардан ыждаһатпен үйреніп, өзінің шешендік өнерін шыңдауда көптеген аңыз-әңгімелерді, мақал-мәтелдерді, маңызды оқиғаларға қатысты ұлағатты асыл сөздерді ұзақ жаттайды. Сондай дайындығы бар билердің аузынан шыққан сөздерді халық ұйып тыңдайды, ол нақыл сөздердің мәні өмірдің бар саласын қамтитындай өсиет-өнеге, тәлім-тәрбиелік, патриоттық мазмұнда болып келеді. Өкінішке орай, енді бір он жылдан соң, бұрын осылай болып еді, енді содан не қалды дейтін де уақыт алыс емес сияқты, біздің халық қалай тез өзгеріп-құбылады десеңші!» – деп пікір білдіреді [2, б.163-164]. Яғни, тарихи әдебиеттану әдіснамасы қазақ әдебиеті тарихының сан мыңдаған ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи жадын зерделеуге зор мүмкіндіктер туғызды.

Халқымыздың бүгінгі күнге дейінгі қалыптасқан материалдық және рухани мәдениетін пайымдауда шежірелер дерекнамалық негіз бола алады. Туысқан түркі халықтарының өсіп-өрбу, қалыптасу тарихы, мәдени мұралары да шежірелер арқылы анықталатыны сөзсіз. Академик Әлкей Марғұланның түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының әдеби мұраларын бағалаудағы ғылыми еңбектері, құнды пікірлері бар. Ғалымның «Ежелгі жыр, аңыздар», «Ежелгі жырлардағы ерлік бейнелер, кісі, ел аттары, олардың тарихи негіздері», «Манас» жырының қай кезде шыққаны туралы», «Қорқыт туралы қазақтың қария сөздері», «Қорқыт бұрынғы ғалымдар мен ақындардың есінде» атты

зерттеулерінде қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірлерінен бері сақталып келе жатқан әдеби-фольклорлық мұраларын шежірелермен байланыстыра қарастырған [3, б.403]. Тарихи дереккөздерге бай шежірелік шығармалар халық әдебиетінің аса сенімді мұрасы саналады. Академик Ә.Марғұланның барлық түркі тектес халықтардың және өз ұлтының ауыз әдебиетін, эпостарын, жыраулар мұрасын, салт-дәстүрін, яғни тұтастай алғанда түркілердің туылуы мен қалыптасу шежіресі туралы пәнаралық кешенді зерттеулер жүргізуі, үнемі шежірелерді пайдалануы – мәселенің аса маңызды екенін көрсетеді. Яғни, ауызша немесе жазбаша жеткен мәдени жәдігерге айналған қазақ шежірелерінің тарихи-әдеби мұра ретіндегі баға жетпес байлық екені сөзсіз.

Халықтың жадында, зердесінде сақталған ата-бабалар шежіресі арқылы ұлттық тарихымызды тани аламыз. Сондықтан, қазақ әдебиетінің тарихилық негіздерін дәйектеуде шежіре жырлардың тағылымдық-танымдық, рухани маңызын басты нысанда ұстаймыз. Бұл зерттеудің ұлттық әдебиет тарихын қарастырудағы өзектілігін дәйектей түсері сөзсіз.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Қазақ әдебиетінің қалыптасу, даму жолындағы шежіре жырлардың зерттелуін, қалыптасуын, жанрлық ерекшелігі мен типологиясын, сонымен қатар поэтикалық сипатын айқындау зерттеудің негізгі **мақсаты** болып табылады.

Осы бағдарлы жұмыста мынадай **міндеттерді** орындау көзделді:

Қазақ шежірелері тарихи-деректанулық мақсатта зерттелгенімен, оның жырға айналған үлгілері мақсатты түрде топтастырылып, жүйеленіп, қоғамдық-гуманитарлық ғылым салаларының арнайы зерттеу нысаны болған емес. Бұл зерттеу шежіре жырлар бойынша әдебиеттанудағы алғашқы еңбек болғандықтан, мына мәселелерге назар аударылды:

1. Осы уақытқа дейінгі жарияланған немесе әлі де баспа бетін көрмеген жырларды іздестіру, ғылыми айналымға түсіру, қолжазба үлгілерін араб (қадым, төте), латын жазуларындағы мәтіндерді қазіргі әріпке көшіру, басылымдары мен нұсқаларына тарихи-генетикалық зерттеулер жүргізу.

2. Диссертацияның бағыт-бағдарына, тақырыптарына қатысты материалдарды ғылым нысанына айналдыру.

3. Шежіре жырлардың бастауы, қалыптасуы, дамуы, жанрлық сипаты жайындағы осы кезге дейін жарық көрген зерттеу еңбектерді негізге ала отырып, шежіре жырлар тарихи жырлардың бір түрі екендігін дәлелдеу;

4. Халық ауыз әдебиеті үлгілеріндегі шежірелік көріністердің, өмірбаяндық (ғұмырнамалық) баяндаулардың көркемдік қызметін айқындау;

5. Түркі халықтарындағы шежіре тарқату дәстүріне назар аударып, қырғыз, қарақалпақ, башқұрт халықтарының мұраларымен салыстыра зерттеп, жаңаша пайымдаулар жасау;

6. Халық ақындары шығармаларындағы шежіре жырдың рөлін анықтау;

7. Бүгінгі күнге дейін зерттеу нысанына айналмағандығын ескере отырып, шежіре жырлардың поэтикасына қатысты салыстырулар жүргізіп, өзіндік түйіндеулер мен тұжырымдар ұсыну;

8. Шежіре жырлардың ұлттық мәдениеттегі орнын анықтау. «Ұлттық код», «тарихи жад» мәселелеріне тоқтала отырып, шежіре тарқату дәстүрін ежелден келе жатқан рухани мұра ретінде жаңаша пайымдау.

Зерттеудің дереккөздері ретінде ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Орталық ғылыми кітапханасы мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорындағы сирек кітаптар мен қолжазбалар және соңғы онжылдықтағы фольклорлық экспедиция материалдары, «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы бойынша 2004-2013 жылдары жарық көрген «Бабалар сөзі» жүзтомдығы пайдаланылды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар. Диссертациялық жұмыстың жазылуы барысында айқындалған нәтижелер бойынша төмендегідей негізгі тұжырымдар ұсынылды:

- белгілі бір рудың, жүздің, ұлттың немесе тарихи тұлғаның шығу тегіне байланысты туған тарихи жырлардың бір түрі шежіре жырлар деп аталады;
- шежіре жырлардың басым көпшілігінің авторлары белгілі ақын-жыраулар және олар эпикалық сарында жырланады;
- жырмен жазылған шежірелер қазақ халқымен қатар, башқұрт, қырғыз, қарақалпақ халықтарында кеңінен таралған;
- XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы қазақ шежіре жырларының шарықтап даму дәуірі болып табылады;
- халық ақындары шығармашылығындағы шежіре жырлар желі тартып, дәстүр сабақтастығымен бүгінгі күнге дейін жалғасын табуда;
- шежіре жырлардағы уақыт пен кеңістік мейлінше сығымдалып, тығыздалып беріледі.

Зерттеу әдістері. Шежіре жырларды қарастыру барысында тарихи-салыстырмалы, тарихи-генетикалық, кешенді зерттеу әдістері қолданылды.

Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізі.

Зерттеу жұмысын жазу барысында қазақ әдебиеттану және фольклортану ғылымында маңызды ғылыми зерттеулер жүргізген отандық ғалымдардың теориялық тұжырымдары мен ғылыми ізденістері басшылыққа алынды. Соның ішінде атап айтсақ, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхаммедұлы, Ә.Бөкейханов, Ш.Уәлиханов, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, Б.Кенжебаев, С.Мұқанов, Ә.Қоңыратбаев, З.Ахметов, Р.Бердібаев, С.Қасқабасов, Ш.Ыбраев, Б.Әзібаева, А.Сейдімбек, К.І.Матыжанов, М.Мағауин, Б.Рақымов, З.Сейітжанұлы, Т.Әлбеков, Т.Тебегенов, С.Сәкенов сынды т.б. ғалымдардың теориялық ой-пікірлері мен негізгі тұжырымдамалары пайдаланылды. Сонымен қатар тақырыбымызға қатысты шетелдік зерттеушілердің еңбектеріне назар аударылып, Н.А.Веселовский, В.М.Жирмунский, В.Я.Пропп, Б.Н.Путилов, Е.М.Мелетинский, Р.Г.Кузеев, К.Райхл, Су Бихай, С.Аттокуров, С.Зәкиров, М.Әхмәтжанов, М.З.Закиев, Ш.Марджани зерттеулері зерделенді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Қазақ шежіре жырларының шығу тегі мен дамуын жан-жақты саралап, өзге халықтардың шежіре жырларымен салыстырып, жанрлық сипатын анықтау және поэтикалық ерекшеліктерінің

алғаш рет арнайы ғылыми-зерттеу нысанына айналуы – тақырыптың өзектілігін көрсетеді.

Осы реттегі зерттеудің басты ғылыми жаңалықтары:

- бұл еңбек қазақ шежіре жырлары тақырыбында алғаш зерттеу жұмысы болып табылады;
- тұңғыш рет қазақ шежіре жырларының дамуы мен қалыптасуы, зерттелуінің тарихнамасы жан-жақты зерделенді;
- шежіре жырлар тарихи жырлардың бір түрі екендігі ғылыми түрде тұжырымдалып, «шежіре жырлар» термині енгізілді;
- зерттеуге қатысты бірнеше мәтіндер (қазақ, қырғыз тіліндегі) алғаш рет ғылыми айналымға енгізілді;
- қазақ шежіре жырларының басқа ауыз әдебиеті үлгілерімен өзара байланысы айқындалып, жан-жақты пайымдалды;
- шежіре жырлардың мазмұны мен пішіні ерекшеліктері жүйеленіп, алғаш рет әдеби сипаты айқындалды;
- түркі халықтарындағы шежіре тарқату дәстүріне назар аударылып, жаңаша пайымдаулар жасалды;
- халық ақындары шығармаларындағы шежіре жырдың алатын орны анықталды.
- алғаш рет зерттеу нысанына айналғандығын ескере отырып, шежіре жырлардың поэтикасына өзіндік түйіндеулер мен тұжырымдар ұсынылды.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы мен практикалық мәні.

Диссертациялық жұмыста отандық ғалымдардың қазақ шежірелері туралы жасаған тұжырымдары сараланып, басшылыққа алынды. Қазақ шежіре жырларының жанрлық ерекшеліктерімен қатар, басқа Орта Азия халықтарындағы шежіре тарқату дәстүрі айқындалып, талданып, сарапқа салынды. Жұмыс нәтижелерін жоғары оқу орындары студенттеріне арналған филология саласы бойынша арнайы курстар мен семинар сабақтар жүргізгенде кеңінен пайдалануға болады. Сондай-ақ, зерттеу нәтижелерін фольклортанушыларға, жоғары оқу орындарының оқытушыларына, студенттері мен магистранттарға қажетті теориялық, практикалық көмекші құрал ретінде ұсынуға болады. Ауыз әдебиеті саласын зерттеушілер үшін бұл еңбектің бағыт берерлік, ой саларлық үлесі болмақ.

Зерттеу жұмысының жариялануы мен мақұлдануы.

Диссертациялық жұмыс ҚР ҒжЖБМ ҒК М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультеті қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасының кеңейтілген Ғылыми кеңесінің мәжілісінде талқыланып (2022 жылдың 20 желтоқсанында № 9 хаттама), қорғауға ұсынылды.

Зерттеу жұмыстың негізгі мазмұны мен нәтижелері.

Зерттеу бойынша 7 мақала жарияланды. Соның ішінде 1 ғылыми мақала Scopus мәліметтер базасына кіретін шетелдік басылымда, 3 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және Ғылым

саласындағы бақылау комитетінің нұсқауындағы филологиялық басылымдарда, 3 халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда жарияланды.

1. Türk Halklarının Şecerecilik Geleneği ya da Millî Bellek // Saltakova Zhanat, Mehmet Naci Onal, Albekov Toktar Kesimuly. – Millî Folklor, 130 (Yaz, 2021): 21-30. https://www.millifolklor.com/PdfViewer.aspx?Sayi=130&Sayfa=23. Q – 3, процентиль – 50.

2. The historicity of kazakh genealogy storytelling (zhyr). – ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – №3 (175). – Б. 38-45. (М.Н.Оналмен бірге). https://doi.org/10.26577/EJPh-2019-3-ph6

3. Қазақ шежіре жырларының зерттелу тарихы // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. Халықаралық ғылыми журнал. – 2020. – №9. – Б.274-278. (Т.Әлбековпен бірге).

4. Қазақ эпостарының шежірелік сипаты. – Керуен. – 2022. – №2, 75-том. – Б.184-193. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.2-15

5. Казахские родословные поэмы-предания – источник воспитания // Материалы II Международного научного форума «Сетевое востоковедение: устные и письменные традиции в контексте межкультурного взаимодействия». Калмыцкий государственный университет им.Б.Б.Городовикова. 29 ноября – 2 декабря. – Элиста, 2018. – С. 324-326 (РИНЦ).

6. Шежіре тарату – дәстүр жалғастығы (Б.Жайлаубаев шежіресі) // «Бабалар сөзі – рухани жаңғырудың қайнар көзі» атты Халықаралық симпозиумның жинағы (Қазақстан Республикасы, Түркия Республикасы, Германия Федеративтік Республикасы, Корея Республикасы, Қырғыз Республикасы, Өзбекстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы). 16-17 мамыр, 2019. – Б. 261-264.

7. Қазақ шежіре жырларының қолжазба нұсқалары // «Молда Мұсаның әдеби мұрасы және Сирек қордағы ұлттық құндылықтар» атты халықаралық конференцияның материалдар жинағы. – 28 қазан, 2019. – Б. 181-187.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Жұмыстың жалпы көлемі – 133 бет.

1 ШЕЖІРЕ ЖЫРЛАРДЫҢ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕЛУІ

1.1 Шежіре жырлардың зерттелуі

Шежірелер – халықтың, ұлттың тарихының, ауыз әдебиеті мен рухани құндылықтарының маңызды қайнар көзінің бірі. Және де ұлттың қалыптасу, өсу және өркендеу кезеңдерінде бірге дамып отырған әдеби әрі тарихи мұралар. Бірқатар ғалымдар, шежіретанушылар «шежіре» сөзінің түп-төркінінде арабтың «шажара» – «бұтақ», «тармақ» деген сөзінен пайда болғанын жазса [4, б.493-494], «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты энциклопедияда «шежіре» терминіне төмендегідей түсінік береді: «Шежіре – дәстүрлі қазақы ортада рудың, тайпаның және этностың пайда болу үдерісін образды тілмен тарататын ежелден орныққан ауызша тарихнамалық дәстүр. Көшпелі тіршілік кешкен басқа түркі және монғол халықтарында да кең тараған бұл дәстүрді фольклорлық мәдениеттің ерекше арнасы ретінде қарастыруға болады. Өйткені, фольклорлық туындыларға тән сюжеттің өрбітілу үрдісінің шарттылығы, формульдылығы, вариативтілігі, ахуалдылығы, циклдігі сияқты ерекшеліктер шежіренің де поэтикасының (архитектоникасының) жанрлық қасиеттері болып табылады» [5, б. 662-663].

Ал, ғалым А.Сейдімбек аталған терминнің көне түркі сөзі екенін дәлелеуге тырысады: «Байырғы түркі тіліндегі «иад» сөзі бүгінгі қазақ тіліндегі «жад» сөзімен мағыналас. Жад – есте сақталған, естелік деген мағына беретін сөз. Сондай-ақ, байырғы түркі тіліндегі «иатла» сөзі де қазақтың «жадыла» сөзімен мәндес-мағыналас» деп жазады. Автор сонымен қатар «шежіре» сөзінің шығу төркінін басқа да түркі тілдерінен іздеп, төмендегідей мысалдар келтіреді: «Тыба (туба) тілінде «шээжилээр» тұлғасындағы сөз «жаттап алу», «жатқа білу» деген мағына береді. Монғол тілінде «цээжээр» деген сөз «жатқа білу», «жаттап алу» мағынасында қолданылады. Қалмақ тілінде де «чееджер даск» деген сөз «жатқа білу», «жаттап алу» мағынасында қолданылады. Башқұр тілінде «шәжәрә» деген сөз «жатқа айту», «жадындағы сөз» деген мағына беріп, оның өзі ұрпақ сабақтастығын айғақтайтын дерекке қатысты (родословие) қолданылады. Яғни, қазақ тіліндегі «жад» сөзінен туындаған «шежіре» сөзіне арабтың «шәджара» деген сөзінің ешқандай қатысы жоқ деп есептейміз» [6, б.13]. Шежіренің шынайы өмір талабынан туындаған шығармашылық екенін ескеріп, түпкі мағынасы «жад» сөзінің семантикалық мәнінен пайда болғанын құптай отырып, «шежіре» сөзінің арабтың «шәджара» сөзіне қатысы жоқ деген ғалымның пікірі орынды.

Дүниежүзілік мәдениетте жылнамаларды, шежірелерді кітап түрінде басып шығарып, оны болашақ ұрпаққа көшіріп жеткізетін тұрақты дәстүр болған. Атап айтсақ, шығыс елдерінде көптомдық қолжазба жылнамаларды (шежірелерді) көшірушілерді «хуснихатшылар» (көркем жазумен айналысатын көшірушілер яғни каллиграфистер) деп атаған. Словян халықтарында патшалар мен князьдардың, ақсүйек отбасылардың шежірелері (летопись) ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып отырған [7-13].

Шетелдік ғылыми басылымдарда қазақтың жүздік, рулық құрылымдары туралы баяндалған, ой-тұжырымдар айтылған еңбектерді де кездестіруге болады. Мәселен, 1938 жылы жарыққа шыққан Альфред Ходсонның кітабында қазақ халқының ұлттық құрылымы туралы айтылса [14], Лорен Крэйдердің 1963 жылы жарық көрген зерттеу еңбегінде түрік-моңғол халықтарының бірі ретінде назарға алынады [15].

Ғалым Жан Вансина ауызекі айтылатын шежірелік дәстүрді жүйеге түсіру мәселесін көтеріп, өзінің ғылыми-тәжірибелік әдіс-тәсілдерімен бөліседі [16]. Ол ауызша тарату дәстүрін әлеуметтік-мәдени үрдіс ретінде қарастырып, оның тарихи-деректік қызметіне айрықша көңіл бөледі. Шежіренің қалыптасу, даму, ауызша таралу жолдарына, мәтіндік ерекшеліктеріне, ауызша тарих ретіндегі маңызына жан-жақты тоқталады. Қытайлық зерттеуші Су Бихай еңбектерінде қазақтың біртұтас тарихы мен мәдениетін зерделеуге ұмтылыс жасаған. Оның «Қазақ мәдениетінің тарихы» атты еңбегінде қазақтың шежіре тарату дәстүріне кеңінен талдаулар жүргізілген [17].

Түптамырын түркі жазба ескерткіштерінен алатын шежірелер ауыздан ауызға таралып келген. Қазақ Ордасы құрылған кезеңнен бастап, оған айрықша назар аударыла бастады. Қазақ халқын құраған ру-тайпалардың шежірелері жинастырылып, хатқа түсірілді. Хандар Атыраудан Алтайға дейінгі аумақты жайлап жатқан халықты сол шежірелердің негізінде, ел танығ тарихи тұлғалар арқылы биледі. Көшпелі өмір салтын ұстанып келген халық басынан кешкен тарихын, мәдениеті мен әдебиетін, салт-санасын, дәстүрін, әдет-ғұрпын, шежіресін ұрпақтан ұрпаққа ауызша жеткізіп отырды.

Кеңестік дәуірде руға, жүзге бөліну ұлтшылдық ретінде танылып, оның таралуына шектеулер қойылғанымен, елдің шежіреге деген ықылас-ниетін, қызығушылығын тоқтата алмады. Халық арасындағы шежірешілер, көнекөз қариялар, ауыл ақсақалдары шежіре жинаудан қол үзбеді. Қазақтардың басым көпшілігі ауылдық жерлерде қоныстанғандықтан, негізінен ауылдарды, аудандарды, тіпті облыс аумағын бір рудың, тайпаның өкілдері біртұтас мекендеп отырды. Сондықтан іздестіру, жинау мәселесінде айтарлықтай қиындықтар туындаған жоқ. Кейін жиналған материалдар жүйеге түсіріліп, нәтижесінде рулық, тайпалық бірлестік, жүзге, қазаққа, алашқа, түркі атаулыға ортақ, тіпті әлем халықтарының шежіресі жасақталып, қолжазба шежірелер дайындалды. Олардың көшірмелері жасалып, кей үлгілері еліміздің сирек кездесетін мұралар қорларына тапсырылып отырды. Қазіргі таңда М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Орталық ғылыми кітапхананың қорларында сақталып қалған аса мол шежірелік мұраның дені сол кеңестік кезеңде жинақталған [18, б.184-192].

Шежірені тарихи-деректанулық тұрғыдан зерттеген ғалым М.Алпысбес шежіре жинау дәстүрін шартты түрде үш кезеңге бөліп қарастырады:

«1. XV ғасырдың екінші жартысы. Мұхаммед Қайдар Дулат (1499–1551), Қадырғали Жалайыри шежірелері мен Әбілғазы Баһадүр ханның (1603–1664) «Түркі шежіресі»;

2. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басы: М.Ж.Көпейұлы (1858–1931), Қ.Халид (1846 –1913), Ш.Құдайбердіұлы (1858–1931), Н.Наушабай (1858–1919) мұралары. Мысалы, Мәшһүр Жүсіптің шежіре қолжазбасы ескі уақыттан бастап XX ғасырдың бірінші ширегіне дейін болған оқиғаларды баяндайды. Шәкәрімнің шежіресі де солай.

3. XX ғасырда шежіре жасаушылардың топтамалары.

Шежірелердің құрамында ежелгі тарихи дәуір мәліметтерін көрсететін шежіре жырлар мен аңыздар мол сақталған. Кейбір шежірелердің мәліметтері көне дәуірлерде бастау алғанымен, негізгі бөлігі қазақ хандығынан бергі кезеңдерді қамтиды. Алтын Орда мемлекеті күйрегеннен кейінгі уақыт пен қазақ жүздерінің қалыптасу дәуіріндегі ру-тайпаларының құралу принциптерін айғақтайтын тарихи-генеалогиялық жүйе сипатталады» [19, б.8]

Халық өзі бастан кешкен тарихи оқиғаларды қашан да жадында сақтап, оларды аңыз-әңгімеге, өлең-жырға, эпикалық туындыларға айналдырып, кейінгі ұрпаққа жеткізіп отырғаны белгілі. Шоқан Уәлиханов қазақтың шежірелік мұрасын тұтас мәдениет деп атауы да сондықтан болса керек. Ғалым «Қазақ шежіресі» мақаласында шежіре туралы, әсіресе әдеби үлгілеріне қатысты алғашқы ғылыми тұжырымдар жасады. «Бұл дастан-шежіренің барлығы – ішіндегі айтылып отырған оқиға, мақал-мәтелі, халық әдеті қазақ халқының өткен тарихи және рухани өмірін суреттейді, қазақ тарихын жазу, оның шығу тарихын анықтау үшін таптырмайтын тарихи дерек», – деп белгілі орыс саяхатшысы, этнограф Г.Потаниннің еңбектерінде жарияланып келген зерттеуінде атап көрсетеді [2, б.165].

Қазақтың ауызша тарихына, шежіресіне Абай Құнанбаев мен Шоқан Уәлихановтың ерекше назар аударғанын еңбектерінен аңғаруға болады. Олар өмір сүрген дәуірде ауыздан-ауызға, жадтан-жадқа жеткен ауыз әдебиеті үлгілерінің де, жеткізуші жыршы, жырау, шежірешілердің де орны айрықша болған. Атап айтсақ, Абай еңбектерінде қазақтың шығу тегіне байланысты тарихи деректер мол сақталған. «Қазақтың түпкі атасы» ретінде аталатын Гакаша туралы Шоқан: «Орта Азия мұсылмандарының ықпалымен шыққан аңыз, (оған қарағанда) Орта жүздің рубасы, үйсіннің атасы, тіпті бүкіл қазақ халқы пайғамбардың бір сахабасынан тараған», – деп жазса [2, б.172], Абай бұл аңызға мынадай сыни пікір білдіреді: «Әуелде Көр ханды өлтіріп, ұйғыр жұртын алыпты, онан соң Азияның тереңіне шейін еніп барса керек. Қазақта мақал ретінде қолданылатын «жылан жылы жылыс болды, жылқы жылы ұрыс болды, қой жылы зеңгер тоғыс болды» деген сөз, «Самарқанның сар жолы, Бұланайдың тар жолы» дегені – бәрі Шыңғыстың сапарын көрсеткен сөз. «Бұланай» деп Гималайды айтқаны ма, Үндукеш тауы ма, әйтеуір бір тауды айтқан сөз екендігі «Бұланайдан үлкен тау болмас, бұланнан үлкен аң болмас» деген мақалынан мағлұм» [20, б.137].

Негізінен, XIX ғасырдың бас кезінен бері хатқа түсіріліп, жаппай жиналған шежірелер ұлттық сипат алды деуге болады. Бұрын ру шежіресі деңгейінде дәріптеліп келсе, енді ұлттың тарихы, қастерлі мұрасы ретінде жинақталды. Әсіресе, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп пен Құрбанғали Халид топтастырған

шежірелер аса қомақты және ұлттық құндылық тұрғысынан маңызды еңбектер қатарына енді. Оларда қазақ халқын жасақтаған ру-тайпалардың құрылымы барынша толық қамтылып, ауызша тарихтың іргетасы қаланды.

XX ғасырдың басында шежіреге ден қойып, зерттеу жүргізген алаш зиялылары қатарында М.Тынышпаев, С.Асфендияров, Ә.Қоңыратбаев, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхаммедұлы, Ә.Бөкейханов сынды азаматтар болды. Бұл ғалымдар шежірені фольклортану, әдебиеттану, тілтану, деректану, этнография тұрғысынан жан-жақты қарастырды.

Фольклортану саласындағы алғашқы іргелі ғылыми еңбектің бірі – Х.Досмұхамедұлының 1928 жылы Ташкентте қазақ тілінде басылым көрген «Қазақ халық әдебиеті» атты қысқаша ғылыми очеркі. Ғалым ауыз әдебиеті үлгілерін жанрларға жүйелеп, олардың өзіндік ерекшеліктеріне айрықша мән берген. Қырық алты баптан құралған жанрлардың он төртінші бабын «Аңыз», он бесінші бабын «Шежіре» деп атаған. Шежіре жанрын жеке адам шежіресі, ру шежіресі, ата шежіресі, хан шежіресі сияқты ішкі жанрлық түрлерге бөліп, ғылыми жүйелеген. Халық ауыз әдебиеті туралы жасаған тағы бір баяндамасында: «Рулар мен жекелеген тұлғалар туралы аңыздар халық әдебиетінің «шежіре» аталатын үлкен бір бөліміне кіріспе қызметін атқара алады. Әрбір қазақ өз руын, атасын 7-10 буынға дейін таратып айтып бере алады. Ақсақалдардың ішіндегі ерекше зеректері көптеген рулардың, тіптен бір жүздің немесе үш жүздің, басқа да туыстас түрік жұрттарының шежіресін тарқата алады. Дәл осындай хандар шежіресі де бар. Өлеңмен жазылған, поэма түріндегі шежірелер де ұшырасады», – деп алғаш рет шежіре жырлар туралы пікір білдірді. Ғалым екі мәселеге де айрықша назар аударады: біріншісі – шежірені халық әдебиетінің бір бөлімі ретінде қарастыруы болса, екіншісі – поэзия түріндегі шежіренің бар екенін зерделейді [21, б.34].

Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде шежірені қара сөздің бір түрі – «әуезе» тобына жатқызады: «Шежіре – өткеннен дерек беретін сөздің бір түрі. Шежіреде уақиғадан гөрі өткендердің түс, туысы көп айтылады. Сондықтан шежіре уақиға сарынымен емес, уақыт, туыс сарынымен айтылатын әуезе тобына жатады. Шежіре болған уақиға жайынан сөйлесе, себебін, мәнісін айтпай, тек маңызды түрде айтса, екінші жерде сұйылтып, ұсақ-түйекті сөз қылады. Бір жерінде рас болған оқиғаны суреттесе, екінші жерде тек жұрт аузындағы әуезе болған өтірік-шынды әңгімелерді сөйлеп кетеді» [22, б.135], – дей келіп, шежіренің өзіне тән ғылыми белгілерін ашып, сипатын айқындап, әуезе жанрының бір түрі ретінде қарастырады.

1918 жылы «Абай» журналында алашордашы, сыншы, журналист Маннан Тұрғанбайдың «Шежіре» атты зерттеу мақаласы жарияланды. Сөз соңында: «Өзімізді қатарлы ұлттан санап, ұлт мектептерін ашып, ұлт шежіресін керексіз қылсақ, үлкен ұят», – деп жазады. Мақалада қазақтың ұлттық жадын жетілдіріп, сол арқылы ұлттың санасын ояту көздегені аңғарылады. Ол: «Шежіре деген кітапты бұл күнге дейін ата-бабалардың аттарын тізіп жазған кітап деп ұғынып келдік. Шежіреге жүйрік деген кісілерді сұрастыра бастасаң, ата-бабалардың аттарын жаттаған кісі, шежіре кітабы да әлгі кісілердің аттарын тізіп жазған қағаз

болып шығатын еді. Енді бұдан былай кісі аттарын тізіп жазған кітапты шежіре демей, лайықты мағынада жазылған кітапты шежіре деп ұғынуымыз тиіс. «Шежіре» деп бұрынғы кісілердің хал-жайын, тіршілік-тұрмысын айтып, тіршілігін сөйлеген ғылымды айтады», – деп, шежіренің маңызына тереңірек мән беруге тырысады [23].

Алаш көсемі Ә.Бөкейхановтың «Родовые схемы Каркаралинского уезда» аталған еңбегінде үш жүздің ру-тайпалары жан-жақты таратылады [24, б. 618]. Ал М.Тынышпаевтың «Қазақ халқының тарихына қатысты материалдар» деген іргелі ғылыми еңбегі 1925 жылы Тәшкенде басылым көрген [25]. Ғалымның осы еңбегінде ұзақ уақыт бойы жинаған шежірелері, тарихи деректері мен құжаттық мәліметтері жинақталды. Зерттеуде қазақ ру-тайпаларының шығу тегі, қалыптасуы мен таралу кеңістігі терең зерделеніп, халық санына байланысты мәліметтер қамтылады. Бұл еңбектің сапалы жазылуына А.Харузин, Н.Аристов, В.Бартольд сияқты Ресейдің шығыстанушы ғалымдарының таңдаулы зерттеулері септігін тигізгені айқын аңғарылады.

Аталған еңбектерде шежіренің екі қыры туралы баса айтылады. Оның алғашқысы – рулар шежіресі, оның жер мәселесімен байланысы, хандар мен сұлтандардың ата-тек мәселелері. Екінші қыры – шежіренің тарихи мән-мазмұны туралы. Халықтың өткен тарихына қызығып, шежіренің толық жиналуына ықылас қойған ғалым Ә.Бөкейханов: «...қазақтың молласы болсын, қарасы болсын, шежіре білуге, бұрынғы өткеннің тарихын естуге әуес халық. ...қария адамдар қазақтың әсілін білуге әркімнен сұрайды», – деп жазды [26]. Оның төрелер шежіресіне қатысты жинаған деректері, әсіресе «Қарқаралы уезінің рулық кестелері», «Кенесары сұлтанның тарихына қатысты материалдар», «Адай уезінің қазақтары» секілді еңбектері мен Едіге, Бекет батыр, Ер Тарғын туралы әдеби-фольклорлық зерттеулері әлі күнге өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Кеңестік жүйе үстемдік еткен жетпіс жылда қазақ халқы өзінің шыққан тегі мен руын танып білуді ескіліктің қалдығы деп санады. Әйтсе де жеті атасын жатқа айтатын қазақ халқының рухани болмысын толық жоя алмады. Ғасырдан ғасырға ауысып, жалғасып келе жатқан ұлттық сана мен тарихи жад оның ұлт ретінде жер бетінен жоғалып кетуіне жол бермеді. «Кез келген қазақ жеті атасын айтып берсе, ешқандай паспорттық дерек мағлұматтарға сүйенбей-ақ, оның қай ел, қай жерден шыққанын шежіре білген саңылауы бар қазақ баласы дөп басып тауып бере береді» [27]. Сондықтан да тілі шыға бастаған балаға өз руының, әкесінің атын айтқызып үйретететін дәстүр бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келеді. Әсіресе «жеті атаға дейін қыз алыспау» сияқты Дала заңының арқасында қазақтың ұлттық болмысы, психологиялық және генетикалық әлеуеті бұзылмады деуге болады. Қазақ қоғамының әр даму кезеңдерінде бұған айрықша мән беріліп, жіті қадағаланды.

Жазушы С.Мұқанов XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ поэзиясындағы шежіремен жыр жазу үрдісінің өзіндік дамуы туралы сөз етеді. Ол Ш.Уәлихановтың, А.Құнанбаевтың, М.Ж.Көпеевтің, С.Сейфуллиннің, С.Асфендияровтың еңбектерінің қазақ ұлттық тарихын ғылыми түрде жүйелеуге негіз болғаны туралы пікір айтады. Ақын Нұржан Наушабаевтың жырмен

жазылып, 1903 жылы Қазан қаласында кітап болып басылған шежіресінің көркемдік шеберлігіне баға бере отырып, бұл дәстүрдің жалғасуы дей келе: «...дарынды ақынның бұл шежіресі де шебер тілмен жазылған. Нұржанға еліктеп шежірені өлеңмен жазатындар көбейген. Ондайлардың ішінде тәуірлері де, нашарлары да аз емес», – деп жазады ол «Халық мұрасы» атты еңбегінде [28, б.51].

Ғалым Б.Кенжебаевтың қазақ шежірелері туралы жазған ғылыми-әдіснамалық ой-тұжырымдарын негізге алуға болады. Профессордың: «XIX-XX ғ.ғ. қазақ әдебиетінің тарихында дәстүрлі шежірелік шығармалар қара сөзбен де, өлеңмен де жазылды. Ұлы Абайдың «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы», Шәкәрімнің «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі», М.Ж.Көпейұлының «Қазақ шежіресі», Қ.Халидтің «Тауарих хамса», Ш.Уәлихановтың «Қазақ шежіресі», «Ұлы жүз туралы» т.б. туындылар қазақ тарихын баяндайтын шығармалар. Аталған шығармалардың барлығы шежірелік шығармалар қатарынан орын алады. Өйткені, бұл шежірелердің құрылымы тарихи прозаға тән авторлық бағалаулармен баяндалады» [29, б.53], деген ғылыми-әдіснамалық тұжырымдарына сүйене отырып, шежірелік шығармаларды қазақ әдебиетіндегі өзіндік орны бар жанр ретінде танимыз.

Жазушы М.Мағауин «Қазақ тарихының әліппесі» атты кітабында: «... Әуел баста Жүз – толық мәніндегі ұлыс емес, бір замандағы рулар бірлестігінің көлеңке-көрінісі ғана болған. Қазақ жүздерінің ұлыс ретінде іргеленуі – Тәуке заманынан бастап өріс алса керек. Кейін хан билігі кеткен заманда туыстықты білдіретін тұрақты ұғымға айналған», – деп «жүз» ұғымына түсінік береді. [30, б.86].

Тәуелсіздік жылдарында қазақ шежірелерін жинау, жариялау жұмыстарын жедел түрде қолға алып, құлшына кіріскен филология ғылымдарының докторы, этнограф Ақселеу Сейдімбек еді. Ол 1997 – 2002 жылдар аралығында «Қазақтың төр шежіресі» деп аталатын бір беттік плакат шығаруды қолға алған. Алып бәйтерек үлгісінде салынған, түп-тамыры сақ, скиф, түркі, қазақ боп басталатын қазақ ру-тайпаларының бес-алты мыңдай атауы берілген, ұлттың біртұтас, бір тамырдан, бір діңнен өрбитіндігін көрсететін көрнекті плакат сол кезеңде өмір сүрген көп қазақтың төрінде ілініп тұрды. Шежіре-плакаттың бір бұрышында автордың мекенжайы мен қысқаша түсініктемесі көрсетілген. Осы плакат арқылы ғалым А.Сейдімбек өзінің мәліметі бойынша мыңға тарта шежіре жинаған. «Шежіре-плакатқа деген халықтың сұранысы айрықша болды. Кешікпей-ақ менің атыма жолданған шежірелік еңбектер Қазақстанның түкпір-түкпірінен жаңбырдай жауды. Аз уақыт ішінде мыңға тарта шежіре нұсқалары жиналды. Олардың ішінде нақтылы әулет-ата шежіресінен бастап, ру-тайпаның, жүздің, тіптен тұтас ұлттың тарихы мен этноқұрылымын зерделеген еңбектер де бар еді», – деп жазады [6, б.728]. Ақселеу Сейдімбектің қазақ этнографиясы, шежіресі туралы жазған еңбектері, әсіресе, «Қазақтың ауызша тарихы» атты көлемді зерттеуі қазақ ғылымына жаңаша серпін берді. Аталған еңбек ғылыми ортадан қолдау тауып, онда айтылған мәселелер әлі күнге дейін маңыздылығын жойған жоқ. «Қазақтың туысқандық жүйесі», «Шежіре және тарих», «Шежірелік

айғақтар», «Қазақ болмысы», «Қазақтың қария сөздері» атты тараулары арқылы ғалым қазақ шежіресін жан-жақты этнографиялық, деректанулық, археологиялық, семиотикалық тұрғыда саралап, шежірені концепция (тұжырым) ретінде зерделеді.

Әдебиеттанушы ғалым Темірхан Тебегенов «Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі» атты монографиясында «шежірелік жырлар» терминіне тоқталады: «Шежірелік жырлар – қазақ поэзиясындағы ақындық дәстүр тарихымен сабақтас қаралатын жанр. Қазақ халқының көп ғасыр қалыптасу жолының ақындық өнер шығармалары арқылы жырлануы – табиғи құбылыс. Шежірелер – халықтың арасындағы ауызша әңгімелеу арқылы таралатын ататектік-әулеттік туысқандық байланыстар жүйесі. Ұрпақтар жалғастығын саралап, жіктеп, тарихи нақты деректер тілімен баяндайтын шежірелер – замандар бойы белгілі бір халықтың төл тарихына негіз болып келген аса құнды мұралар. Бұл орайда біз түрік халықтарының және қазақ халқының тарихына арналған шежірелік мұраларды еске аламыз», – дей келе, халық ақындары шежіре жырларының психологиялық мазмұны ғұмырнамалық-өмірбаяндық өлеңдерімен ұқсас екеніне тоқталады [31, б.86]. Және де әлем әдебиетіндегі шежірелік шығармалардың эстетикалық мәні олардың халықтардың ата-бабалық, ататектік негіздерін тануына жол ашатынын айтып өтеді. Ғалымның зерттеуінше, поэзия тілімен жырланған шежірелерден тыңдаушы немесе оқырман эстетикалық әсер ала отырып, сол шығарманың ішіне енгендей күй кешеді. Халқымыздың эстетикалық танымын танытатын тарихи тақырыптағы шежірелерді көркем туынды ретінде жырлауға ақындар ерекше мән бергенін атап айтады. Зерттеуші Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейханов, Ә.Марғұлан, С.Асфендияров, С.Мұқанов, М.Мағауиннің шежіре туралы зерттеулеріне тоқтала келіп, шежіре жырлардың композициялық құрылысындағы ортақ сипаттарды саралайды. Шежіре жырлардың халық ақындары шығармашылығындағы орнына тоқтала келіп, оның тілі, көркемдігі туралы тұжырымдар жасауға тырысады. Сонымен қатар ғалым 2018 жылы өзі шыққан руы туралы «Кете-Байсары: ататек тарихы және ұрпақтар жалғастығы» атты көлемді кітап құрастырып, жарыққа шығарған. Кітапқа Кете-Байсары руының тарихы, кесте шежірелерімен қатар, ақын Әлиакбар Жұматаевтың (1910 – 1987) «Шежіре», «Кетенің кемеңгерлері», Ибрагим Бекмаханұлының «Кете-Байсары ұрпақтарына арналған арнау өлеңдері» енген. [32, б. 480].

Қазақстанның барлық аймақтарында шежірелерді жинау, жариялау, тұтас бір рудың, тайпаның, бірлестіктің шежіресін жинақ ретінде баспадан шығару жұмыстары еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін қарқынды жүргізілді. Халқымыздың ұлттық тарихына тың деректер қосқан шежірелік мұраларымыз бүгінгі ұрпақ пен болашақ ұрпақ үшін алтын қазына екені сөзсіз. Атап айтсақ, ғалым Ж.Бейсенбайұлының «Ана тілі» газеті арқылы қазақ даласының барлық өңірлеріне үш жыл бойы сұрау салуы нәтижесінде жинақталып жазылып, бұрынғы-соңғы нұсқалардың бәрінен де ең толымдысы ретінде бағалаған «Қазақ шежіресі» (1994) жарық көрді. [33, б. 19-20].

«Алаш» тарихи-зерттеу орталығының басқаруымен 2005 жылдан бастап «Қазақ ру-тайпаларының тарихы» атты көптомдық басыла бастады. Қазірде көптомдықтың 40 томы жарық көрген. Жүз томды құрайды деп жоспарланған бұл сериянның мақсаты – жекелеген рулардың шежіресін ғана емес, қазақ халқының ғылыми тарихын зерделеп, көпшілікке таныту. Кітаптар жекелеген руларға, тайпаларға арналып, тарихи суреттермен, карта-схемалармен, ғылыми аппарат, көрсеткіштермен қамтылған [34]. Бұл көптомдық – қазақ шежіресін деректанулық, тарихи тұрғыдан зерттеушілерге арналған ғылыми басылым.

Ғалым Б.Рақымов «Тарихи эпос табиғаты» атты монографиясында тарихи жырлардағы шежірелік арқауларға тоқталады. «Эпостағы тарихилық жағынан талдауға да шежіренің таразыдағы басы салмақтырақ. Бұнда ұлттық, ұлтжанды өнерді жасаушылардың шеберлігі көрінеді. Дәуірлік шоғырланған эпостағы шежірелердің ішінде тарихи жырлар мен шежіреде сәйкестік (конгенальность) бар, мұнда бұрынғы эпостағыдай қырық құрау кездейсоқ қосынды (конгломерат) жоқ» дей келе, қазақ эпосындағы шежірелей жырлау дәстүріне тоқталады. Ғалым қазақ эпостарындағы шежірелік арқауларды жинақтап, даралай қарастырғанда, халықтың генетикалық өсіп-өркендеуін таразылауға болады деп тұжырымдайды [35, б.48]. Сонымен қатар, филология ғылымдарының докторы Берік Серікбайұлының ауыз әдебиеті үлгілері, шежіре жырларды ел арасынан жинап, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорына тапсырудағы еңбегі өте зор. 1990-2000 жылдар аралығында Е.Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университетінің қазақ әдебиеті кафедрасы студенттерінің фольклорлық практика кезінде жинаған материалдары қазіргі кезде ғылыми айналымға еніп, ел игілігіне айналуда.

Сонымен қатар, қазақ шежіресін тарихи-деректанулық және әдебиеттану ғылымы тұрғысынан зерттеген қазақ ғалымдары да жетерлік. Атап айтсақ: М.Алпысбес, Р.Айтбаева, Г.Жүгенбаева, Б.Тоекина, Ж.Шәкен, Ә.Балапанова, Л.Жүсіпова, А.Нұрманова, А.Сәрсенбаев, т.б. Филология ғылымдарының кандидаты Ж.Шекеннің «Монғолдың құпия шежіресінің фолькорлық, әдеби негіздері» атты зерттеуінде аталған шежіредегі фольклорлық материалдардыі қамтылуы, олардың түркі халықтарының, әсіресе, қазақ фольклорымен типологиялық ұқсастығын салыстыра зерттеп, композициялық, сюжеттік ортақтастықтар мен өзгешеліктердің себептерін түсіндіріп, заңдылықтарын саралайды. Түркі-монғол фольклоры мен әдебиетіндегі шешендік және жыраулық дәстүр «Моңғолдың құпия шежіресінде» қолданғанын мысалдар келтіре отырып дәлелдейді. Ғалым «Шежіренің» Шыңғыс ханның ата тегінен бастап, кейінгі ұрпақтарына дейінгі аралықты қамтитындығын, эпикалық баяндаулар мен эпос элементтерінің де көрініс табатынын зерделейді [36, б. 28].

Тарих ғылымдарының докторы Г.Жүгенбаева «Қазақ халқының дәстүрлі ауызша тарихы: теориялық-методологиялық негіздері және деректемелік орны» атты тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясының авторефератында қазақ халқының дәстүрлі ауызша тарихы – қазіргі қоғамның ерекше ықыласын аударып отырған тарихи-мәдени мұраның аса маңызды тірегі, отандық тарих ғылымындағы шешімін күткен мәселелердің

көкейкестісі, деректанудың зерттеу нысаны ретінде қарастырады. Зерттеуде ғалым дәстүрлі қазақ қоғамындағы ауызша руханияттың әр алуан қызметін саралайды, әдеби мұралардың арасынан дәстүрлі ауызша тарих түрлерін анықтап, оларға сипаттама береді. Тарихи фольклор, ауыз әдебиеті мен шежірелерді тарихи дереккөз ретінде қарастырып, сыныптау үлгісін жасайды. Сонымен қатар, қазақтың ауызша тарихы ұлттық тарихнаманың қалыптасуындағы маңызын көрсете отырып, оны жаңғыртудың әдістемесін негіздейді [37, б. 56].

Кеңестік дәуірде саясатқа қайшы болғанымен қазақтар арасындағы шежіре тарқату дәстүрі мүмкіндігінше жиналып, рухани мұраларымыздың өзге де түрлері сияқты сабақтастық тауып отырды. Бұл жәдігерлерді өскелең ұрпақ ата-бабалар аманаттап кеткен тұтас бір халықтың тағдыры, өткен замандардың тарихнамасы деп ұққан еді. Қазақ шежірелерінің көптеген нұсқасы Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасында, Орталық Ғылыми кітапханада, Мемлекеттік Орталық мұрағаттарында сақтаулы. Атап айтсақ, Орталық Ғылыми кітапхананың сирек қорында жиырма мың бетке жуық қолжазба болса, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында жеті мың беттей шежіре бар. Алайда кеңестік жүйе ұлт руханиятының насихатталуына, зерттелуіне қарсы болып, отыздан аса бумада жинақталған шежірелер ұзақ уақыт бойы аталған қорларда шаң басып тұрды. Жырмен жазылған шежіре жырлардың басым көпшілігі жарияланбаған. Тәуелсіздік алғаннан кейін ғана, яғни 1991 жылдан бастап тарихи-рухани мұраларымызды жаңғыртуға мүмкіндік туып, шежірелер кең көлемде жарық көре бастады [38]. Шежіре жырлар тұңғыш рет жинақталып, «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы бойынша жарық көрген «Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясында (32, 81, 82 томдар) басылып шықты [39-41].

Шыңжаңдық Қ.Қорғалаңұлы, Т.Жотабайұлы, С.Окманұлы, Қ.Ашубайұлы, К.Ақмолла, Б.Еженбекұлы, Қ.Өкпебайұлы, З.Қалиұлы сияқты шежірешілер жеткізген жырлар, Үрімші қаласындағы «Жастар-өрендер» баспасынан жарық көрген «Қазақ шежіресі» жинағындағы шежіре жыр үлгілері жүзтомдықтың 32-томына енген [39].

Жүзтомдықтың 81-томына Төлтай Меңлібайұлының «Түрік тайпалары мен қазақ үйсіндер», Әлмағамбет Оспанұлының «Қазақ шежіресі (қысқаша)», Жақсылық Төлепұлының «Қазақ шежіресі», белгісіз жыршының «Қазақ шежіресінен өлеңмен жазылған қысқаша мазмұндама», Мұқаш Байбатыровтың «Үш жүздің шежіресі», Файзолла Сатыпалдыұлының «Өлең-шежіре», Кенен Әзірбаевтың «Қазақ шежіресі», Шоңбай Жұбанұлының «Шежіре», Заһидолла Қауменұлының «Шежіре өлең», Бектұрсын Орынбекұлының «Адам әлейһисаламнан бері қарайғы ұрпақ, руларға дейінгі шежіре», Азнабай Әбілмәжіновтың «Жыр-шежіре», авторы белгісіз «Көкжары-Бура», Нұржан Наушабайұлының «Нұржанның шежіресі», Досымбет, Бекберді ақындардың «Өлең-шежіре», «Қаракерей Мұрын Ақшайықтың өлең шежіресі», «Қабыл Қамзаның өлең шежіресі», «Кіші жүз шежіресі» (белгісіз жыршы), Қартбай Қылышевтың «Өлең-шежіре», «Адай шежіресі», Өмірзақ Қалбаевтың «Адайлар

жайында», Қайролла Иманғалиевтің «Қайролланың туыс шежіресі» атты шежіре жырлары қамтылды [40].

Шежіре жырларға арналған 82-томға ӘӨИ-дің және ОҒК-нің қолжазба қорларында сақталған Есенғали Бөкенбаевтің «Атамыз Әнес сахабадан бергі шежіре», Әлімбай Әлиасқаровтың «Қазақ шежіресі», Бұзаубай Жайлаубаевтың «Адам атадан бергі шежіре», Бүркітбай Аязбайұлының «Сары Үйсін шежіресі», Наурызбек жыраудың «Шежіре», Шәді Жәңгіровтің «Дүние жүзіндегі халықтардың тайпа, руларға бөлінуі», Ерік Мейірмановтың «Орта жүз Найман Қарамолда ұрпағы», Сатан Әміреұлының «Шежіре – дастан» және «Майқы (Қазақ) туралы шежіре» жырлары, сондай-ақ «Найманның жеті аталарынан белгілі руларын баян қыламыз» («Дала уалаяты» газеті, 1889 жылғы 28-30 сандарында жарияланған) атты шежіре жырлар топтастырылған. Томдарға енген мәтіндер көптомдықтың қағидаларына сәйкес ғылыми қосымшалармен қамтамасыз етіліп, жыр жолдары реттік санмен нөмірленген. Сонымен қатар, томның ғылыми қосымшалары томға енген мәтіндерге ғылыми түсініктемелер, мәтіндерді жазып алушылар мен жариялаушылар және басылымдар туралы мәліметтер, жер-су атаулары, сөздік, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен діни атаулардың түсініктері, пайдаланылған әдебиеттер тізімін және томның орыс, ағылшын тілдерінде жазылған түйінін құрайды [41].

Көптеген дарынды ақын-жыраулар кестеленген шежірелерді аңыз-әңгімелерге үйлестіріп, көлемді жыр-дастандарға айналдырды. Олардың эпикалық сипат алуы – жадта тез сақталып, ұзақ уақыт есте қалуына, таралу өрісінің кеңеюіне ықпал етті. Бұл үрдіс әр азаматқа елінің өткен тарихын, тілін, дінін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, жалпы рухани болмысын ұмытпауға, ұлттық моралдық-этикалық, құқықтық заңдылықтарды сақтауға мүмкіндік берді. Әсіресе жеті атаға дейін қыз алыспау сияқты тек қазақ халқына тән ұлттық ұстаным ұрпақтан ұрпаққа ұласып, XXI ғасырдағы жаһандану кезеңінің жастарына аманат болып отыр.

Адам санасын тәрбиелеуде, әсіресе бала тәрбиесінде шежіренің рөлі ерекше. Жас ұрпақтың бойында жақсы мінез қалыптастыру үшін шежірешілер әртүрлі амал-тәсілдер қолданған. Ең бастысы, шежірені білу ұстанымының негізінде рулық-тайпалық тұтастықты, ынтымақтастықты, ұлт бірлігін сақтау қағидасы тұрды. Оның қалтқысыз орындалуын ел ақсақалдары, көнекөз қариялар қадағалап отырды.

Әр кезеңде халқымыздың саналы азаматтары, көкірегі ояу қоғам қайраткерлері елдің ататек шежіресін жалғастырып, ауызша тарихты толықтырып, жаңғыртып, кейінгі ұрпақтарға аманат етіп қалдырып отырған. Сондықтан шежіретану ұлттық тәрбиенің әліппесіне айналып, «тегін білмеген – тексіз» атанды. Әр қазақ кем дегенде өз руының шежіресін білуге тиісті болса, ел тізгінін ұстаған адамдар, ауыл ақсақалдары, жыраулар мен билер, шежірешілер рудан бастап ұлттық ауқымда, тіпті жалпы түркілік, мұсылмандық, әлемдік деңгейге дейінгі шежірені тарата алған. Әрбір ру мен тайпаның, бірлестіктің, жүздің жекелеген шежірелері болды. Ауызша тарихты жинап, таратуға бүкіл ғұмырын арнаған шежірешілер бұдан бөлек қазақтың тарихын,

байырғы күнтізбесін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, дала заңдарын терең біліп, оларды іс жүзінде насихаттауда алдыңғы қатарда жүрді. Қажеттілігіне қарай түрлі деңгейдегі шежірелер қағазға түсіріліп, көшірмелері рубасы мен билердің, хандар мен сұлтандардың қолында сақталды. Ақтаудан Алтайға дейін созылып жатқан Ұлы Даланы билеп отырған Қазақ Ордасының хандары ел билігін осы шежірелердің негізінде басқарып келді.

Жалпы алғанда, қазақ шежірелерінің ауқымы VII–XX ғасырлар аралығын қамтиды. Өкінішке орай, сол тарихи жәдігерлердің дені бүгінгі күнге жетпеді. XIX–XX ғасырларда хатқа түсіп, еліміздің сирек қорларында сақталып қалған қолжазба түріндегі шежірелердің сапасы, қамтыған ауқымы біркелкі емес, бірегейлік, тұтастық байқалмайды. Сондықтан оларда түрлі қайшылықтар, тарихи ауытқулар, жаңсақ мәліметтер болуы әбден мүмкін. Ислам дінінің қазақ арасына таралуына байланысты діни аңыздар араласты. Соның салдарынан қазақтың арғы тегін Адам ата, Хауа ана, Нұх пайғамбардың баласы Япыстан тарататын аңыздар тарады.

«Шежіре» сөзін күнделікті қарым-қатынас кезінде үш түрлі аспектте қолданамыз. Алғашқысы ұрпақтар сабақтастығын, ұлт тарихын көрсететін кесте. Сонымен қатар, көп жасаған, айтары мол, жастарға үлгі-өнеге көрсететін қарттарды «шежіре қарт» деп атайды. Тарихты жақсы меңгерген, шешендер, ақындар жайында, олардың соңында қалдырған мол мұралары турасында кеңінен қозғап, сыр шертетін әңгімешіл адамды «шежірешіл қария» деп те құрмет көрсеткен.

Әдетте ата-тегін, ел тарихын жетік білетін адамды «шежіреші» деп атайды. Атақты шежірешілер шежірені белгілі бір түрге (қарасөз, жыр, кесте түрінде) айналдырып, оны ауыздан ауызға таратқан. Шежіре жеткізушілер үш топтан құралады: көнекөз шежірешілер, шежіреден жалпы хабары бар адамдар және шежірелерді жинап, құрастырушылар. Шежірешіні дәстүр жалғастырушы, дәстүр сақтаушы ретінде бағалауға болады. Ол шежірені құрастырушы, жеткізуші ғана емес, халықтың басынан өткен тарихы мен әлеуметтік жағдайынан жан-жақты хабардар, зерек, білімді адам. «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясында шежіреші деген ұғымға мынадай анықтама берілген: «Шежіреші – халықтың өткен тарихын, тұрмыс-тіршілігін ауызша таратып, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуші. Шежірешілер көптеген халықтарда болған, кейбірі өз дерегін жазып та қалдырған. Уақыт өте мұндай деректемелерді келесі шежірешілер буыны толықтырып отырды. Қазақтар түркі тектес 200-ден астам рудан құралып, әр рудың өз шежірешісі болған. Олар жүз, тайпа, ру, ата тарихын терең талдаумен қатар әрбір рудың белді тұлғаларының ел үшін жасаған ерлік істерін жастарды патриоттық тұрғыдан тәрбиелеу мақсатында жиын-тойларда, мерекелерде үнемі айтып отырған. Дәстүрлі қазақ қоғамында әрбір азамат шежіреші ретінде ілім-білім алуға міндетті болды. Кемінде жеті атасын таратып бермегендерді қазақ қоғамы «жеті атасын білмеген – жетімдіктің белгісі» секілді нақыл сөздермен қағытып, ал білгендерді «жеті атасын білген ер – жеті жұрттың қамын жер» сынды мадақ сөздермен мақтаған. Шежірешілер тек жүз, тайпа, рудың ғана емес, ел мен жердің де тарихын жетік білді. Олар үнемі ізденіс

үстінде болды, шежіре мәліметтерін толықтырып, тың материалдар (соңғы ақпараттарды) қосып отырды. Кейбір шежірешілер руаралық қақтығыстарда дау-дамайларды әділ шешу үшін де билерге өз мағлұматтарын беріп, этникалық аумақ бірлігін нығайтуға ат салысқан. Ел арасындағы шежірешілерден әрбір қазақ өз ата-бабасының, оның туған-туыстары мен құда-жекжаттарының кім екендігін білді. Одан алған мәліметтер арқылы бейтаныс, алыс-жақын адамдармен тез арада тіл табысып, ортақ шаруаларын бітірген. Ерте кездегі ата-бабалары туысқандығын айтып, өзара көмегін алып отырған. Мұны «құда – мың жылдық» сияқты халық арасында кең тараған тәмсілдер де айғақтайды [42, б.490]. Олар (шежірешілер) өздерінің ерекше қабілетінің арқасында жүздеген адамның есімдерін атап шығып, әрқайсысына қатысты қариялар жеткізген әңгіменің мағынасын өзгермеген күйінде жеткізіп отырған. Сондықтан да шежіре тарқату дәстүрін «ауызша дәстүр» деп атаймыз. Ауызша шежіре тарқату әлі де халық арасында үзілмей келеді, түркі тектес халықтар арасында бұл дәстүрдің өзіндік ерекшелігі бар.

Жыр дәстүрін зерттеу жұмыстарында Ә.Марғұлан жырға байланысты аңыз сюжеттерін сақтап жеткізуші қариялардың есімдерін нақты атайды. Олардың бірі халық арасынан шыққан шежіреші қариялар болса, бірі төре немесе қожа тұқымдары болған. «Қорқыттың аңыздарын, оның нақыл сөздерін жетік білетін қазақтың қария даналарының ең атақтысы – Базар жырау (1842 – 1911). Шежірені жүйрік білген атақты қария, қазалылық Мұлайман Шантайұлы (1846 – 1927), қадірлі шежіре қарт Мұса Өтешұлы (1866 – 1960), ақын Ерімбет Көлдейбекұлы (1844 – 1919), жырау Тұрымбет Салқымбайұлы (1873 – 1934), жалағаштық атақты жырау, Қорқыт аңызын жатқа білген Сарыбай Құлназарұлы (1858 – 1919), тамдылық қария Жақсылық (1883 –1961)», – деп жазады [3, б.157].

Халық арасындағы шежіре тарқату дәстүрі шамамен ХХ ғасырдың соңына дейін сақталып келді деуге болады. Халық өзінің шежірелік тарихына, яғни тарихи жадына ХХ ғасырдың ортасына дейін көлеңке түсіре қойған жоқ [6, б.12]. Ауыл ақсақалдары мен қариялар жеткізген ауызша әңгімелер мен аңыздар арқылы қазақтар елі мен жерінің тарихы туралы жан-жақты түсінік қалыптастырды. «Қазақстанның барлық өңірінде жасы отыздағы және одан жасы асқан қазақтар өздерінің ата-тегін, яғни руының, тайпасының және тайпалық одағының (жүзінің) шежіресін тамаша біледі. Қарттар арасында дүйім қазақтың ру-шежіресін білетіндері әлі де болса кездеседі. Өкінішке орай, біздің тарихшыларымыз бен этнографтарымыз бұл мағлұматтарды жинаған да, зерттеген де емес. Ал мұндай мағлұматтар болса қазақтың көптеген тайпаларына қатысты құрылым мәселелерін саралауда мейлінше құнды» [19, б. 47].

Жоғарыда айтылғанды ескере отырып, мынадай тұжырым жасауға болады: еліміз тәуелсіздік алғанға дейін, қазақ шежіре жырлары жеке арнайы ғылыми зерттеу нысанына айналмауының түрлі себептері болды. Шежірелердің пайда болып, қалыптасуы ертедегі түркі тектес халықтар бірлестігі, Алтын Орда, Ноғайлы дәуірі, Қазақ хандығы құрылған кезеңдерден басталады. Осы кезеңдерден бергі қазақ шежірелік шығармаларын тілге тиек еткен ғалымдардың еңбектері Қазақстан мәдениеті, тарихы мен әдебиетінің мазмұнын байытатын

мол мағлұматтар кездестіруге болады. Тарихи кезеңдердің сыр-сипатын, шынайы болмыс-бітімін ашу әдебиетші, тарихшы ғалымдарға оңай болмады. Әсіресе Кеңес өкіметінің саясаты ұлттық рухани құндылықтарымызды терең тануға тосқауыл болып келгенмен, қазірде XXI ғасырда қазақтар арасында тілі енді шыға бастаған балаға руын, жеті атасын жаттатқызу, «жеті атаға дейін қыз алыспау» дәстүрі әлі күнге дейін жалғасып келеді.

1.2 Түркі халықтарындағы шежіре тарқату дәстүрі

Түркі тілдес халықтардың салт-дәстүрі мен тарихы, мәдениеті мен әдебиетіне қатысты мәліметтерді жинау, жариялау жұмыстары XVIII–XIX ғасырларда патшалық Ресейдің қадағалауымен белсенді түрде жүргізілгені баршамызға аян. Ресей отаршылдық саясатының белгілі бір мақсат пен мүддеге құрылған ғылыми-зерттеу экспедициялары жан-жақты ізденіп, мәнді деген мәліметтерді тіркеп отырған. Осы экспедиция жұмысының нәтижесінде түркі халықтарының мәдениеті мен этнографиясына қатысты мол мұра жинақталып, бүгінгі күнге жетті. Белгілі түркітанушы-шығыстанушы ғалымдар Н.Аристов, В.Радлов, А.Левшин, А.Харузин, А.Нестеров, Н.Остроумов т.б. өз еңбектерінде қазақ шежірелеріне тоқталады. Және Ш.Уәлиханов, Ә.Диваев, Н.Гродеков, Г.Потанин сияқты шежіре жинаған ғалымдардың еңбектерін әлі күнге дейін ел игілігіне жарауда.

Шежірені жырмен жазу – қазақ, қырғыз, қарақалпақ, башқұрт, ноғай халықтарында ертеден бар дәстүр. Басқа түркі халықтары шежірелерінен дерек немесе зерттеу тәжірибесі ретінде қолдануға лайық басылымдар жетерлік. Қырғыз шежіресін С.Аттокуров, С.Зәкиров, татар, башқұрт шежірелерін М.Әхмәтжанов, М.Усманов, М.З.Закиев, Д.М.Исхаков, Р.Г.Кузеев, Марджани Шихабутдин, қарақалпақ, өзбек шежірелерін К.М.Мәмбетов, С.К.Камалов, Х.Дониеров, К.Ш.Шаниязов. т.б сияқты ғалымдар зерттеді [43-59].

Қазақ пен қарақалпақтың туыстығын жырлайтын шежірелер қазақ пен ноғайдың, тіпті қазақ пен қалмақтың этникалық тегі бір деп көрсетеді. Мысалы: «Қазақ жұрты ескіден бір сөз сөйленсе, бұрынғы ноғай, қазақ заманында десіп келеді. «Ноғай, қазақ» демектің мәнін қариялардан сұрасақ: «Ноғай мен қазақ әуелде бір тұқым болған», – дейді. Қазақпен бірге болған ноғайлар Қызлар, Астрахан, Қондырау ноғайы, Қара ноғай, Қырым ноғайы, Орал тауындағы Естек, Қырымнан келе жатқан ноғай осылар дейді», – деп шежіре мәлімдейді. Ноғайдың шежіре дерегі туралы мәліметтер А.Исиннің зерттеуінде қолданылады. С.М.Абрамзон, Л.П.Потаповтың түркі көшпелілеріне қатысты мақаласы – ғылыми мәні бар зерттеу. Аталған ғалымдардың зерттеуі бойынша нақтылы тарихи оқиғалардың ізімен жырланған поэтикалық шығармалардың бара-бара эпикалық кең суреттерді бейнелейтін шығармалар болып өзгеруі заңды құбылыс екені анықталады.

Шежірені жырмен жырлаған қарақалпақ ақыны Бердімұрат Қарғабайұлы «Шежіре» атты шығармасында көптеген құнды тарихи дерек жеткізген. Бұл туралы М.К.Нурмухамедов, Х.Хамидов зерттеген [60-61].

«Бердақ» деген атпен танылған қарақалпақтың атақты ақыны Бердімұрат Қарғабайұлының «Шежіре» атты дастаны XVIII ғасырдағы қарақалпақ ұлтының қоғамдық-саяси, әлеуметтік, мәдени-тарихи өмірінен хабар береді. Түркі халықтарының ортақ тарихы, шығу тегі жырлана отырып, көптеген құнды тарихи деректерді жеткізеді. Дастан желісі бойынша, қарақалпақтар Үргеніштi мекендеген, XVIII ғасырдың бас кезіндегі Хиуа хандығының басқыншыларымен ұлтты сақтау жолында қиян-кескі соғыстар жүріп жатты. Хорезм

қарақалпақтары мен Түркістан қарақалпақтары бірігіп, Қуандария мен Жаңадарияға қоныс аударады.

...Әуел бабамыз Майқы би,
Аның ұғлы Жайылған би,
Жайылған ұғлы Нағадай,
Нағадай би болған екен.

Нағадай би – жұрт ағасы,
Жүмлә Қоңыраттың бабасы,
Отыз ұғылның атасы,
Ұлы отыз болған екен.

Он төрт ру көшпей қалып,
Жаңадарияға қала салып,
Қошназар билән Нұртай болып,
Қазақпенен шабысқан екен [62, б.114].

Ғасырға жуық Жаңадарияны мекендеген қарақалпақтардың өмірі Бердақ шежіресіне арқау болған. Бұл туралы М.К.Нурмухамедов, Х.Хамидовтің еңбектерінде кеңінен зерделенеді. Шежіре жырда Жаңадария қарақалпақтарының арасынан шыққан Нұртай батыр туралы тарихи оқиғалар шынайылығымен ерекшеленеді. Ақын аталған жыр арқылы қарақалпақ тарихын өлеңмен өрген. Халық арасында тараған аңыздарға сүйене отырып жырланған бұл жыр әлі күнге дейін тарихшылар мен әдебиеттанушылар үшін өзектілігін жоймаған.

Қырғыз халқының шығу тегін, таралуын сипаттайтын шығарманы «санжыра» деп атайды. Санжырашылар мен санжыраны сақтаушылар шешендігі мен есте сақтау қабілеті зор дарынды адамдар болып келеді. Олар ел арасында шексіз құрметке ие, өйткені олар ұрпақтан-ұрпаққа ата-бабалар туралы жеткізеді. Санжыршылар санжыраны таратқанда қандай да бір руды немесе халықты мақтамайды және басқа руды төмендетпейді. Олар адамдар арасындағы бірлік пен татулықты нығайтуға, ұлттық құндылықтарды, халықтың тарихын, оның салт-дәстүрлерін дәріптеуге атсалысты. Белгілі санжырашылар халық арасында өте беделді болды.

Қырғыз санжырасы өзінің шығу тегін Адам ата мен Хауадан тараған нәсілдік, халықтық және рулық таралумен байланысты. Адам атаның ұлдары Хам, Сам, Жапас (Яфас), Япастың баласы – Түрік, қырғыздар Түріктің ұлдарының бірінен (кейбір шежірелерде 8-ші ұрпақ) Бұқадан (Оғыз, Угуз, Уыз) ханнан таратады. Ортағасырлық шежірелерде қырғыздардың басқа халықтармен байланысы, тарихи оқиғалар, танымал тұлғалар, оларды зерттеу «Маджму ат-тауарих», «Тарих-и Рашиди» еңбектерінен басталды.

Қырғыз санжырасынан руларға бөлінуіне, шежірелік ата-бабалар есімдерінің бірнеше нұсқаларына қарамастан, оның жалпы құрылымы бірыңғай,

біркелкі және көптеген географиялық атаулар сәйкес келетінін көруге болады. Қырғыз шежіресі бізге толықтай жетті деп сеніммен айтуға болмайды. Көп жағдайда айтушылар, жазып алушылар хронологиялық жылдардан гөрі әлеуметтік немесе діни көзқарастарға байланысты әртүрлі өзгерістерге ұшыраған. Әсіресе, Қазан төңкерісінен кейінгі қырғыз санжырасының тарихы, тағдыры қазақ шежіресімен ұқсас деуге болады

Қырғыз санжырасы ұрпақтан ұрпаққа, атадан балаға ауызша тарағаны белгілі. Қырғыз ғалымы С.Аттокуров: «Санжыра әлі де тарихқа айнала қойған жоқ. Ол – куәгерлердің бірі, тарих көзі. Бұл санжыраны мұқият талдап, қайта қарау керек. Сонымен қатар, ғылыми зерттеулерді қайта-қайта жүргізу керек» деп жазады «Қырғыз санжырасы» атты еңбегінде [43, б. 214]. Аталған ғылыми еңбекті тарихшы, шежіреші С.Аттокуров Әбілғазының, М.Х.Дулатидің, С.М.Абрамзонның шежірелеріне сүйене отырып жазған. Аталған кітаптан басқа «Алымбектиң санжырасы», «Балыкооздун санжырасы», С.Закиров «Кыргыз санжырасы», Э.Төрөкан уулу «Кыргыздын кыскача санжырасы», Б.Солтоноев «Кызыл кыргыз тарыхы» т.б. әдеби-танымдық, ғылыми еңбектерді атауға болады.

Кейбір қырғыз санжыралары орта ғасырларда қағазға түскен. Мысалы, белгілі тарихшы, ойшыл, санжырашы Сайф ад-Дин Ахсикенди өзінің «Маджму ат-таварих» атты еңбегінде қырғыздардың ежелгі тарихы, қырғыздардың оң және сол қанатқа бөлінуі, сондай-ақ Ақ уул мен Қуу уулдан бастап қырғыздардың 23 ата-бабасы туралы жазған [63, с.210].

Жазба қырғыз санжыраларын қағазға түсіру XIX ғасырдан басталады. Қазірде санжыраның жазбаша төрт нұсқасы белгілі. Біріншісі – санжырашы Бала Айылшы санжырасы. Бұл санжыраның жеті нұсқасы бар. Олар Шу алқабына кеңінен тараған.

Екіншісі, Тұрғынбай Алымбекулуның санжырасында қырғыздардың 3 мың жылдық тарихы айтылып, көптеген қызықты аңыздар мен ертегілерді қамтылған.

Үшіншісі – тұңғыш қырғыз тарихшысы, ағартушысы Осмоналы Сыдықуулуның санжырасы. Ол 1895 жылдан бастап қырғыздардың тарихы туралы материалдарды жинап, жүйелеп, нәтижесінде 1913 жылы Уфа қаласында «Қырғыздардың қысқаша тарихы» атты кітабы жарық көрді. Санжырашы бұл кітапты 15 жыл жазған.

Төртінші санжыра Қытайда тұратын Баймырза санжырашыға тиесілі. Бұл санжыраны Арун Укаев (1916 жылғы көтерілістен кейін Қытайға қашып, сол жерде Баймырзамен кездескен) жазып алып, халық арасында таратты.

Қырғыз халқы қашан да қазақ халқымен тағдырлас, тарихтас. Екі елдің ауыз әдебиеті де тамырлас екені белгілі. Жырмен жазылған шежірелердің алғашқы көріністерін қырғыз халқының ғана емес, түркі халықтары әдебиетінің алтын қорынан орын алатын «Манас» эпосынан көруге болады. Қырғыз халқының шығу тегі туралы әйгілі «Манас» эпосында қызықты әрі егжей-тегжейлі баяндалған. Ғалымдардың зерттеуі бойынша, Манастың әкесі – Жақып хан, Жақыптың әкесі – Ноғой хан, Ноғой ханның әкесі – Қарахан, Қараханның

әкесі – Қырғыз хан, Қырғыз ханның әкесі – Шаян хан, Шаян ханның әкесі – Бойон хан, Бойон ханның әкесі Оғыз хан болған.

Осылайша, Манастың жеті атаға дейінгі барлық ата-бабалары хандардан таратылады. Эпоста Манас халықтың көшбасшысы болуы осы тегінен деп жырланады. Қырғыздар оны 10 жасында хан деп жариялап, оған тағдырын тапсырды. Манас халықтың үмітін, сенімін абыроймен ақтады.

Қырғыз халқының тарихы мен салт-дәстүрінен, рухани әлемінен мол мағлұмат беретін ұлы мұра Манас батырдың дүниеге келгенінен бастап, бүкіл үрім-бұтағымен жалғасады. Аса ауқымды көлемде жырланатын бұл эпос үлкен үш бөлімнен тұрады. Олар: «Манас жыры», «Манастың ұлы Сәметейдің жыры» және «Немересі Сейтектің жыры». Кейбір манасшылар жырды Манастың сегізінші ұрпағына дейін (Кенен, Алымсырақ, Құнансырақ) де жырлайды. Жұрт көп жиналатын жиын-тойларда «Манас» жырын таңды-таңға ұрып жырлайтын арқалы манасшылар болған. Манасшылар жырды арнайы әуенге салып, музыкалық аспаптардың көмегінсіз әндетіп жырлаған. Дастанның үш бөлігін де жатқа білген манасшылар «ұлы манасшы» атағына ие болған. XX ғасырдағы белгілі манасшылар: Сағымбай Оразбақов, Саяқбай Қаралаев, Шаабай Азизов, Қаба Атабеков, т.б.

«Бұрынғыдан қалған сөз: Қарахан, Оғыз ханнан кейін Аланча хан ұрығынан Байғұр, Үйғыр дегендер болған екен» деп басталатын жырда:

Артық туған Манастың
Арғы атасы – Қарахан.
Қараханнан тараған
Теңдесі жоқ Оразай
Кіндік қаны тамған жер
Алтай деген жер екен, – деп, Манас батырдың шежіресін таратумен бастайды.

Манас батыр жауға шапқанда:

Атам – Жақып, Манаспын,
Арғы ұрығым – Алашпын, – деп, ата-бабасына сыйынады.

Сонымен қатар, эпоста Алты Алаштың бірлігі мен ынтымағы дәріптеледі. Жырда тек қырғыз халқының тарихына қатысты ғана емес, қазаққа байланысты да көптеген мәліметтер келтіріледі. Мысалы:

Жолдас болған нойғыт бар,
Арқа сүйеген найман бар.
Қоныстас жүрген қоңырат,
Үйірлес жүрген үйсін бар,
Араласқан алшын бар,
Арғыннан Қарақожа бар.

Қай заманда болмасын көркем шығармалардың деректілігін зерделейтін басты ерекшелік – туындының тарихилығы болып табылады. Осы тұрғыда тағы да академик Ә.Марғұланның ғылыми тұжырымдарына сүйенуге тура келеді. Ғалым зерттеу еңбектерінде эпостардың мазмұнына арқау болған тайпалардың, кейіпкерлер есімдерінің, жер-су атауларының аңыздық және нақтылық тұтастануына баса мән береді. «Манас» эпосы туралы жазған еңбегінде шежірелік дереккөзге байланысты былай дейді: «Жырда көп өзгеріске түскен. Әсіресе Манастың аталық шежіресі. Оны жыр бірде Төбей, бірде Ноғай (Сағымбай), бірде Қыпшақ (Мажмұғ), бірде Самарқанның сарты еді деп көрсетеді. Бұл туралы «Манас» жырын зерттеуші ғалымдардың пікірі әр алуан.Олардың кейбірі Манастың өз басын ешбір тарихи дәуірге орайластырмай, оны тек ерлік бейнесінің жинақ аты деп көрсетпекші болады. Бірақ біздің бақылауымызша, «Манас» жырындағы қаһармандардың көпшілігі тарихи адамдар болған десек, Ер Көкше, Ер Қосай, Едіге, Темір, Манас та бір кездегі тарихи шындықтың эпикалық түрге айналған бейнесі деуге болады. Өйткені, Манастың тарихи дәуірлерде болған кісі екенін дәлелдейтін деректер тіпті аз емес. Оны әсіресе толып жатқан географиялық атаулар, халықтың өзге аңыздары айқын суреттеп бере алады» [3, б.425].

«Шоқан және Манас» кітабында Ә.Марғұлан Манас жырындағы шежірелерді арнайы назарына алып, жырдағы ата шежіренің тарихи деректерін салыстыра қарастырады. Ғалым Қарахан әулеттерін, олардың тұрақты мекендерін пайымдағанда «Родословная Карахана» (1899), Л.Лыкошин. «Насаб-нама» (Туркестанские ведомости, 1896, №63), А.Н. Кононов «Родословская туркмен» (1958) және т.б. шежірелік шығармаларды пайдаланған. Манастың әкесі Жақыптың Қарахан тұқымынан, дастандағы Алмамбеттің Жақыппен туыстас осы атадан екендігін, араб тарихшысы Ибн-әл-Әсірдің жазуындағы Манастың ата шежіресін (Сутуқ-Бурахан, оның баласы Елек Бұғрахан, оның баласы Жақып»» екендігін атап көрсетеді [3, б.403].

Ғалым қырғыздың атақты эпосындағы ұрпақтар сабақтастығын және оның қазақ тарихындағы белгілі бір рулармен байланысты екенін дәлелдейді. Мысалы, «Манас» жыры мен қазақ тарихындағы атақты адамдардың, олардың ұрпақтарының таралуына байланысты пікірлері құндылығымен ерекшеленеді: «Халық шежіресі бойынша Ер Көкше мен Ер Қосай бір туысқан кісі болып айтылады. Олардың арғы атасы «Манас» жырында айтқандай, Қамбар, бергі атасы Айдархан болып аталады. Атбасар мен Есіл даласын, Ертіс бойын қоныстайтын уақ тайпасы Ер Көкше мен Ер Қосайды өздерінің түп атасы етіп, тарихи шежірелерін солардан бастайды. Тегінде қазақтың уақ тайпасы X – XIII ғасырларда жоғарғы Ертіс пен Өр Алтайды қоныстаған керейлер ортасынан шығады, сондықтан оларды халық шежіресінде уақ-керей деп қоса атайды.

Аталған шежіре бойынша Ер Қосай мен Ер Көкшені уақ тайпасының атасы дей отырып, найман мен керейлерді өз заманындағы ел ағасы, жұртшылық қайраткерлері деп дәлелдейді. «Манас» жырындағы қаһармандардың тарихи шындығын оның ішінде найман, керей, қырғыз тайпаларының «туу баста бір арнадан шығып, бірге тіршілік етіп, сыртқы жауға бірігіп қарсы тұрған елдер»

екенін айтқан академиктің төл шежіреге негізделген ғылыми ой-тұжырымы отандық әдебиеттану ғылымының тарихи негіздерін саралауда зор көмек жасайды.

Қырғыз манасшылары мен халық ақындарының да шығармашылығында шежіре жырлар, шежірелік қолданыстар кездеседі. Атап айтсақ, «Тоголок молда» аталған (шын есімі Байымбет Абдырахманов) қырғыздың атақты ақыны 1860–1942 жылдары өмір сүрген. «Манас» жырын жырлаумен қатар, шежірені жырмен баяндаған белгілі халық ақыны. Тоголок молданың жырмен жазылған қырғыз шежіресі – танымдық салмағы мол халықтық шежіре деп саналады. Шежіре мазмұны негізінен қырғыз елінің ауызша айтылып келген аңыз-әңгімелеріне сүйенген. Және Тоголок молда шежірені қарасөзбен де, жырмен де жазған деген деректер кездеседі. Өкінішке орай, ақынның туындылары қолға түспеді.

Қырғыз халық ақыны Күлумбайұлы Молдокматтың Қырғыз Ұлттық Ғылым академиясының Қолжазбалар қорында сақталған «Санжыра дастан», «Мүйізді ене» атты дастандарын шежіре жырлардың озық үлгісі деуге болады. Шежіреші Күлумбайұлы Молдокмат 1923 жылы Ыстықкөл облысы Талды суу аймағында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысының ардагері, ұстаз, облыстық санжырашылар сайысының жүлдегері. Молдокмат шежіреші 1993 жылға дейін Қырғыз Ұлттық Ғылым академиясы Ш.Айтматов атындағы Тіл және әдебиет институтына шығармаларын почта арқылы жіберіп отырған. Оның «Санжыра дастан» атты шежіресі былай басталады:

Ушул дастан санжыра
Мәлім кыргыз халкыма.
Кылым басып кылымдан
Келе жаткан санжыра.
Сатыпалды, Дөнембай
Сайрап айткан санжыра.

Қойылтып айтып Куулбарақ
Соудомбек сөйлеп сөз табады.
Деп елім айтып келіскен
«Жалған» деп мұны кім таңады.
Ошылар өнді адамдан
Санжыра санат сөз калады. [Кырғыз Республикасы Улуттук Илимдер академиясы Ч.Айтматов атындагы Тил жана адабият институту. Колжазмалар фондусу. № 888 бума].

Жырдағы сөз қолданысы, жыр желісі қазақ шежіре жырларына ұқсас болып келеді. Шежіреші Адам ата, Нұх пайғамбардан бастап қазіргі қырғыз руларына дейін суреттейді. Шығарма «Садыр аке», «Бугу уруусу», «Мойтаке», «Сартаке», «Тилекмат», «Шабдан», т.с.с. сияқты тараулардан тұрады. Әр тарауда әр рудың шығу тарихына шамасы жеткенше шолу жасаған. Санжырада қазақ ханы Абылайды да атап өтеді:

Казактың ханы Абылай
Шойканы жаман капырай.
Жолборысту чапкан балдарды
Конокко кел деп жатыр ай.
Балдары менен алданып,
Өліптүр қайран асыл-ай.

Осы аталған жырдағы «Бугу уруусу» деген бөлімін кеңейтіп «Мүйізді ене» атты шежіре жыр жазған. Аталған жыр белгілі халық арасына тараған аңыз желісі бойынша жырланады. Осы аңыз мазмұнына қысқаша тоқтала кетсек: баяғы жаугершілік заманда дұшпандар қырғыз ауылдарына тап беріп, адамдарды түгелдей қырады. Сол күні Енисей өзенін жағалап ойнап кеткен ұл мен қыз ғана аман қалады. Балалар пана тілеп дұшпандарының аулына барады. Хан олардың көзін жоюды тапсырады. Екі баланы өлімнен бұғы құтқарады. Оларды тамақтандырып, қорғап, ер жеткізеді. Ұл мен қыз үйленіп, бала-шағалы болады.

«Ыстықкөл маңын Бұғы руы және Сарыбағыш пен Саяқ руларының біраз бөлігі қыстайды, басқалары бағзы заманнан: солтылар Шуды, бағыштар Тұрфан мен Қашқар жолын, чериктер мен саяқтар Атбасы маңын қыстайды. Сол қанат бөлігі Нарын мен Шыршық өзенін бойлай оңтүстігіндегі Бадахшанға дейінгі аралықты мекендейді. Бұғы руы жаз жайлауға Қарқара тауы мен Қытайға дейін, Іле тауының шыңдары мен Текес өзеніне дейін барады» деп жазады [2, б.29]. Ғалым Ш. Уәлиханов қырғыздардың рулық құрылымын, олардың көші-қон жүйесін және өзара қарым-қатынастарын, этникалық тарихын зерттеуде шежірелік деректерді кеңінен қолданған.

Илгери Жоокерчилик заманында,
Кудайдын күл пендеси адамына.
Кайгылуу кара туман түшүп турган,
Аябай бешиктегі баланы да.

Жоо чапты малын айдап, элин-айлын,
Алтыңа эне-атанын билбейт дайнын.
Токойдо жалгыз айлап, уктап калса,
Бетинен жалайт марал, қандай кайрым, – деп басталатын жыр халық арасында кеңінен тараған Бұғы ана туралы аңыздың мазмұнымен сәйкес [Кырғыз Республикасы Улуттук Илимдер академиясы Ч.Айтматов атындагы Тил жана адабият институту. Колжазмалар фондусу. № 888 бума]. Бұғы ана туралы аңызды қырғыздың әйгілі жазушысы Ш.Айтматов «Ақ кеме» повесінде сәтті пайдаланған.

Санжыра санат кептен айтып келем,
Улуу эл, өскен кыргыз деген.
Агасы Тагай бийдин Адигине

Бир тууган булар менен Наалы эжем
Бабабыз мына ошал Тагай бийге
Жетебиз он төрт, он беш ата менен.

Тагайдан Богоустон, Койлон, Кылжыр
Мал менен оокат кылган жайдыр кыштыр.
Бээ байлап, кымыз ичип, коюн союп,
Мал багып журген жери жон-жон, кыр-кыр.
Кыргызым эзелтеден жашап келген
Чиркино быйылкыдан жыргап былтыр.

[Қырғыз Республикасы Улуттук илимдер академиясы Ч.Айтматов атындагы тил жана адабият институту. Колжазмалар фондусу. № 888 бума].

Қазақ-қырғыз сөз өнерінің тарихи негіздерінің сабақтастығы туралы академик Ә.Марғұланның төмендегідей пікірін түйін ретінде қолдануға болады: «Жалпы айтқанда, қазақ пен қырғыз халқының эпос жырлары бірімен бірі өте айқасып жатады, оның себебі түу баста екеуі бір арнадан шығып, бір тарихи уақиғадан нәр алған болу керек. Сондықтан, «Манас» жырындағы атақты геройлардың көпшілігі (Ер Төстік, Ер Қосай, Ер Манас, Ер Көкше, Ер Едіге, тағы басқалары) қазақ жырларында аса көрнекті орын алады. Орын алғаны былай тұрсын, олардың әрбірі мұнда жеке-жеке дастан болып айтылады. Мұны ғалымдар, оның ішінде Еуропа ғалымдары да солай түсінген» [3, б. 447]. Академик Ә.Марғұланның еңбектері фольклор, тарих, әдебиет, этнография мәселелерін кешенді өзара сабақтастықта қарастырылуымен дараланады. Ғалымның осы салаларды пәнаралық зерделеу барысында үнемі шежіреге сүйенетіндігі байқалады.

Қазақтар мен башқұрттар – тарихи-генетикалық тұрғыдан түркі халықтарының арасында өте жақын халықтар. Қос ұлттың негізін құрайтын көптеген тайпалар мен рулардың бір болуы кездейсоқ емес. Атап айтсақ, қыпшақтар, табындар, тамалар мен жалайырлар сынды қазақ рулары башқұрт руларының қатарында да кездеседі.

Башқұрт ғалымдары шежіре мен ауызша тарихты зерттеу ісінде Орта Азия бойынша көш бастап тұр. Кеңестік дәуір кезеңінде-ақ шежірені зерттеу қолға алынып, біршама жетістіктерге жеткен (Р.Г.Кузеев, М.Х.Надергулов, Г.Б.Хусайынов, А.И.Харисов). Соңғы деректер бойынша, қазіргі уақытта кітапхана қорлары мен мұрағаттарда жүз елуге тарта башқұрт шежіресі сақтаулы. Башқұрт шежірелерінің өзіндік ерекшелігі – қарасөзбен жазылған шежірелердің арасында өлең жолдарының кездесуі. Фольклорлық үлгіде жазылған бұл өлең жолдарын Мамбет, Тамьян-катай, Өсерген тайпаларының шежірелерінен кездестіруге болады. «Среди башкирских повествовательных родословий XIX – начала XX века особое место занимают поэтические сочинения. Их анализ показывает, что башкиры излагали историю родов, опираясь в основном на традиции устно-поэтического творчества. Традиции же письменной поэзии преобладают в тех сочинениях, которые составлены

известными поэтами. Это наглядно видно на примере усерганского и ирактинского родословий», – деп жазады башқұрт шежіресін тарихи-дерекнамалық тұрғыдан зерттеуші ғалым, филология ғылымдарының докторы М.Х.Надергулов [64, с.73-75].

XVIII ғасырдың 1773–1775 жылдарындағы халық көтерілісі туралы жазылған «Киньякая бәйіті» атты жырда Төре хан және оның ұрпақтарының шежіресі жырланады. Ал Өсерген тайпасының шежіресі толықтай жырмен, башқұрт ауыз әдебиетінің құбайыр үлгісінде жазылған. «Құбайыр» башқұрт тілінде «батырлар туралы жыр» деген мағынаны білдіреді. Яғни өз ата-бабаларын мақтанышпен жырлайды. Жырда Шыңғыс хан заманында башқұрттардың бабасы Тоқсобаның баласы Мүйтеннен тараған Өсерген және оның ұрпақтары туралы айтылады. Осы жырмен жазылған Өсерген шежіресін башқұрт ғалымы Г.Б.Хусаинов башқұрт шежіре жырларының көркем үлгісі ретінде бағалайды [65, с.193]. Аталған шежіре жыр 1900 жылы Зілайыр, Құжанақ ауылының тұрғыны Шағиғалым Тоқымбетовтен жазылып алынған.

Халық тарихын әртүрлі дереккөздерден (археологиялық ескерткіштерден, этнографиялық негіздемелер мен тарихи, әдеби туындылар, тастағы таңбалар) танып білеміз. Әр ұлттың, халықтың жеке тарихы, өзіндік дара даму жолы бар. Башқұрт халқы да – сондай өзіне тән бай да рухани мұрасы бар халық. Башқұрт халқының ежелгі тарихының маңызды дереккөздеріне тасқа салынған кескіндеме және жазу, қабырға суреттері (Башқұртстанның Бұрзиан ауданындағы Шүлген үңгірі) жатады. Башқұрттардың ерте дәуірдегі тарихы туралы антикалық авторлардың кейбір мәліметтері, сондай-ақ Ресейдің кейбір құжаттарында, бірнеше орыс жылнамаларында үзік-үзік мәліметтер кездеседі.

Башқұрттардың ежелгі тарихына қатысты көптеген материалдар жарияланғанымен, ежелгі дәуірден Ресейге қосылуға дейінгі кейбір мәселелер әлі толық шешімін тапқан жоқ. Кейбір аңыздар мен құжаттық мәліметтер бойынша ғана XIII-XIV ғасырлардағы башқұрттардың моңғолдарға, одан кейін ноғай хандарына қарсы күресінің бірқатар үзінділерін қалпына келтіруге болады. Башқұртстанның Ресей мемлекетіне өз еркімен қосылуына байланысты оқиғалар жалпылама түрде ғана белгілі. Башқұрт халқы тарихының ежелгі кезеңдері атүсті зерттелуінің басты себебі – башқұрттардың өзіндік дереккөздерінің жеткіліксіздігі. Ежелгі тарихы туралы жаңа дереккөзді іздеу кезінде башқұрттардың ең қызықты және шынайы құжаттары табылды. Бұлар – әсіресе халықтың ерте және ортағасырлық тарихынан хабар беретін башқұрт шежірелері. Сондықтан бірқатар зерттеушілер мен тарихшылар шежірелерді зерттеуге зор қызығушылық танытқан.

Башқұрт шежірелерін алғаш рет П.И.Рычков «Орынбор тарихы» атты еңбегінде алғаш рет ноғай хандарымен күресін, сондай-ақ башқұрт тайпаларының Ресей мемлекетіне қосылу кезеңінің кейбір сәттерін сипаттауда пайдаланған.

XIX ғасырдың басынан башқұрт шежіресіне қызығушылық белең алды. Белгілі тарихшы, өлкетанушылар М.В.Лоссиевский мен Р.Г.Игнатьев башқұрт

тарихынан үзінділер, атап айтсақ минцы мен юрматиялықтардың шежіресінің бірнеше нұсқасын жариялады [66-67].

Кейінірек, 1913-1914 жылдары «Шуро» журналында башқұрттың 9 шежіресі жарияланды. Қазан төңкерісінен кейін 1927 жылы тарихшы, өлкетанушы С.Мирасовтың «Башқұрт орта аймақ» журналында юрмата, қыпшақ тайпаларының, қаратабын руының бірнеше шежіресі жарияланды. [Рукописный фонд библиотеки БФАН СССР, Башкирские шежере, папка № 9].

Башқұрт Ғылым Академиясының құрылуына байланысты 1950-жылдары шежірені зерттеудің жаңа кезеңі басталды. Р.Г.Күзеевтің «Адаби Башкортстаны» журналында юрмат шежіресі, сондай-ақ бурзян, тамъян, қыпшақ және өсерган тайпалары туралы ғылыми мақаласы жарияланды. [68]. Ғалымның «Башқұрт шежіресі» атты ғылыми еңбегі – башқұрт шежіресіне арналған көлемді де маңызды кітаптардың бірі. Бұл жинақта 25 шежіре қамтылды, автор олардың мазмұнын талдай отырып, шежірені тарихи дереккөздің бір түрі ретінде қарастыруға болады деген қорытындыға келеді. Автордың айтуынша, «шежіре – орта, кейде ерте ғасырлардағы жазба ескерткіштердің бір түрі» [68].

Башқұрт эпостары «Қосақ би», «Едукей мен Мұрадым» жырларында руаралық алауыздық, бірлікке, татулыққа деген ұмтылыс, моңғол-татарлармен күрес, Алтын Орда дәуіріндегі оқиғалар туралы айтылады. «Бабсақ пен Қосақ» эпосы – «Орал батыр» және «Ақбозат» эпостарының жалғасы, трилогиясының соңғы жыры. Оңтүстік Орал тарихына қатысы бар тарихи оқиғалардың даму тізбегін жырлайды. «Бабсақ пен Қосақ» эпосының екі нұсқасы кең таралған: қыпшақ нұсқасы («Қосақ би» деп аталады) жән бурзян («Бабсақ би және Қарақұлымбет би» нұсқасы).

Туындыда қыпшақ руының көсемі Бабсақ батырдың баласы Қосақ би туралы жыр шежірелей жырланады. Қыпшақ версиясының екі нұсқасы бар. Бірінші нұсқасын 1910 жылы Орынбор губерниясының Узен Орск уезінің тұрғыны Сабриян Мұхаметқұлов жазып алған («Қарағай-Қыпшақ тайпасының шежіресі» негізінде). Қолжазба қағаздың екі бетіне араб әрпінде жазылған. Алғашқы беті картон қағазбен желімделген, соңғы бетіндегі мәтін өше бастаған, оқуға келмейді. Екінші нұсқасын Сабриян Мұхаметқұлов 1924 жылы Ахмет Исмағұловтан жазып алып, латын әрпіндегі қолжазбаны 1936 жылы Башқұрт Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтына өткізген. Ертістің қыпшақ нұсқасын жазды. Шежіре поэтикалық және прозалық түрлерде жазылған. Қыпшақ нұсқасының басқа үлгілерін («Кисса-и Кусяк бий», «Қыпшақ және Кусяк» және т.б. атауларымен) А.Исмагилов, М.А.Бурангулов, Л.Н.Лебединский, С.Ф.Миржанова, М.М.Сагитов, Г.Салям, А.М.Сулейманов және т.б. жазып алды. «Қосақ би» жырының мәтіні Г.Давлетшинаның алғысөзімен 1929 жылы «Башқұрт аймағы» атты журналда ықшамдалып жарияланды [69, б.72-88].

Ал, бурзиян версиясы «Бабсақ би мен Қарақұлұмбет би» деген атпен 1939 жылы Әли Карнай Бурзиян ауданында жазып алынып, жарияланған [70, б.320-

324]. Жырдың 30-ға жуық нұсқасы Башқұрт Ұлттық Ғылым Академиясының ғылыми мұрағатында сақтаулы.

Жырда башқұрттардың өткен өмірі мен он екі башқұрт тайпасының билеушісі Масим ханның билігі, рулар арасындағы қақтығыс суреттеледі.

Тангаур – так назывался род один,
Хлеб растили здесь, свозили на овин.
Выделялся среди всех Тимеркотло,
Вряд ли в силе кто-нибудь сравнится с ним.

Род Тамьяна – назывался род второй,
У него, как у других, батыр был свой.
Имя он такое же носил – Тамьян –
Постоять за род готов был головой.
[70, с.464-465] (Г.Шафиков аудармасы)

Сонымен қатар, башқұрттың танымал ақыны, XIX ғасырдың ортасында өмір сүрген иракты тайпасынан шыққан Ғали Сокрыйдың жырмен жазған шежіресі белгілі. 1970 жылдары зерттеуші ғалымдар Ғ.Сокрыйдың «Бұлғария тарихы немесе Такриби-и Гари» атты қолжазбасын тапты. XIX ғасырдың соңғы ширегінде жазылған бұл жазба туралы: «В отличие от «Чингизнаме» и «Таварих-и Булгария» Х. Муслими, в данной рукописи содержатся гораздо больше сведений, соответствующих исторической действительности. К примеру, упомянут приезд в Волжскую Булгарию Ахмеда ибн Фадлана, приведено много ценных, достоверных сведений о жизни и творчестве таких известных башкирских и татарских писателей и ученых XIX столетия, как Х. Салихов, Т. Ялсыгул, Г. Усман (Утыз Имя-ни), Г. Курсави, Ш. Марджани и др. Тем не менее, в целом это сочинение Г.Сокрыя все еще оставалось в традиционных рамках таварихов», – деп жазады башқұрт ғалымы М.Х.Надергулов [64, с.55].

Ақын Ғали Сокрыйдың (1826-1889) Иракты башқұрттары туралы шежіресі XIX ғасырдың орта шенінде қағазға түскен. Шежіре жыр ортағасырлық шығыс поэзиясында өте танымал болған мурабба түрінде жазылған. Шығарма схема бойынша жазылған төрт жолды шумақтардан: а-а-а-б, в-в-в-б, г-г-г-б және барлық өлең жолдары сегіз буыннан тұрады.

... Менің ата-бабаларым өмір сүрген (ежелгі уақытта)
Тобыл, Ертіс аңғарларында.
Қандай дін ұстанды екен
Арсылар немесе шеремистер,
Ешкім білмейді, қымбаттым.
Олардың бірі өте дана болды,
Ол көңілді жанмен саяхаттауға шықты,
Мен көп жер таптым, оны қалдырдым
Мол мұра
Өмірден өткенде, қымбаттым... (жолма-жол аударма)

Ақын Ғ.Сокрый башқұрт рулары мен тайпаларының көршілес елдермен қарым-қатынасын егжей-тегжейлі баяндай келе, жыр соңында барлығын «бір отбасы сияқты» татулық пен келісімде өмір сүруге шақырады.

Академик Ә.Марғұлан башқұрттардың «Шежіре кітабы» негізге ала отырып қазақ-башқұрт ататектерінің түп негіздері туралы былай деп пікір өрбітеді: «Орал тауын қоныстайтын башқұрттар арасында «Ескі қырғыз» деген ауыл бар. Олар өздерін осы күнге дейін Қорқыттың ұрпағымыз деп санайды. Олардың ескі заманнан жазылып келе жатқан «Шежіре кітабы» бойынша Қорқыт жасаған заманнан XVIII ғасырдың ортасына дейін 18 ата өткен. ...Өздерінің қазақтан шыққанын айтып, «қазақпыз» деп, не «шала башқұрт» деп санап, бұрынғы бабаларының қонысын Арал теңізіне жақын, Сырдария жағасында тұрған Қорқыттың тамы, сол жердегі қалалар деп естерінде қалдырған. Атаулардың шығуына себеп болған тарихи негіз ерте замандағы оғыз тайпаларының Сырдария мен Орал тауының арасында көшіп жүруінен болған» [3, б.268]

Шежіре белгілі бір дәрежеде тарихи құжаттың, өзіндік жазба ескерткіштің сипатына ие: оларда тарихи мәліметтермен қатар өмір, халықтың құқықтық және моральдық, этикалық көріністері, халық ауыз әдебиетінің сюжеттері, әдеби үзінділер бар. Кейбір жекелеген шежірелер бірнеше ғасыр немесе одан да ұзақ тарихи кезеңді қамтиды.

Қазірде башқұрт халқында тарихи түп-тамырларына деген қызығушылықтың өсу үрдісі байқалады. Башқұртстанда жыл сайын «Шежіре байрам» мерекесі тойланады. Мереке барысында аға буын жастарға өзінің шежіресі туралы, белгілі тұлғалар мен ру тарихындағы елеулі оқиғалар туралы айтады. Және де бірыңғай дерекқорға шежіре жинайтын көптеген интернет сайттар бар. Аталған сайттар туыстарын немесе ата-бабалары туралы ақпаратты іздеуге қызмет ете алады.

Қорыта келгенде, тараушада қарақалпақ, қырғыз, башқұрт халықтарында шежірені жырмен айту дәстүрінің бар екені, әлі күнге сабақтастық тауып отырғаны пайымдалды. Орта Азиялық ғалымдар С.Аттокуров, С.Зәкиров, М.Ахметжанов, М.Усманов, М.З.Закиев, Д.М.Исхаков, Р.Г.Кузеев, М.Х.Надергулов, Г.Б.Хусайынов, А.И.Харисов, Марджани Шихабутдин, К.М.Мәмбетов, С.К.Камалов, Х.Дониеров, К.Ш.Шаниязовтардың еңбектеріне сүйене отырып, түркі халықтары (қарақалпақ, қырғыз, башқұрт) шежіре жырларының тұңғыш рет тарихи типологиясы сөз етілді. Қырғыз манасшылары, санжырашылары мен халық ақындарының шығармашылығындағы шежіре жырлар, шежірелік қолданыстарға тоқтала отырып, атақты «Манас» жырындағы шежірелік арқаулар сипатталды. Қырғыз санжырашысы Күлумбайұлы Молдокматтың Қырғыз Ұлттық ғылым академиясының Қолжазбалар қорында сақталған «Санжыра дастан», «Мүйізді ене» атты шежіре жырлары алғаш рет ғылыми айналымға енгізілді.

Аталған тараушада қарақалпақтың белгілі ақыны Бердімұрат Қарғабайұлының «Шежіре» атты дастаны мысалға алынып, қарақалпақ

халқының жырмен жазылған тарихынан мәліметтер берілді. Сонымен қатар, башқұрт эпостары «Қосақ би», «Едукей мен Мұрадым», «Бабсақ пен Қосақ» жырларының нұсқаларындағы шежірелік көріністер сараланды. «Бабсақ пен Қосақ» эпосының кең таралған екі нұсқасы (қыпшақ және бурзян) мысалға алынып, башқұрт ғалымдарының шежіре туралы еңбектеріне шолу жасалды. XIX ғасырдың ортасында өмір сүрген, ирактың тайпасынан шыққан, башқұрттың танымал ақыны Ғали Сокрыйдың жырмен жазған шежіресі туралы деректер келтіріліп, башқұрт шежіре жырлары ғылыми тұрғыдан дәйектелді.

Түркі халықтарының тарихы – ортақ тарих. Орталық Азия территориясындағы ірілі-ұсақты тарихи жағдайлар, үздіксіз жүріп жатқан жалпыадамзаттық үдерістер атап айтсақ, этникалық, этноаумақтық және саяси-әлеуметтік өзгерістер де түркі халықтарына ортақ. Сондықтан, қолда бар көптеген мәліметтерді пайдалана отырып қарақалпақ, қырғыз, башқұрт халықтарында шежірені жырмен айту дәстүрі қандай сипатта екені анықталып, ғылыми тұрғыда дәйектелді. Аталған дәстүрдің халық арасында бүгінгі күнде де жалғасын тауып отырғаны, тарихи төркіні тереңде екені зерделенді.

2 ШЕЖІРЕ ЖЫРЛАРДЫҢ ТАРИХИЛЫҒЫ

2.1 Қазақ шежіре жырларының қалыптасуы және дамуы

Шежірені халық ауыз әдебиетінің бір бөлшегі деп алатын болсақ, сол шежіренің көпшілігін жыршы-жырау мен ақындардың ауызша таратқаны белгілі. Тілге шешен, ойға жүйрік ақын-жыраулар ауыз әдебиетінің көркем үлгілерінде, атап айтқанда батырлық, ғашықтық, тарихи жырларда, айтыстарда шежірені өлең-жырға өзек еткен. Фольклортанушы ғалым Ш.Ыбраев шежірені салтқа қатыссыз фольклордың тобына жатқызады [71, б.79].

Тарих пен шежіренің бір-бірімен тікелей байланыста қалыптасатыны белгілі. Кез-келген шежіредегі кісі есімдері, ру атауларының басым бөлігі өмірде болған тұлғалардың негізінде түзілген. Дегенмен, шежіренің халық арасында таралуы, аңыз желісімен айтылуы, жыр түрінде жырлануы, атадан балаға мұра болып қалуы, фольклорға тән дәстүрлерді бойына жинақтауы – халық ауыз әдебиетінің бір тармағы ретінде қарастыруымызға негіз болатындығын көрсетеді [35, б.48].

Қазақ шежіре тарқату дәстүрін ұлттық болмысының бір қыры дей отырып, халық әдебиеті жәдігерлеріндегі шежірелік көріністердің қазіргі көркем шығармаларға дейін қолданылып келе жатқандығын фольклорлық дәстүр деп те қарастыруға мүмкіндік бар. Қазақ шежіресін этнографиялық тұрғыдан зерттеген ғалым А.Сейдімбек: «Қазақтың шежірешілдігін, дәлірек айтсақ, қазақтың тарихшылдығын ұлттық қасиет деуге болады. Бұл, әрине, ерекше артық жаралғандықтан немесе артта қалған жабайылықтан емес. Қазақ халқының шежірешілдігін тарихи санасының сергектігі, ең алдымен, оның ұзақ ғасырлар алдында көшпелі өмір салтта болуымен сабақтастырған жөн. Ал, салт атты көшпелілер өркениетінің (цивилизациясының) Еуразия ойкуменінде үш мың жылдық тарихы бар. Біздің заманымызға дейінгі XI ғасырдан бастап, біздің заманымыздың XVIII ғасырына дейін еуразиялық далада бір ғана өндіріс тәсілі болады. Ол – көшпелі мал бағушылық еді», – деп жазады [6, б.59].

Қазақ арасында шежіре дәстүрінің кең таралуының атап айтатын тағы бір қасиеті – ағайындықты өркендету, ұрпақ тазалығы, белгілі бір деңгейде туыстық байланысты айқындайтын құрал ретіндегі қажеттілігі. Ал осының астарында бірліктің, ынтымақтың, ел болудың негізі жатқандығы мәлім. Соның нәтижесінде өзегін жоғалтпай өміршеңдік танытып, ғасырлар бойына жалғасып отырғандығын байқаймыз. Мұндай ұлттық маңызы бар ерекшелік халықтың рухани байлығы– поэзия әлемінің бөлінбестей бөлшегіне айналуы қалыпты жайт. Өлеңді «сөздің атасы» деп танитын қазақ халқы үшін шежіренің поэзия түріндегі нұсқасы ерсі көрініс емес те еді.

Шежіре тарқату дәстүрінің негізгі сипаты – оның ұрпақтан-ұрпаққа ауызша тарайтындығында. Жаңаша жыл санауға дейінгі I-II мыңжылдықтардың өзінде-ақ көшпелі өмір салтын ұстанған көшпелілердің жүздеген, тіпті мыңдаған ру-тайпалық атауларының тарихи дереккөздерге ілігуі шежірелік дәстүрдің байырғы замандарда-ақ орныға бастағандығын көрсетеді. Ру-тайпа атаулары

арқылы ел-жұрттың ішкі құрылымы мен өзіндік сипатын анықтау қоғамдық өмір қажеттілігінен туындаған. Түркі халықтарында көне түркі, араб, жәдид, төте, латын, кирилл әліпбилерінде жазылған ру-тайпа атаулары мен олардың өмір деректері, тіршілігі туралы шежірелік сипаты басым ақпарат көптеп кездеседі.

Шежіре тарқату дәстүрінің алғашқы көріністері көне түркі жазба мәдениетінен бастау алады. Атап айтсақ, Орхон-Енесей ескерткіштеріндегі жазу: «Түрік халқы жойылмасын деп, әкем Елтеріс қағанды, анам, Елбілге қатынды Тәңірі төбесіне тұтып, жоғары көтеріпті». Сонымен қатар, Онгин ескерткішіндегі жазбада: «Елетміш ябғу ұрпағы Ышбара Тамған-шор Ябғу, інісі білікті Ышбара Тамған-тархан аймағымен (барлығы алпыс бес) ата» деген жазбалардан ауызекі шежірелік сарынды аңғаруға болады [72, б.187].

Көшпелі түркі-монғол халықтарының тарихына қатысты еңбектерде де ауызекі шежіре тарқату дәстүрі жалғасын тапқан. «Монғолдың құпия шежіресі», «Шара Туджи», Жамал Қарши «Оғыз-Қыпшақ шежіресі», Лубсан Данзан «Алтын топшы», Заһир ад-дин Бабырдың «Бабырнама», Баһадүр-ханның «Түрік шежіресі», Рашид ад-Дин «Жылнамалар жинағы», Дулат Мұхаммед Хайдари «Тарихи-и Рашиди», Әбілғазы Ұлықбектің «Сұлтандар шежіресі», «Насабнаме Шыңғыс», «Насабнаме қазақ», Өтеміс қажы «Шыңғыснама», Жалайыр Қадырғали «Жәми-ат-тауарих» еңбектерде мән-мазмұны тұрғысынан шежірелік дәстүрде жазылған, халық жадында сақталған мәліметтерді арқау еткен [40].

Жоғарыда аталған жазбалар мен Түркия, Иран, Ауғанстан, Үнді, Қытай сияқты елдермен саяси, діни, сауда байланыстардың арқасында келіп қосылған ұлан-ғайыр қолжазба туындылар XV–XVII ғасырларда ортаазиялық түркілік жазба мәдениетті жазба мұраларға толтырды. Бұл жайында шығыстанушы М.Әбусейітова: «Осындай молынан шоғырланған рухани құндылықтар ол кезеңде ешбір жерде кездеспеген еді», –деп жазады [73, б.9]. Сондай-ақ, кезінде түркі тілінің нағыз жанашырлары болған М.Қашқари мен Ж.Баласағұндардың игі істерін жалғастырушы Науаи, Бабыр сынды ғұламалар биік шыңға көтерген түркі әдебиеті жайлы: «Для рубежа XV-XVII веков мы располагаем уникальным свидетельством, как мы сказали бы теперь об «опорном диалекте средневекового среднеазиатского тюркского письменно-литературного языка», о его богатой базе» [74, с.65], – деген тілтанушы ғалым Г.Ф.Благованың пікірі мен түркітанушы И.В.Стеблеваның: «...К эпохе расцвета классической тюркоязычной литературы Средней Азии относится XVI век, начавшегося со второй половины XV века. В истории развития тюркоязычных литератур это было время, когда завершилась и особенно отчетливо проявилась консолидация» [75, с.23], – деген тұжырымдарынан-ақ, соңғы орта ғасырларда тарихи-деректанулық шығармалардың, шежірелердің Орта Азияда қандай дәрежеге жеткенін бағалауға болады.

Аңыздар мен тарихи деректерге сүйене отырып, ежелгі түркі тайпаларының шежіресін баяндайтын – «Алып Ер Тоңа» жыры. Жыр нұсқасы сақталмаған, бүгінге дастанның сюжеті мен жекелеген үзінділері ғана жеткен. Жыр кейіпкері Алып Ер Тоңа тарихи тұлға, түркі тайпаларының көсемі, ержүрек батыр ретінде дәріптеледі. Бізге Алып Ер Тоңа парсының ақыны Фердоусидің

«Шахнамасында» Афрасиаб ретінде де таныс. Ол – Иран-Тұран соғысында Тұран әскерін басқарып, талай жеңіске жеткен батыр. Алып Ер Тоңаның шыққан тегі туралы Х.Дулатидің «Тарихи Рашиди» еңбегінде былай тарқатады: «Афрасиабтың әкесі – Пишен (Бешен), Пишен – Дад Нишеннің баласы, Дад Нишен – Турдың баласы, ал тур болса Африддиннің баласы. Бұл деректер «Тарихи-гузида» кітабы бойынша келтіріліп отыр» [76]. Ғалым Н.Келімбетов: «...«Алып Ер Тоңа» дастаны – түркі халықтарының ежелгі ерлік тарихын аңызға айналған шежіре-деректер негізінде баяндайтын, көне түркі фольклорының дәстүрлі талаптарына сәйкес туындаған қаһармандық жыр», – деп баға береді [77, б. 47]

Тарихи деректер негізінде жырланған, түркі тілдес ежелгі сақ және ғұн тайпаларының шежіресін аңызға айналдырған эпостардың бірі – «Шу батыр» жыры. Жыр туралы ғалым Н.Келімбетов: «Шу» дастаны – сол сақтар дәуірінде-ақ өмірге келген жыр. Түрік ғалымы Н.С.Банарлы түрік дастандары негізінен тарихта орын алған маңызды оқиғалардан елес беретінін ескертеді. Шу батыр Сақтар мемлекеттік бірлестігіне қарасты Шу аймағында өмір сүрген. Аты әлемге мәшһүр аса дарынды ел билеуші, әрі дарынды қолбасшы болған. ... «Шу» дастаны сол дәуірдің тарихынан мол мәлімет беретін шежіре дастан болғанын аңғару қиын емес» [77, б.50], – деп жазады. Өз дәуірінің (сақ дәуірі) ауыз әдебиетінің үздік үлгісі саналатын бұл жыр кейінгі түркі жазба әдебиетінің қалыптасына зор әсер етті. Түрік билеушісі, дарынды қолбасшы, жыр кейіпкері Шу батыр сақтар мемлекеттік бірлестігіне қарасты Шу аймағында өмір сүрген. Сақтар қазіргі Орта Азия, Қазақстан жерлерін мекендеген ірі тайпалар бірлестігі екендігі мәлім.

Сонымен қатар, «Көкбөрі» және «Ергенекон» жырлары да – түріктердің ежелгі ата тегінің шығу тарихын дәріптеген туындылар. Бірақ, дастандар бізге толығымен жетпеген. «Көкбөрі» дастаны бізге қытай көне жазбаларындағы шағын прозалық үзінділері арқылы жеткен. Жыр көк түріктердің арғы атасы көк бөріден тараған деген сюжетті арқау етсе, «Ергенекон» жырында түріктердің ерлік үшін күрескені айтылады. «Қоғам дамып, уақыт озған сайын фольклорлық шығармалардың этнографиялық рәсімдермен, жол-жоралғылармен байланыстар типологиясы әртүрлі сатыға, түрлі деңгейге көтеріліп, қилы-қилы сипатта көрінеді. Бір шығармалар, таза рәсімді атқару қажеттілігінен туып, соған кіндік бауы байланып жатса, екінші бір шығармалар оларға жанамалай қызмет етіп, қосымша ыңғайда орындалады, енді бірқатар шығармалар дәстүрлі дүниетанымның идеялық өзегі мен ұстанымдарын мазмұндық өзегіне айналдырып, оны баяндай жырлайды...» [78, б. 316]. Түркі топырағындағы бай әдеби дәстүрден бастау алған проза және жыр үлгісіндегі шежірелік-тарихнамалық жазбалар ұлттық әдебиетіміздегі құрылымдық әрі көркемдік ерекшеліктерді дамыта отырып, әдеби шежірелердің қалыптасуына зор әсер етті.

Әбілғазы Баһадүр-ханның «Түрік шежіресінде» найман, жалайыр, керей, қоңырат т.б. жекелеген қазақ руларының атаулары жиі аталатынын, сонымен қатар өлең жолдары кездесетінін ғалым Б.Әбілқасымов былай деп жазады: «Шежіренің бір жерінде түркі тілінде, екінші жерінде парсы тілінде

құрастырылған өлең жолдары кездеседі. Бұл өлеңдер белгілі бір мазмұнға құрылған не айтулы оқиғаны суреттеуге арналған шығармалар емес, жазып отырған оқиғасын әсерлендіре, күшейте түсу мақсатында өзінің кітап кіріспесінде айтқан ақындығынан хабар беру үшін тілге тиек еткені болуы мүмкін» [79, б.31].

Ежелгі ру-тайпалық кезеңнен бастау алатын аңыз жанрының тарихы тереңде жатыр. Оны ру-тайпалардың шығу тегін баяндайтын шежіре аңыздардан көруге болады. Аңыздар тарихи шындық негізінде қалыптасып, әр замандағы тыңдаушы мен жеткізушінің қабілетіне, ой-толғамына сәйкес өзгеріп отырады. Жадтан-жадқа, ауыздан ауызға таралып келген аңыздарда кейбір тарихи оқиғалардың өзгеріске ұшырауы да мүмкін. Аңыздардың бір түрі – шежірелік аңыздар. Әр рудың, тайпаның кесте шежіресімен қатар, аңыз түріндегі қарасөз шежіресі атадан балаға, әртүрлі нұсқаларымен толығып бүгінгі күнге жетті.

Шежірелік аңыздардың алғашқы үлгілері XVI–XVII ғасырдағы түркі, парсы, шағатай жазуларындағы тарихи, шежіре шығармаларда, кейін XX ғасырдың басындағы қазақтың төл шежіре кітаптарында алғашқы қазақ газет-журналдарында басылған. Сондай-ақ Әбілғазының, Қ.Жалайыридің, Ш.Уәлихановтың, М.Ж.Көпеевтің, Қ.Халидтің, Ш.Құдайбердіұлының, М.Дулатовтың, М.Тынышбайұлының т.б. еңбектерінде жарияланған.

XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап Қазан төңкерісіне дейін Ресейдің В.Паллас, Н.П.Рычков, А.И.Левшин, В.В.Радлов, Н.Г.Потанин сияқты зерттеуші ғалымдары қазақ халқының шежірелік аңыздары туралы мәліметтерді, «қазақ», «қазақ-қырғыз», «Алаш», «үш жүз» және оның ру-тайпа аттарының шығуы жөніндегі ел аңыздарын жазып алып, орыс тілінде жариялаған. Кеңес өкіметі кезінде жариялауға тыйым салынып, кейіннен егемендік алғаннан кейін газет-журналдарда, әртүрлі жинақтарда жарияланып келген шежірелік аңыздар алғаш рет «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 83-томында толық жарияланды [41]. Аталған басылымда еліміздің сирек қорларында үш жүздің барлық ру-тайпасына қатысты аңыздар біркелкі, толық сақталмағандықтан, ешбір жүзге, ру-тайпаға, ру ішіндегі аталарға ешқандай басымдық берілмеген. Бір тайпа туралы аңыз аз немесе керісінше, аз тараған рудың аңызы мол болуы да мүмкін. Олар ғылыми басылымның ұстанымдарына сәйкес қарастырылып, мүмкіндігінше көркемдік сипатына қарай, түпнұсқа негізінде дайындалған. Алдымен «Қазақ», «Алаш», «Алты алаш» атауларының шығу тарихы, үш жүздің және ру-тайпалардың аңыздары ретімен беріліп, Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүз руларына, сол рулардан өрбіген аталарға байланысты аңыздар жеке-жеке таратылып, қалыптасқан үлгі бойынша жүйеленген.

Ғалым, әдебиеттанушы Т.Әлбековтың пікірінше: «Прозалық немесе болмаса жыр үлгісіндегі шежірелік аңыздар – бүгінгі іргелі ел, мемлекет құраушы қазақ ұлтының қалыптасу тарихын көркем бейнелі түсіндіретін көне заманнан бергі әлем халықтары, түркі, оғыз, моғол, ноғай, татар тайпаларының және оларды халық ретінде біріктіруші ұлы тұлғалары: Адам ата бастаған пайғамбарлар, сахабалар, Оғыз хан, Шыңғыс хан, Алаша хан мен халықтың

атауы «қазақ» деп, ал оның жалпы халықтық ұраны «Алаш» болып аталуының, олардың «үш жүз» болып бөлінуінің, белгілі бір тайпаның, рудың, оның ішінде ру аталығы аталуының, сонымен бірге қазақ халқының үш жүзіне кірмейтін, бірақ оны құрауға қатысқан қауымдар – төрелер, сахабалар, қожалар, шалақазақ, төленгіт, сұнақ т.б. аталуы, қысқаша айтқанда, қазақтың халық боп қалыптасуы туралы баяндалатын аңыз-әңгімелер» [80, б.32].

Шежірелік аңыздардың басты ерекшелігі – қазақтың жалпы шежіресінде, әр жүздің, рудың жеке шежірелерінде және оның құрамдас бөлігі ретінде кездесетіндігі болып табылады. Қазақ халқының шығу тарихы туралы аңыздарда бір-біріне ұқсас белгілі сюжеттер көрініс беретінін байқауға болады. Шежірелік аңыздарда көбінесе ұл баланың жау шапқанда жұртта қалып қалуы, баланы өзге рудың адамдары тауып, асырап, бағып қатарға қосуы, сонымен қатар жас жесірдің әмеңгерлікпен қайнысына немесе сол рудың адамына тұрмысқа шығып, уақыт өте келе одан туған ұрпақтар бір қауым ел атануы, елге жаугершілік заманда сырттан қауіп төнгенде, белгісіз жас жігіт өз атасының атын ұран етіп, жаудан елін, жұртын құтқарып, ұранға айналуы сияқты сюжеттер жиі кездеседі.

Мысалы: «Қазақтың үш жүзге бөлінуі» туралы аңыздың оншақты нұсқасы бар. Ел арасына көп тараған бір нұсқасының сюжеті мынадай: «Адам ата 1000 жыл жасапты. Нұх пайғамбарға дейінгі ұрпағы өсіп жүз мыңға жеткен. Адам ата өлерінде халықты Шышқа тапсырған. Шыш 912 жасқа жеткен. Шыштан Қайнал туған, одан Мағауия, Бөрден, Ыдырыс туған. Ыдырыс өте білімді зор ғалым болып, 750 жас жасаған. Халыққа неше түрлі өнер үйреткен, дүниеден тірі ғайып болған. Ыдырыстан Манғұрат туған, одан Лайса, Нұх туған. Нұх атасының орнына патша болған. Нұхтың патшалығы кезінде халық өте көп өсіп, бұзақылар көбейіп, патшаға бағынбай, жанжал шығара бастапты. Жаратушының бұйрығымен жер бетін топан су қаптаған. Содан Нұх пайғамбар үш ұлымен, үш келінімен және сексен адам әртүрлі жануарлардан өздерімен бірге алып, кемеге түскен. Нұх пайғамбар кememен қырық жыл алты ай суда жүзген. Су тартылып, құрғаққа шыққан соң оба ауруынан үш ұл, үш келінімен қашып құтылыпты. Жер бетіндегі халық сол үш ұлдан тараған. Ол үш ұлының бірі Қам, екіншісі Сам, үшіншісі Якиш екен. Қамның ұрпағы: Орыс, Герман, Румын, Түрік. Самның ұрпағы: Арын, Габар, Шалық, Арпахмет, Аргон, Анеток, Тарах. Тарахтан Ибраһим пайғамбар. Якиш ұрпағы: Шын, Шыннан Қытай және сол тектес елдер. Ибраһимнен Смағұл – Араб халқы және Сақақ. Сақақтан: хандар, Түрік, Табағы. Табағыдан Масагет, Қасах, Махалла, Сах. Сахтан: Әнсәрі, Әнсәріден – Хамит. Хамиттен: Әннес сахаба, Охас-Сахаба. Охастан Кавказ халқы. Әннастан: Мадат, Ғажат, Сыбай, Оқас. Мадаттан: Өзбек, Ұйғыр, Гагауыз. Оқастан: Түркмен, Болғар, Қарашай, Құмық, Текежау. Ғажаттан: Ноғай, Татар, Башқұрт. Сыбайдан: Алаш, Алаштан Жайылхан, Сейілхан. Жайылханнан: Қазақ, Қырғыз, Қарақалпақ, Созақ. Сейілханнан Қыпшақ, Палауса. Созақтан: Моңғол, Түркмен халықтары. Қазақ үш жүзге тараған: Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз [81, б.18]. Осы нұсқаға негіз болған сюжет көптеген шежірелік жырларға арқау болды. Атап айтсақ: «Қазақ шежіресі», «Адам әлеиһисалламнан бері қарайғы ұрпақ, руларға

дейінгі шежіре», «Өлең-шежіре», «Адам атадан бергі шежіре», «Дүниежүзіндегі халықтардың тайпа, руларға бөлінуі», т.б.

Сондай-ақ, орта жүз Найман руының шығу тарихы туралы аңыздар көптеп саналады. Солардың бірі ОҒК-ның Сирек кітаптар және қолжазбалар қорында сақталған Өмірзақ Ахметовтың қолжазбасының сюжеті төмендегідей: «Тоқпанға әкесі Найман Үйсін Найманбай бидің қызы Ақсұлуды алып береді. Тоқпан жиырма жасында ауырып өледі. Тоқпан өлгеннен кейін көп кешікпей-ақ артынан шешесі де өледі. Найман жетім, Ақсұлу жесір қалады. Жетім қалған, ұлғайған Найманға Ақсұлу кемпірінің қырқы өткеннен кейін Үйсін Дулат бидің қызы Әлпешті алып береді. Бір жыл өтісімен Әлпеш ұл бала туады. Ол баланың атын Ақсұлудың өзі «Белгібай» деп қояды. Белгібай деп қоюдың мәнісі: «Тоқпаннан қалған белгі» деген сөзі еді. Белгібай он жеті жасқа шыққанда Ақсұлу отыз жетіге шығады. Осы жасында Ақсұлу Белгібайға тиеді. Екі бала – Келбұға, Кетбұға деген бала туады. Сол кезде Ақсұлу қырыққа шығады. Ол қырыққа шығысымен ел басқару жұмысына ауысады. Белгібайға өзінің сіңлісі Тоқсұлуды және түрікмен Арлауыт бидің қызы Ақбаршынды алып береді. Өзі билік жұмысымен айналысып кетеді. Сонымен бүкіл Найман тайпасы Ақсұлудың ақылымен жүзеге шығып, қабырғалы елдің біріне айналған» [ОҒК.Қ.146-бума]. Осы аңыз желісі «Өлең-шежіре», «Сатыпалды Файзолла қаридың өлең шежіресі», «Орта жүз Найман, Қарамолда ұрпағы», «Найманның жеті аталарынан белгілі руларын баян қыламыз», т.б. жырларда кездеседі. Осындай мысалдарды көптеп келтіре беруге болады.

Қазақ шежіре жырлары тарихи оқиғаларды дәлме-дәл қайталайды деуге болмайды. Ұлт тарихындағы кейбір оқиғалар, аңыздар шындықтан алшақ екені де байқалады, адам аттары, мекен, мерзім шатастырылып, әр заманда болған оқиғалар шоғырланып беріледі. Мысалы баршамызға мәлім ұлы жүздің анасы саналатын Домалақ ана туралы аңыздың шежіре жырларда қолданылуына зер салсақ. Домалақ ана (шын есімі – Нұрила) ұлы жүздің атақты аналарының бірі саналады. Әкесі – түркістандық Мақтым Ағзам қожаның немересі Әли Сылан, шешесі – Нұрбике. Нағашылары – Уайыс хан Моғолстанды билеген хан болған. Нұрила атасы Мақтым Ағзамның қолында тәрбиеленеді. Он тоғыз жасында Бәйдібек биге жар атанады. Нұрила өзінің парасаттылығы мен ақылдылығымен елге сыйлы, дана келін атанған. «Diһнат мама» (парсыша «Әулие ана») деп атаған түрікпендер. Бұл сөз уақыт өте келе «Домалақ анаға» айналған.

Шежіре жырлардың басым көпшілігінде Домалақ ана туралы аңыз тілге тиек етіледі. Кейбірінде жай шолу ретінде қысқа айтылса, ал кейбірінде аңыз көркемделіп, толығымен жырланады. Аңыз сюжеті қысқаша мынадай: Бәйдібек би ауылда жоқта қырғыз батыры Аққошқар бастаған жаулар оның жылқысын барымталайды. Жаулар Домалақ ананың дәм татып, қайыр-садақа ретінде шапқан малдан бір жылқы алуын өтінеді. Сонда Нұрила ақжал сары айғырды алып қалады. Жау соңынан қуған Бәйдібектің Сары бәйбішеден туған алты ұлы келіп, Домалақ ананың «Шырақтарым, аттан түсіңдер. Жылқының түп қазығы бізде, өзі-ақ келеді. Соңынан қуып әуре болмай-ақ қойыңдар. Құр бекер мерт боласыңдар» дегеніне көнбей, дұшпандық көріп, жау соңынан кетеді.

Ұлдарынан соң келген Бәйдібек Домалақтың айтқанына істейді. Айтса айтқандай таң ата бере байлаулы ақ жал сары айғыр кісінейді. Қараса бар жылқы қайтқан екен. Ал Сары бәйбішенің алты ұлы жау қолынан қаза болады.

Осы аңыз «Үш жүздің шежіресі» атты жырда:

Домалақ Жарғышақтың өзін тапқан,
Албан, Суан, мынау Дулат – Жарғышақтан.
Зеріптен Шапырашты, Ошақты, Ысты,
Қосылып төрт Дулатпен шалқып жатқан.

Сары бәйбіше болады Қалша, Жақып,
Домалақ анасының қарғысы атқан.
Көк өгізге өкпелеп Суан көшіп,
Шеттен қоныс алыпты шығыс жақтан, – десе, «Қазақ шежіресі» атты жырда Домалақ ананың шын есімі Бибісара деп көрсетіледі:

Бәйдібектің тоқалы – Домалақ-ты,
Туған екен Домалақ Жарықшақты.
Ол кісінің аты екен Бибісара,
Ешкім оның шын атын атамапты.

Жарықшақтан Албан мен Дулат, Суан,
Үшеуінің тұқымы талай дуан.
Өсіп-өнген халықта кім болмайды,
Талай-талай зорлықшыл шыққан жуан.

Ал, «Түрік тайпалары және қазақ үйсіндері» атты жырда көпшілікке белгісіз мына дерек ұшырасады. Қарашаұлы Бәйдібек ерте көз жұмады. Домалақ ана Жарықшақпен жесір қалады. Әмеңгерлікпен қайнысы Байдоллаға тимек болады. Байдолла қарсылық білдіреді.Байдолланың Шақшам деген жалғыз ұлы бар. Қайнысы жеңгесін «күң» деп кемсітіп, әйелдікке алудан бас тартады. Сонда Домалақ ана қайнысына былай депті:

Сен мені алмасыңа көзім жетті,
Құлақ сал, көзім жетті, ей, бейшара.
Мені алсаң екі бала көрмекші едің, –
Осылай деген екен Байдоллаға.
Екі есе Жарықшақтан көп болушы ең
Ақыры мені мұндай еттің нала.
Жүз үйден көп болмасын тұқымдарың
Біржола кетпесе де болып ада.
Тарады азғантай боп Шақшам елі,
Қарғысы Домалақтың боп бәһана.

Жыршы тарихта белгісіз осындай дерек келтіре отырып, іле-шала «Баласы Құдайберді жазуынша» деп жалпақ жұртқа белгілі аңызды жырлайды. Тарихқа сүйенсек, Бәйдібектің Байдулы деген ағасы, оның жалғыз Шақшам деген ұлы болғаны рас [82, б.14]

Қорыта келгенде, тайпалар, рулар туралы шежірелік аңыздар – шежіре жырлардың қайнар көзі, арқауы деп тұжырым жасауға болады.

Эпикалық уақыттың мөлшерін таразылаған академик Ә.Марғұлан: «Қазақ эпосы кейде жылнамалық жазбалардан кем түспейді, олар кей сәттерде жазусызуға машықтанбаған халық арасында жылнамалық жазбалардың орнына жүрген. Осы оқиғалардың эпоста суреттелуінің дұрыстығы соншама, оларды тіпті тарихи әдебиеттер де дәлелдеп отыр», – деп жазады [3, б.157].

Кез-келген эпостың тарихи негізі болуы шарт. Мұндағы айтылатын мәселе – эпикалық шығарма қай дәуірде тумасын өз заманының ірілі-ұсақты тарихи оқиғаларын шынайы суреттеуінде. Қазақ батырлық жырларының біразы белгілі бір рудың, тайпаның тыныс-тіршілігін суреттейді. Ғалым Ш.Ыбраев бұл кезеңді «Ру аясындағы дәуір» деп шартты түрде атайды [71, б.81]. Ру атаулары әр эпоста мысалы, қыпшақ, қоңырат т.б. деп нақты аталады. Осыған орай батырлық жырларда айтылатын эпикалық уақытты фольклортану ғылымында «қыпшақ эпосы», «рулық эпос», «тайпалық эпос», «оғыз-қыпшақ эпосы» деген атау қалыптасқан (Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, М.Ғабдуллин т.б.).

Батырлар жырындағы батырдың ата-анасы бір сәбиге зар болып, әулие-әнбиелерді аралап, Тәңірге жалынып жүріп көрген перзенті жыр соңында бір елдің, халықтың құтқарушысына, мақтанышына айналады. «Бір перзентке зар болу» мотиві ата-ананың артында мұрагер қалдыру мақсатында туған. Жыршылардың қаһарманның шыққан тегіне ерекше назар аударуы да тегіннен емес. Мысалы:

Кешегі өткен заманда,
Қарақыпшақ Қобыланды –
Атасы мұның Тоқтарбай,
Халықтан асқан болды бай.
Байлығында есеп жоқ,
Айдалып бағып жайылды,
Төрт түлік малдың бәрі сай.
Жаз жайлауы Көздікөл,
Көзді көлді жайлаған
Қалың Қыпшақ жағалай.
Тоқтарбайдың дәулеті –
Ішкені мас, жеген тоқ,
Бай-кедейдің көңілі жай.
Қыс қыстауы Қараспан,
Ат үйірінен адасқан,
Қалың қыпшақ тізіліп,
Қонса қоныс жарасқан.

Әліп таңба Қыпшақтың
Атағы озған Алаштан. (Мергенбай жырау нұсқасы)

Бұл – бүгінде отыздан астам нұсқасы ғылыми айналымға енген, халық арасына көп тараған «Қобыланды батыр» жырынан үзінді. Ғылыми зерттеулерде жырды қыпшақ тайпасының эпосы деп айтылып жүр. «Қобыланды» жырының пайда болған мерзімін анықтау үшін ғалымдар зерттеу мақалалар арнады. Атап айтсақ, Ә.Бөкейханов, М.Әуезов жырды «қыпшақ эпосы» деп қарастырады. Жырдағы Қобыланды батырдың әкесінің есімі Тоқтарбай екендігі, руының қыпшақ, оның ішінде қарақыпшақ, жайлауы – Көздікөл, қыстауы – Қараспан екендігі туралы мол мәлімет аламыз. Яғни, жырдағы көркем шындық тарихи шындықпен жанасады деуге болады.

Жиделі Байсын жерінде,
Қоңырат деген елінде,
Құлтай деген өтіпті.
Дүниеге адам тоқталмай,
Солардың бәрі кетіпті.
Замана заман болғанда,
Азат болып мұсылман
Басына бабы қонғанда,
Халық болып бекітті.
Жиделі Байсын жер бопты,
Қоңырат деген ел бопты.
Сол елдің қалың ішінде,
Құлтай деген ер бопты.
Ер Құлтайдың баласы
Байбөрі деген шер бопты. (А.Нысанов нұсқасы)

«Алпамыс батыр» жырының қазақ, өзбек, қарақалпақ т.б. нұсқаларының болуы түркі халықтарының этникалық құрамынан хабар береді. Қоңырат тайпасының эпосы саналатын «Алпамыс батыр» жырында Байбөрі деген байдың қоңырат руынан екендігін суреттеген үзіндіде шежірелік сипаттың жатқандығын аңғара аламыз. Аталған эпосты зерттеген ғалымдар оны қоңырат тайпасының эпостық мұрасы ретінде зерделейді. Ғалым В.М.Жирмунский: «По своему происхождению «Алпамыш» во всех трех дошедших до нас поэтических редакциях – племенной эпос конгратцев» [83, б.570], – деп жазса, академик Р.Бердібай: «Ғалымдардың «Алпамыс батыр» жырын қоңыраттардың тайпалық эпосы деп бағалауы осындай тарихи негізге сүйенгендіктен туған. Ең қызықты жері – қазақ, қарақалпақ, өзбек қоңыраттары өздерінің аңыз, әңгімелерінде Алпамыстың қоңырат ішіндегі қандай рудан «шыққанына» дейін айтып келген», – деп жырдың қазақ пен қарақалпаққа ортақтығын тілге тиек етеді [84, б. 45].

Сонымен қатар эпос қаһарманының шыққан тегін, руын мақтау, дәріптеу «Қамбар батыр» жырында да кездеседі:

Мерекеге келмеген,
Әлімбайдың баласы
Қара қасқа атты Қамбар бек.
Ерлікті елден асырған,
Айыбы жалғыз – кедей деп.

Қазақ ғашықтық жырларының інжу-маржаны саналған «Қыз Жібек» жырының желісінде Төлеген мен Жібектің шыққан рулары аталып өтеді. Ғалым Ә.Қоңыратбаев жыр туралы: «Қыз Жібек» жырының дәл қай кезеңде туғаны мәлімсіз. Зерттеушілер жырды XVII ғасырда Жайық пен Қара теңіз бойын жайлаған Жағалбайлы мен Шекті елдері арасында туған сюжет дейді. Шектілердің бір тобы ол кезде Орынбор маңын жайлаған» деп «Қазақ фольклорының тарихы» атты зерттеудің «Батырлық жырлар» атты тарауында түйіндейді [85, б.98]. Ал, профессор Сұлтанғали Садырбаевтың «Қыз Жібек» жырының романтикалық сипаты» атты мақаласынан мынадай жолдарды кездестіреміз: «Жырдың сюжеті XVII ғасырдағы Кіші жүз және Орта жүз тайпаларының тарихы мен этнографиясына тікелей байланысты, шынайы уақиғадан алынған» [86, б.56].

Кешегі өткен заманда,
Дін мұсылман аманда,
Кіші жүздің ішінде,
Жағалбайлы елі бар.
Жағалбайлының мекені
Ақ теңіз деген көлі бар.
Жаз жайлауын сұрасаң
Қара теңіз жағасы
Ұлан, Шәмбіл белі бар.
Жағалбайлы елінде
Базарбай атты байы бар. (Қазан нұсқасы)

Кезінде лиро-эпикалық жыр деп аталып, кейіннен ғалым Қ.Жұмалиев «тарихи жыр» құрамына енгізсе, ал академик С.Қасқабасов «балладалық жыр», филология ғылымдарының докторы, профессор Б.Әзібаева «хикаялық дастан» жанрына құрамында қарастырған «Айман – Шолпан» жырында да шежірелік сипаттау кездеседі [18, б.184-192].

Маманды рулы елге қылған баға,
Маман бай мал біткенге қылған тоба.
Байлығы Маман байдың жаннан асқан
Сұрасаң ата тегін, түбі – тама.
... Кіші жүз алшын, жаппас, шөмекейден
Бір кісі өліпті екен, беріпті ас.

...Тілеуін Маман байдың Құдай берді,
Құрметтеп талай тама қасына ерді.
«Даңқымды шөмекейге білдірем», – деп,
Саба артып тоғыз нарға Маман келді.

Шығармаға арқау болған оқиға XIX ғасырдың ортасында кіші жүздің тама, алшын, жаппас, шөмекей руларының арасында өткенін айғақтайды.

Сондай-ақ, «Наурызбай – Қаншайым» жыры да классикалық эпос желісімен жырланған. Атап айтсақ, Наурызбайдың ата-анасын мадақтауы, ерекше бала ретінде дүниеге келуі, жастайынан ерлік көрсетіп, батыр атануы, қалыңдық іздеуі, т.б.

Абылай – ақ ту алған ата затым,
Әкем – Қасым, Наурызбай – өзім атым.
Қайраты бізбен теңдес адам болса
Айтыңдар білгеніңді, азаматым.

... Қосқаным, тақсыр, сіздің ханыңызға,
Менде жоқ, Құдай ақы, өкпе, төрем.
Арман жоқ Кіші жүзде бір қызбенен
Жеткен соң қолы сіздей бекке, төрем.

Аталған жырда қаһарманның ерлік көрсетіп үйленуі, қазақтың салт-дәстүрі әсерлі суреттелген. Наурызбай батыр өзін таныстырғанда арғы атасы атақты Абылай ханнан тарайтынын мақтан етеді.

«Алпамыс», «Қобыланды», «Қамбар» сынды классикалық эпостарда жекелеген рулардың тұрмыс-тіршілігін, сонымен қатар сол рудан шыққан батырдың өмірін жырлау басым болып келеді. Қобыландының ерлік істері балалары Бөкенбай мен Киікбайға, Құламергеннен баласы Жоямергенге жалғасып отырады. Яғни, эпоста іштей тұтастану жүріп отырады. Ғалым Б.Серікбайұлы: «Қазақ эпосын этнографиялық, шежірелік (ру тарихы) тұрғысынан бөліп көрсеткен Ш.Уәлиханов қазақ эпосын тайпалар дәуірінде туған, онда аңыздық, тұрмыстық, этногенездік, поэзиялық сипат басым екендігін айтып, тарихилығына тоқталған. Сондықтан эпостағы шежірелік арқауларды тап басып, дәл тауып дәлелдеуде ғылым үшін аса қымбат»,– деп тұжырымдайды [35, б.49].

«Қырымның қырық батыры» – қазақ батырлық жырларының бір тармағы болып саналады. Аталған жырлар циклін шежірелік жыр деп те атауға болады. 1942 жылы белгілі жырау Мұрын Сеңгірбекұлынан жазылып алынған бұл жыр тізбектерінің жалпы саны – отыз алты. Ауыз әдебиеті мен шежіредегі аңыздарға сүйенсек, қырық батырдың арғы тегі Нұх, Аннас сахабалар. Аннастың үш әйелінен он төрт перзент болады. Екінші әйелінен Қырым батыр жеке туылады. Қырым батырдың кіндігін кескен жері Қырым түбегі деп айтылады. Батырдың

ұрпақтарынан неше алуан ержүрек мықтылар шыққан. Қырым батыр ұрпақтарының батырлық даңқын, ерлігін мадақтау арқылы «Қырымның қырық батыры» циклді жыры пайда болған.

«Қырымның қырық батырын» жыршылардың өздері шыққан тегіне қарап «Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары», «Қарадөң батыр және оның ұрпақтары», «Жеке батырлар» деп аталатын үш салаға бөліп жырлағаны белгілі [87, б.135]. «Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары» шежірелік саласына «Аңшыбай», «Парпария», «Құттықия», «Едіге», «Нұрадын», «Мұса хан», «Орақ», «Мамай», «Қарасай», «Қази», ал «Қарадөң батыр және оның ұрпақтары» саласына «Қарадөң», «Жұбаныш», «Сүйініш», «Ер Бегіс» жырлары жатады. Үшінші сала – Тама батырлары, жеке батырлар.

Руымды сұрасаң
Ноғайлының ішінде,
Қырық сан Қырым ел едім. («Ер Қосай»)

Атам атын сұрасаң,
Ала тайлы Аңшыбай.
Баба түкті шашты Әзіз –
Аңшыбайдың баласы.
Шашты Әзіздің баласы
Парпария сұлтан хан еді,
Өз әкемді сұрасаң,
Құттықия бек еді,
Өзім атым – Едіге. («Едіге»)

Менің атым – Қарасай,
Мен де Орақтың баласы-ай. («Қарасай, Қази»)

Қарадөңнің баласы –
Жұбаныш деген ер еді. («Сүйініш»)

«Қырымның қырық батыры» жырлар топтамасын сөз еткенде фольклортану ғылымындағы шежірелік тұтастану құбылысы туралы айтпай кету мүмкін емес. Академик С.Қасқабасов аталған жыр топтамасы туралы: «Қазақ фольклорындағы шежірелік тұтастанудың классикалық үлгісі – «Қырымның қырық батыры» (кейде оны «Ноғайлының қырық батыры» деп те атайды). Аталмыш эпос басқа халықтармен салыстырғанда, бірнеше ұрпақты қамтуымен ерекшеленеді. Айталық, оның «Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары» атты бөлімінде бас батырдың жеті ұрпағына дейін қамтылады, яғни оның баласы, немересі, шөбересі, шөпшегі, неменесі, туажаты – түгелімен ата жолын қуған батыр болып суреттеледі, ал батыр болмағаны бәрібір өз баласынан ата кегін қайтаруды талап етіп, батырлық мінез көрсетеді. Осындай жағдай «Қарадөң батырда» да байқалады: батырдың өзі, баласы Жұбаныш, немересі Сүйініш,

шөбересі Ер Бегіс, шөпшегі Көгіс, неменесі Тама, тағы басқа ұрпақтары», – деп жазады [88, б.94].

Қазақ эпосында шежірелік тұтастану, біріншіден, бір шығарма аясында, екіншіден, батырдың баласына, немере-шөберелеріне, яғни ұрпақтарына арналған бірнеше шығармада көрініс береді. Шежірелік тұтастану құбылысы академик С.Қасқабасовтың зерттеуі бойынша екі мақсаттан пайда болған. Біріншісі батырды дәріптеу, ал екіншісі ұрпақтардың, ата мен баланың, аға мен інінің ынтымақта болуын ардақтау. Туыстық қарым-қатынастың үзілмей, тығыз байланыста болуын көксеу. Яғни, «атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі» деп армандайтын халық, жыршыдан өзінің сүйікті батыры туралы жырлаумен қатар, оның баласы жайында да әңгімелеуді талап еткен [18, б.184-192].

Жыршы-жыраулардың уақыт, өмір шындығын шынайы көрсету үшін көптеген ізденістер жасағанын тарихи жырлардан көруге болады. Тарихи жырларда бас кейіпкердің арғы бабаларына үлкен мән беріліп, дүниеге келген ұрпақ арғы тегіне тартып туғандығымен дараланады. Ру-тайпа, жүз атауларын пайдалана отырып, қаһарманның ата тегін тыңдаушыға жеткізуде жыршы жырдың алғашқы шумақтарында жоғарыда көрсеткендей түйдек-түйдек тіркестер қолданған. Ғалым Б.Рақымовтың эпостағы шежірелік арқаулар туралы ой-пікірінің дұрыстығына, шежірелік мәліметтердің кіріспеде айрықша рөл атқаратындығын, оның халық ауыз әдебиетінен сабақтастық тауып келе жатқан дәстүрлі құбылыс екендігін мақұлдаймыз. Қазақ шежіре жырларының қалыптасу тарихына шолу барысында барлық эпостардың шежірелік сипатына тоқталу мүмкін еместігін байқауға болады.

Айтыс өнері – ауыз әдебиетінде бұрыннан келе жатқан поэзиялық жанр. Суырыпсалмалықты, шешендікті, жылдамдықты, ақындық шеберлікті талап ететін бұл сөз өнерін халқымыз әлі күнге дейін жоғары бағалайды. Тайпалар мен тайпалар, рулар мен рулар, топтар арасындағы тартыс, айтыс ежелгі рулық қоғамнан бастау алады. Ру арасындағы айтыстарда танысып-білісуге сәйкес өздерінің аты-жөнін, руын сұрасуға мән беріп, сол арқылы айтыс өзегін әрі қарай жалғастырып, сабақтауға ұмтылатыны бар. Қазақта рулық айтысының мынадай ерекшеліктерін атап айтуға болады:

1. Бір рудың, бір ауылдың адамдары яғни рулас, ауылдастар айтыспайды. Рулық айтыстарға ортақ ерекшелік – қарсыластың (рудың), ауыл адамдарының кемшіліктерін айтып, әшкерелеу.

2. Егер қыз бен жігіт айтысы болса, ақын туыстас әйел затымен айтыспайды. Рулық айтысқа тек рулары бөлек қыз-жігіттер түседі.

Айтыс жанрын зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне сүйенсек, XVIII – XIX ғасырларда кең өріс алып, дамыған бұл өнерге ақындар әр рудың атынан түсіп, әрқайсысы өз руының намысын қорғауға тырысқан. Әсіресе, XIX ғасырда өмір сүрген ақындардың (Шөже, Балта, Орынбай, Тезекбай т.б.) сан алуан сөз тартыстарында өз руын, елін мадақтау немесе қарсылас руды кемсіту сөздер де жетерлік.

Мысалы: «Жанақ пен Түбектің айтысында»:

Жанақ:
Мен Арғын болғанда, балам Найман,
«Кедей Жанақ» десең де арланбаймын.
Ашуыма көп тиме, Найман бала,
Аузыңды қобызыммен қан қылғаймын.

Түбек:
Арғын болсаң қайтейін, Наймандаймын,
Куәм бар, қай сертіңнен тайғандаймын.
Ұрының өзіне лайық сойылы бар,
Домбыраммен қақ басқа қойғандаймын. [89, б.37]

Бұл айтыс XIX ғасырдың 30-40 жылдары болған.

Қазақ пен қырғыз арасында жатқа айтылып, бір жарым ғасырдан астам уақыт бойы ауызша сақталған «Сүйінбай мен Қатағанның айтысында» XIX ғасырдағы қазақ пен қырғыз халықтарының әлеуметтік жағдайы мен сол дәуірдегі қарапайым халықтың тұрмысы тарихи шындық негізінде терең ашылған. Жетісудің атақты ақыны Сүйінбай қырғыздың Қатағаң ақынымен айтысып, бар қазақты айбар етіп түгендеп беруі, сөзбен сойыл соғып, қарсыласына мықтап сес көрсетуі өз халқына, еліне деген сүйіспеншілігін білдіруі деуге болады.

Сүйінбаймен айтысқан қырғыз ақыны Қатағанның толық аты-жөні – Арыстанбек Бұйлашұлы. Қатағаң руынан шыққан соң, онымен айтысқан ақындар оны Қатағаң деп атап кеткен. Сүйінбай да оны айтыс үстінде Қатағаң деп атайды. Халықаралық деңгейдегі бұл ең ірі айтыс 1852 жылы Ыстықкөл жағасындағы Жетіөгіз жайлауында өткен. Екі ақын қырғыз манабы Орман ханның әжесі Ботайға берген асында кездескен.

Сүйінбай ақынның айнала анталаған азулы шоң-манаптарға тура қарап, именбей, жасқанбай, ерекше сес көрсетуінің өзінше бөлек сыры бар. Сүйінбай мұндай халықаралық деңгейдегі аламан сөз сайысында қалың бұқараға арқа сүйеп, өзін әманда еркін, асқақ ұстайды. Қазақтың үш жүзінің: жалайыр, қаңлы, албан, суан, дулат, шапырашты, ысты, ошақты, арғын, найман, уақ, керей, қоңырат, қыпшақ, байұлы, жетіру, әлім, алшын, жаппас, шөмекей, тама тәрізді ру-тайпа атауларын кезек-кезек атап, олардың тұрмыс-тіршілігін, атақты адамдарының атағын асқақтатып жырлайды. Бұл жерде назар аударатын ерекше жайт – Сүйінбайдың қазақ пен қырғыздың ішкі этникалық құрамын, елдің шежіре тарихын жан-жақты өте терең білетіндігі.

Қатағаң ақынның мақтанып:
... Қалың жатқан манаптар,
Жегені ылғи жал-жая.
Қаратабан Екейсің

Сен манапқа жетпей қал, – деп кемсітіп, намысына тиген сөзіне Сүйінбай ақынның берген жауабы:

Таусылмайтын айтқанмен,
Жалпақ жатқан Ұлы жүз,
Басқа жүзге кетейін...
Орта жүздің бір елі –
Бұлай барсаң найманым,
Құлашты кеңге жайғаным.
... Одан былай керейім,
Керейімнен терейін.
... Анау жатқан – арғыным,
Арғыным атқан қонғанда
Басыңнан аттап қарғыдым.
... Он екі ата Байұлы,
Жеті аталы – Жетіру,
Әлім менен Шөмекей
Халқымның еді жағасы! [90, б.219-221]

Қырғыз ақыны Қатағанның «көппін», «бекпін», «баймын», «мырзамын» деген сөзіне намыстанған Сүйінбай осылай жауап береді. Қазақтың үш жүзін, руларды, ондағы атақты, білікті тұлғаларды шолып шығады. Дулат тайпасынан шыққан батырлардың көптігін, шапыраштылардың ақындығын, ыстылардың батырлығын, наймандардың қонақжайлығын, кіші жүздің ерлігін т.б. барынша үш жүздің барлық руының жақсы қасиеттеріне тоқталған. Аталған айтыс – халықаралық дәрежеде өткен көркемдігі жоғары қазақ айтыстарының бірі. Халқымыздың руды, жүзді тергегенде бөлінуді емес, бірігуді, ынтымақты насихаттағанының бір дәлелі.

Қарсыласына өз елінің тұлғалы адамдарын таныстыру мақсатында, игі жақсыларды салыстыра салмақтау үшін айтылатын жырдың осындай түрі негізінен айтыс саласында жиі кездеседі.

Өз шыққан тегін, руын жырлау, шежіре тарқата отырып айтысу дәстүрін «Жамбыл мен Сарбастың айтысынан» да көруге болады. Аталған айтыс мәтіні 1927 жылы жазылған. Бірақ қайдан, қашан, кімнің айтуынан жазып алынғандығы туралы мәлімет көрсетілмеген. Бұл тұрғыда профессор С.Садырбайұлы: «Жазушы Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс туралы тарихи деректер табу үшін Жетісу жерінің елді мекендерін аралаған. Міне, осындай ғылыми сапарларының бірінде, белгісіз біреулердің қолынан біз атаған Жамбыл мен Сарбас айтысының толық нұсқасын алса керек», – деп өз ойын білдіреді [86, б. 226]

Айтысты Сарбас бастайды:

Дулат деген ел едім,
Мені байқап қарасаң,

Орнап жатқан көл едім.
Шапырашты ел ме екен,
Ойқастау саған жөн бе екен?
Мен – Майкөттің сегіз ұлының бірімін,
Мен сендейдің бәрін де
Жаныштап, жастап жүр едім.
Шақырған соң қауымым,
Бұл жиынға кеп едім.
Нағашым Жалбыр, Он Қабан,
Осал жерден шықты демегін.

Сарбастың нағашысы Қабан ақын, яғни ол Ұлы жүздегі жалайыр елінің жиені. Сарбас – лақап аты. Шын аты – Тілеулі. Сары адам болған соң, ел оны «Сарбас» деп атап кеткен. Ақын айтысты бастарда өз құлағын өзі бұрап, айғайлап барып бастайтын әдеті болған. Ол оны нағашысы Қабаннан үйренеді.

Сарбас айтыста дулат тайпасының игі жақсыларын, батырларын атап айтып, мадақтайды. Сонда Жамбылды сөзінен жаңылып қалсын деп, дулаттың болыс-билері Жамбылға тосыннан сұрақ қояды:

– Жамбыл, сен алдымен Домалақ ана деген кім, оның ұлы неге Жарықшақ деп аталған, одан тараған албан, суан, дулаттардың ата-тегін таратып айтшы, шын ақын болсаң! – дейді.

Сонда Жамбыл:

Мақта – Мазам қызы екен
Домалақтай енеміз.
Қасиетті енеден
Енді сөйлей келеміз.
Домалақтай енеміз
Үш қатынның бірі екен.
Сарыбәйбіше мықты кеп,
Бай қарамай жүр екен.
Байлық пен байдың жылқысы
Есебі жоқ көп екен. [ОҒК: Қ.645]

Жыр алыбы Жамбыл Домалақ ананың көркін, ақылдылығы мен аналық қасиетін, өмірін осылай жырлайды. Жамбыл мен Сарбас айтысы туралы ғалым А.Бұлдыбай: «Кейде труверлер үлгісінде Домалақ ана дастанындай тамаша аңыз поэманы толғап кетеді», – дейді [91, б.104].

Қазақ айтысы ұлтпен бірге жасасып келе жатқан синкертті өнердің бір түрі екенін ескерсек, ол қоғамға, заманға сай өзгеріп, түрленіп, жаңғырып отыратынын байқаймыз. XIX ғасырдың басында айтыста әйел ақындар арасында өзіндік із қалдырған, жалпы түркі халықтарына танымал болған, Ұлбике Жылкелдіқызының да соңында қалған бірнеше айтысы бар.Ұлбикемен айтысқан Серәлі қожа, Күдеріқожа, Жанкел, Таспа қожа, Ізтілеу, Мәделі қожа, т.б.

айтыстары сақталған. Академик В.В.Радлов XIX ғасырдың алпысыншы жылдарының аяғында «Ұлбике мен Күдері қожа» айтысының бір нұсқасын жазып алып, кейін кітап етіп бастырса [92, с.29-40], Ә.Диваев 1920 жылғы Жетісу экспедициясы кезінде хатқа түсіріп, кейін өзіне арналған жинаққа енгізді [93, б. 256].

Атақты Ұлбике мен Күдерінің айтысында:

Ұлбике:
Қожеке, сөйлеп кетсең шежіресің,
Тасқындап тау суындай төгілесің.
Азырақ жұрт тыңдасын танысалық
Сұрағым жеті атаңнан не білесің? – деп сұрақ қойғанда Күдері қожа жеті атасын былайша таратады:

Қожайы Мұса – менің жетінші атам,
Сәйеді Ибраһим алтыншы атам.
Сәйеди Ибраһимнен Смағұл ер,
Бұл менің санағанда бесінші атам.

Айтыс жанрындағы шежірелік көріністер бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді. 1998 жылы тамыз айында Тараз қаласында Жамбыл облысының 60 жылдық мерекесіне орай ұйымдастырылған республикалық ақындар айтысында Мэлс Қосымбаев пен Ақмарал Леубаеваның жыр сайысындағы мына мысалды келтіруге болады.

Мэлс:
Бірлігіңнің белгісі –
Қыз алысып, қыз берген.
Адай менен Арғындай,
Әлім мен Албан, Суандай.
Ұлт болам десең ұйыған
Ұрпақтың қамын жүр ойлай.
Ұлытаудың басына
Ұя салған ұлардай!

Айтыстағы мұндай мысалдарды көптеп келтіре беруге болады. Тұжырымдай келе, қазақ айтысында ақындар қай заманда болмасын шежірелік арқауларды шебер, орнымен пайдалана білген.

Жоғарыда аталған ауыз әдебиеті жанрларында шежірелік белгілер байқалғанымен, нақты толыққанды көріністер кездеспейді. Нақты шежіре тарқату дәстүрі көріністерін халық ақындары туғызған дастандар мен тарихи жырлардан анық аңғаруға болады.

Ал, жеке ақындар, жыраулар шығармашылығында шежірелік қолданыстар толғау немесе өлең түрінде кездеседі. Мазмұндық сипаты – игі жақсыларды

өлеңге арқау ету арқылы өз руымен, елімен тыңдаушыны таныстыру. Ел ішіне еркін тараған шежірені айтудағы мақсаттың бірі – танысу, білісу. Олай болса, таныстырудың өзі шежіренің бір қыры десе де болады. Өз заманындағы көпшіліктің талап-тілегіне сай шығармаларын туғызған ақын-жыраулар, ел ішіне аңыз болып тараған шежірені назардан тыс қалдырмаған, бір атаның немесе бір рудың бұтақ-тармақтарын басшылыққа ала отырып, шежіре жырлар туғызған.

Жыраулар өздерін әміршінің, мемлекеттің қызметшісі деп білді, сол себепті хандықтың идеологына айналды. Ханның ақылгөй кеңесшісі, бас саясаткері болғандықтан, жыраулар тек қана үлкен мемлекеттік маңызы бар мәселелер бойынша толғаған әрі өз сөздерін тікелей әміршіге арнап айтқан. Олар әдетте елді абдыратқан, толғантқан жағдайлар мен төтенше оқиғалар кезінде сөйлеген. Сондықтан жырауларды әмірші де, халық та аса қадір тұтып, олардан хан да, халық та ақыл-кеңес сұраған. Жыраулар мұндай сәттерде жұртшылыққа тоқтау айтып, болып жатқан оқиғаға немесе жағдаятқа өз бағасын берген, өткенді еске түсіріп, бүгінін сипаттаған, болашақты барлаған.

Қазақ хандығының құрамындағы ру-тайпалар бірлігі мен татулығы, мемлекетті нығайту және оның жауынгерлік күшін арттыру – жыраулар поэзиясының басты тақырыптарының бірі болды. Елдің егемендігі мен мемлекеттің нығаюы үшін күрескен батырларды, қайраткерлерді мадақтау, көтермелеу сол замандағы поэзияда қаһармандықты жырлау дәстүрін қалыптастырды. Ел аңсаған адал да әділетті әміршінің бейнесі, адамдар жоқшылық көрмейтін, бақытқа кенелген утопиялық қоғамды жыраулар өз шығармаларына арқау етті. Жыраулар өз толғауларында маңызды мемлекеттік мәселелермен қатар, қоғам мен заман, адам мен уақыт, сонымен қатар, қайырымдылық пен иман, адамның опасыздығы, өмірдің өткіншілігі, өлім мен өмірдің қайшылығы сияқты этикалық, философиялық мәселелерді көтеріп, қоғаммен байланыстыра жырлады.

Мысалы, атақты Бұқар жыраудың мына толғауын алсақ:

Қалданменен ұрысып,
Жеті күндей сүрісіп,
Қаракерей Қабанбай,
Қанжығалы Бөгенбай,
Шақшақұлы Жәнібек,
Сіргелі қара Тілеуке,
Қарақалпақ Құлашбек,
Тігеден шыққан Естербек,
Шапырашты Наурызбай,
Құдайменді Жібекбай қасында,
Бақ, дәулеті басында. (Бұхар жырау)

Алаң да алаң, алаң жұрт,
Ақ ала ордам қонған жұрт.
Атамыз біздің Сүйініш

Күйеу болып барған жұрт.
Анамыз біздің Бозтуған
Келіншек болып түскен жұрт.
Қарғадай мынау Қазтуған батыр туған жұрт (Қазтуған жырау)

Жыраулар ру-тайпа атауларын батырларға рух беру үшін пайдаланған десе де болады. Өз есіміне атасының, руының тіркесіп айтылғаны кез келген батырға немесе тарихи тұлғаға рухани серпіліс берген.

Бұл тұрғыда Бұхар жырау, Тәттіқара ақындардан басқа, Абыл ақынның «Құлбарақ батырға», «Қайыпалдыға айқандары», Дулат ақынның «Тегімді менің сұрасаң» деген жыр-толғауларын атап көрсетуге болады.

Сонымен қатар, халық ақындары шығармашылығынан да шежірелік қолданыстарды көптеп кездестіреміз. Бұл орайда XIX ғасырдағы Сүйінбайды, Майлықожаны, шежіре-толғау туғызған Шөжені, Орынбай мен Кемпірбайды, XX ғасырдың алғашқы жартысында ақындық құрған Шашубай, Доскей, Иса ақындарды атап айтуға болады.

Атамыз Адам пайғамбар,
Топырақтан жаралды.
Үшбу жанның баршасы,
Сол Адамнан таралды.

Шортанбай ақынның бұл толғауының сюжеті діни аңыздың желісінен алынғанымен, мазмұндық сипатынан шежірелік көріністері аңғаруға болады. Дәл осы тектес қолданыс Базар жырауда да кезігеді:

Он сегіз мың ғаламнан,
Біз бір пенде Адамнан.
Неше дүркін ел өтті,
Сонан бергі заманнан.

Халық ақындары өз руының кемшілігін, руаралық араздықты азайту мақсатында да ру атауларын шебер қолдана білген.

Мысалы, атақты Сүйінбай ақын «Даукестерге» атты өлеңінде:

Албан, Дулат – ағайын оңбадың ғой,
Бірігіп, бір өзенге қонбадың ғой.
Ұялас ит таласып, табысады,
Қырбас, Жайнақ соғұрлым болмадың ғой? – деп албан, дулат руларының арасындағы араздыққа күйінсе [90, б.157], «Төрт биге» атты өлеңінде:

Қоңыраттың биі – Қондыбай,
Найманның биі – Тондыбай,

Қаңлының биі – Нұрабай,
Суанның биі – Тұрабай
Бәріңді де білемін,
Аты-жөніңді сұрамай! [90, б.156]

«Аталғандар – Жетісу облысындағы Қапал, Верный уездерінің парақорлықпен аты шыққан билері. Бұл төртеуі ұры ұстап, жан-жақтан мал алдыратын бай, болыстарды жақтап, ақтаған. Бірақ олар халыққа тісі батқан жуандарды қанша жасырып-жапқанымен, Сүйінбай ақын ұрлықпен күн көрген төрт бидің ел ішіндегі айналысып келе жатқан ең басты кәсібін айқара ашып анықтаған», – деп жазады ғалым М.Үмбетаев [94, б.24].

Халық ауыз әдебиетінен ұлтқа, жүзге, руға қатысты мақал-мәтелдер молынан кездеседі. «У ішсең руыңмен», «Ұлттық құты – хан, Рудың құты – би» немесе жекелеген рулар туралы: «Алшын болсаң – адай бол, арғын болсаң – алтай бол», «Ақша – суанның ұйытқысы» (Ақша – суан ішіндегі бір ата), «Бәйсейіттің жақсысы – бабақұмар» т.б.

Халқымыз ру аттарын ән мен жырға да қосады: «Әніме мен салайын «Тілеу-Қабақ»», Мәди Бәпиұлының «Сұрасаң руымды қаракесек», Дулат ақынның «Тегімді менің сұрасаң, қалың найман нуынан». Сонымен қатар Құрманғазының «Адай» атты күйі де бар.

Қорыта келгенде, шежіре жырлардың тарихы, түп тамыры әріде жатыр. Қазақ халқы шежірелік деректер арқылы өз тегін тектеп, ұлт ретінде қалыптасуын өзі баяндап, жырмен жырлап отырған. Орхон-Енисей ескерткішіндегі жазулар, көне түркі дастандары, шежірелік аңыздар мен айтыстар, эпикалық жырлар мен жыраулар поэзиясынан да, мақал-мәтел, қазақ әндері мен күйінен де шежірелік сипаттағы арқауларды кездестіреміз. Осы орайда шежіре жырларды халық ауыз әдебиетінің басқа да жанрларымен сабақтастыра зерттеудің мәнісі зор. Яғни осы уақытқа дейінгі эпикалық әсірелеу тұрғысынан зерделеніп келген ауыз әдебиеті үлгілерін нақтылы өмір шындығы тұрғысынан тануға мүмкіндік туады.

2.2 Қазақ шежіресі және тарихи жад

Шежіре тарқату дәстүрі – түркітектес халықтар мәдениетінің бірегей ерекшеліктерінің бірі. Дегенмен, түркі елдерінің дені бұл дәстүрді толық сақтап қала алмады. Оған бауырлас халықтардың түрлі тарихи кезеңдерді басынан өткізіп, отырықшылдықта өмір сүруі, соның салдарынан жазба мәдениетке көшуі себеп болды. Тек қазақ, өзбек, қырғыз, башқұрт, қарақалпақ, түрікмен сияқты санаулы халықтар ғана ұлттық шежіресін сақтап, әр кезеңдерде толықтырып, бүгінгі күнге жеткізді. Жаңаша жыл санауға дейінгі I-II мыңжылдықтардың өзінде-ақ көшпелі өмір салтын ұстанған көшпелілердің жүздеген, тіптен мыңдаған ру-тайпалық атауларының тарихи дереккөздерге ілігуі шежірелік дәстүрдің байырғы замандарда-ақ орныға бастағандығын көрсетеді. Ру-тайпа атаулары арқылы ел-жұрттың ішкі құрылымы мен өзіндік сипатын анықтау қоғамдық өмір қажеттілігінен туындаған [95, s.21].

Тарихи жад – шежіре тарқату дәстүрінің негізгі категориясы [19]. Көшпенділер өркениетінен бастау алған қазақ халқының салт-дәстүрі, ұлттық жад түркі мәдениетінен орын алады. Жалпы алғанда, бүгінге жеткен шежірелер, ертегілер, жыр-дастандар, тарихи әңгімелер, аңыздар, әпсаналар мен шешендік сөздер – XX ғасырдың басына дейін көшпелі өмір салтын ұстанған қазақ халқының ауызша тарихы, шежірелік мұрасы.

Ұлт мәдениетінің бастауында тұратын, ұлттың дүниетанымымен бірге пайда болатын құндылықтың бірі тарихи зерде болмаса, ұлттың тарихы, мәдениеті қалыптаспайды. Кез-келген ұлттың тарихы мен мәдениетіндегі аға ұрпақтың болашақ туралы ой кешу үрдісі, жекелеген адамдардың (тұлға, зиялы адам) ұлттық мүддеге қызмет етудегі дәстүрі ұлттық сананың негізінде жүзеге асады. Ұлттық сана негізінде тарихи зерде жатыр.

Көркемдік жады тарихи жадыға тәуелді болуы керек. Яғни, тарихи жадыны көркемдеп оқырманға жеткізу тиіс. Тарихи шындықты жеткізуші сол қалпында жүз пайыз қайталау мүмкін емес, бірақ та негізгі кейіпкерлерді өзгеріске ұшыратпай, сол заманды суреттей алса, шығарманың көркемдік шешімі жоғары деңгейде болары сөзсіз. Әдебиет пен тарих бірін-бірі толықтырып тұратын гуманитарлық ғылым салалары болғандықтан, әдебиеттегі тарихилық халықтың тарихи жады, тарихи есімдерімен сабақтасып жатады. Адам жады – жеке психологиясымен, тұлғаның дүниені қабылдау ерекшелігіне байланысты қалыптасатын ерекше қасиеті. Біздің ойымызша, тарихи жад халық ауыз әдебиеті фольклордан бастау алып, заманауи әдеби туындыларда кездесетін ойлау қабілетіне қатысты ортақ ұлттық категория.

Тарихи жад әдеби шығармаларда бірінші, ұлттық тұрмыс-салтқа; екінші, халықтың әлеуметтік жағдайына; үшінші, діни танымға байланысты көрініс береді. Қазақ ұлттық мәдениетіндегі ұлттық құндылықтарға, әсіресе ұлттық құндылықтар туралы түсініктің қалыптасу негіздеріне қарап, тарихи зерде құбылысының ұлттық болмыстың және оның өрісіндегі ұлттық бірегейлікті негіздейтін қасиеттердің қалыптасуына ықпал етіп отырғандығын көреміз. Әрине әр аймақ (әрбір ел) тарихты өз деңгейінде түсінген. Ұзақ ғасырлар бойы

түрлі тарихи уақытты басынан өткізген және тарихи кезеңдерде ұлттық болмысы мен дербес мәдениетінің іргесін бекіте білген, ұлттың болашағына қызмет ететін құндылықтар бағдарын қалыптастыра алған ел үшін тарих адамның тұлғалық құндылықтары мен рухани қасиеттерінен туатын дүние.

Тарихи жадты қалыптастыруда қазақ алдыменен дүниетанымдық ұғымдарға, өмірлік түсінікке негізделген өнер дүниелерін дүниеге әкелген. Сондықтан да қазақ мәдениетіндегі халықтың ұлттық рухын көтеруге бағытталған идея, ұлттық идеологияның желісін ұлттың рухани дүниелері құрайды. Еліміздің сирек кездесетін мұралар қорларында түркі халықтарының араб, парсы, шағатай, жәдид, төте, латын әліпбилерінде жазылған ру-тайпа атаулары мен оларға қатысты деректер, тұрмыс-салты туралы шежірелік сипаты басым мәліметтер молынан ұшырасады.

Жад адамды жануарлар әлемінен ерекшелеп тұрған маңызды қасиеттердің бірі ретінде қарастырылады. Бұл – өзінің өткеніне деген саналы қатынас, жеке ой-сана мен өзін анықтаудың өте маңызды негізі. Жадын жоғалтқан адам өзін-өзі тану, өзге адамдар арасында өзінің орнын анықтау мүмкіндігінен айрылады. Жады адамның дүние туралы түсінігін, кез-келген сәтте басынан өткеретін түрлі оқиғаларға қатысты сезімі мен эмоциялық әрекетін, қалыпты әрі төтенше жағдайларда өзін дұрыс ұстай алу ақпараттары туралы білімін нығайта түседі. Жадтың абстракт білімнен айырмашылығы: жады – адамның жеке басынан және ой елегінен өткізген білім, оның өмірлік тәжірибесі. Қоғамның тарихи тәжірибесін сақтап, оны ой елегінен өткізуді білдіретін тарихи сана оның ұжымдық жады болып табылады.

Тарихи сана немесе қоғамның ұжымдық жады адамның жеке жады сияқты бірдей емес. Тарихи жадты қалыптастыру үшін маңызды үш жағдай қажет: өткенді ұмытпау, бірдей фактілер мен оқиғаларды әртүрлі тәсілдермен түсіндіру, бүгінгі өмірдің өзекті мәселелеріне қызығушылық тудырған өткен тарихтағы құбылыстарды ашу [96, б.16].

Ғалым И.Голенищев-Кутузовтың тарихи оқиғалардың халық жадында сақталу-сақталмауына байланысты тұжырымына қарағанда, ауызша тарихтың халық әдебиетінде бейнелену сипаты ең алдымен халық жадының өзіндік ерекшеліктеріне байланысты. Ол ауыз әдебиеті үлгілерінің халық арасында ауызша таралуына байланысты халық жадының бірнеше түрі бар деп көрсетеді.

Олар:

1. Ата-бабалар туралы жад, яғни табиғи ес (память о предках, природная память). Халық жадының осы түрі ата-бабаларымыздың шамамен жүз елу жыл ілгері атқарған іс-әрекеттерін толық түрде қамти алады. Ал жүз елу жылдан арғы уақыттағы іс-әрекеттерінің сипаты кейінгі ұрпақтың есінде көмескілене бастайды да, басты-басты іс-әрекеттерінің ғана жалпы сипаты есте қалады.

2. Бұдан да арғы уақыттардағы тарихи оқиғаларды шежірелік жад (генеалогическая память) қамтиды. Халықтың шежірелік жадында ата-бабалардың аттары мен басты-басты іс-әрекеттерінің қысқаша ғана анықтамалары сақталып отырады. Оны шежірелік жад пен тарихта із қалдырған

атақты адамдар туралы жад (память о некоторых выдающихся личностях) тоғысуы арқылы күшейте түседі.

3. Тарихи жад (историческая память) тарихи жазба деректерге, ауызша шежіре, аңыз (легенда), әңгіме-сарындарға (предание) сүйенеді [97].

Жоғарыда аталған халық жадының түрлері тарихи жағдаяттарға (әлеуметтік өмірде орын алған күшті, зор өзгерістерге), халықтың бір жерден екінші бір жерге босып, қоныс аударуына; жаңа барған жерінде әдет-ғұрпы, салт-санасы өзгеше халықтармен қарым-қатынас жасауына, т.с.с. байланысты бір-бірімен әртүрлі қатынастарда болады. Мысалы, халық өмірінде орын алған осындай өзгерістердің салдарынан халық назары алдыңғы болып өткен оқиғалардан осы жаңа оқиғаларға ауып, бұрынғы оқиғалар халық жадында көмескілене бастайды.

Ғалымның пікіріне қарағанда, жадтан жадқа ауысу барысында түрлі өзгерістерге түсіп, көнеден келе жатқан кейбір тарихи оқиғалар ұмытылып, енді біреулері толығып отыратындығына көз жеткізуге болады.

Осы орайда ғалым Б.Қорғанбековтың мына пікіріне қосыламыз: «Тұрмыс-тіршілігінде жеті ата жүйесі айрықша орын алу себебінен туған қазақ халқының тарихи жадының мықтылығы қазақ қаһармандық жырларының құжаттылығының айқынырақ болуына күшті ықпал етті. Уақыт аясындағы поэтикалық өңдеулер құжаттылығын көмескілендіре алмаған қаһармандық жырлар бар» [98, б.233].

Түркі халықтарында қалыптасқан шежіре тарқату дәстүрі мен жазба шежіре нұсқаларының да болғанын А.И.Левшин, И.И.Березин, Ш.Уәлиханов, А.Н.Харузин, Н.И.Гродеков, Н.А.Аристов, М.И.Бродовский сияқты зерттеушілердің еңбектері дәлелдейді. Аталған авторлар түркі халықтарының тарихына қатысты еңбектерінде халық жадында сақталған шежірелік мағлұматтарды кеңінен пайдаланып отырған. Қазақ қолжазбаларының мейлінше құнды шежірелік нұсқалары Санкт-Петербург, Москва, Қазан, Тәшкен, Алматы қалаларының кітапханаларында, мұрағаттарында сақталған.

Шежіре тарқату дәстүрі – түркітілдес халықтар мәдениетінің ауызша тараған мәдени құбылысы. Жырауларының жыр дәстүрі мен шежіре дәстүрі арасындағы айырмашылық туралы түркі халықтарының жыр дәстүрін зерттеуші батыс ғалымы К.Райхл: «...Көшпелілер қоғамындағы тарихи білім рулық генеалогияны өрбіту, баяндауға негізделеді. Генеология түркі халықтарының ауыз әдебиетінің (сонымен бірге жазба әдебиетінің де) маңызды жанрын құрайды, жалпы ауызша дәстүр жанры қырғыздардың ортасында «санжыра» деп ерекше аталады», – деп жазады [99, p.261].

Ғалым К.Райхлдің ғылыми еңбектерінде ауызша дәстүр, оның орындалуы, ұрпақтан ұрпаққа жалғасуы, ерекшеліктері туралы ғылыми тұжырымдар жасалған. Түркі тілдес халықтардың ауызша шежіре тарқату дәстүрін зерттеген басқа да шетелдік ғалымдардың еңбектерінде тарихи ақпаратты дәстүрлі мәдениеттанудағы бірден-бір құрал ретінде қабылдау, шежірелік деректерді тарихи тұрғыдан талдау сияқты маңызды мәселелер қамтылған.

Карл Райхл «Өткенді жырлау: түрік және ортағасырлардағы батырлық жырлар» атты зерттеуінде Европа ортағасырлық әдебиеті мен Орта Азиядағы қарақалпақ, өзбек, қазақ, қырғыз халықтарының ауызша жыр айту дәстүрін салыстырады. Түркі жырларын талдап, эпостық жырлардың тарихи негізі туралы айтып өтеді. Ғалым еңбектерінде әсіресе шежірелей жырлау дәстүрі, шежірешінің (жыршының) жырды орындау тәсілдері туралы тұщымды тұжырымдар жасаған [99, p. 221].

Жалпы тарихи жадты ұжымдық жадымен, қоғамдық сананың құрылымымен, әлеуметтік дағдарыстың пайда болу салдарымен моралдік бірегейлікпен т.б. әр қырынан қарастырған ғылыми еңбектер көптеп кездеседі. Тарихи жадының бірнеше дереккөздері бар. Олар: өткен уақыттың рухани және заттай салаларын материалдануын сақтайтын, ұрпақтар сабақтастығы жинаған тарихи тәжірибе, фольклор мен ауызша аңыздар, тарихи ескерткіштер, мәдениетті өзге түрлері құрайды. Ғылыми-теориялық тарихи жады да күнделікті жады сияқты өткеннің, осы күннің, болашақтың өзара сабақтастығын байланыстырады.

Қалыптасқан дала заңы бойынша, әр қазақ жеті атасын білуге міндетті болғанымен, рудың, тайпаның, бірлестіктің, жүздің, тіпті бүкіл қазақтың шежіресін таратуда, насихаттауда шежірешілерден бөлек ауыл ақсақалдарының, би-шешендердің, ақын-жыраулардың, өзге де өнер иелерінің ықпалы зор болды. Әсіресе әр рудан шыққан ақылды, кемеңгер азаматтарды, батырларды, өнерпаздарды, өзге де тарихи тұлғаларды, олардың ел үшін атқарған қызметі мен ерлік істерін дәріптеп, аңыз-әңгімелер, жыр-дастандар арқылы жас ұрпақтың санасына сіңіру үшін шежірені жадта сақтаудың үлкен бір әдістемесі іспетті болды. Сөйтіп, атадан тармаққа, одан ру мен тайпаға, одан ұлттық деңгейге жеткен шежірелер халқымыздың ауызша тарихының негіздерін қалады. «Тарихи сана – бұл бүгінгі ұрпақтың әлеуметтік жады. Әлеуметтік жады формасы жағынан әмбебап және мазмұны жағынан нақты болып келеді. Сондықтан да тарихи сана қашан да нақты тарихи, әлеуметтік, ұлттық және индивидуалдық мазмұнмен толтырылады. Қазіргі кезеңде әлеуметтік жадының үш деңгейінде де – жаһандық деңгейінде, ұлттық деңгейінде және жеке тұлғалық дәрежеде түбірлі өзгерістер болып жатыр: адамдық индивидуалдық деңгейде антропологиялық төңкеріс орын алды, әлеуметтік немесе этностық деңгейде ұлттық сана-сезімнің бұрын-соңды болмаған дүмпуі байқалды, ал жалпыадамзаттық деңгейде ақпараттық жаһандану үдерісін бастап кешіп отырмыз», – жазады философия ғылымдарының докторы, профессор Б.М.Сатершинов [100, б.3]. Ғалым атап көрсеткен үш деңгейге (жаһандық, ұлттық, жеке тұлғалық) ғылыми тұрғыдан назар аударсақ, бүгінгі тарихи жадының трансформациясына көз жеткіземіз. Әлеуметтік жадының жаһандық деңгейіне қазірде жердің кез-келген түкпірінде отырып, қалаған ақпаратты алуға және өңдеуге мүмкіндік бар. Әлемнің дамушы елдері жасанды интеллект ойлап тауып, адам жадысын сынақтан өткізуден жарысуда десе де болғандай. Ұлттық деңгейді жоғарыда атап өткендей әр халық өзіне тән ұлттық сипатын сақтап қалуға, ұлттық тілін, ділін, мәдениеті мен салт-дәстүрін мейлінше насихаттап,

тарихи жадысын жаңғыртуға күш салуда. Жеке тұлғалық деңгейге келетін болсақ, бұл үрдіс көбінесе посткеңестік елдерде байқалады. Кеңестік саясатта жеке тұлға деген ұғым болмады, тек бұқара халық, пролетариат, барлық адам бірдей болу керек жалған ұранмен өмір салтын ұстанды. Бүгінгі таңда Кеңестер Одағы құлағаннан кейін ғана, посткеңестік елдерде әрбір адамды жеке тұлға ретінде тану үдерісі жүріп жатыр десек те болады. Философия ғылымдарының докторы Б.М.Сатершинвтың тарихи жады туралы ой-тұжырымын өзімізше саралауға тырыстық.

Ал М.Ж. Спановтың: «...тарихи сана дәстүрмен байланысты болып, ұлттық болмыстың ерекшелігін анықтаған. Тарихи сананы жаңғырту ұлттық мүдде мен оның болашаққа бастар жолын айқындаған. Бұрын осы тарихи сананы жаңғыртуға мүмкіншілік болмаса, енді тәуелсіз ел ретінде өзімізді жаңғыртуға мүмкін болатын мүмкіндіктерді іске асыру тұр», – деген тұжырымы жоғарыдағы пікірлермен сәйкес келеді [101, б.109].

Қазақта «жігіттің үш жұрты» бар: өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты. Халқымыздың салт-дәстүріне, таным-түсінігіне сәйкес бұл үрдіс – адамдардың туыс-жақындығын айқындайтын, ұлттық тұтастықты сақтап тұратын тегеурінді тетік деуге болады. Халық ұғымына орныққан осы үш жұрт (өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты) арқылы қазір де туыстық атауларды саралайды. Мысалы: жиен, бөле, жезде, құда, құдағи, балдыз, құдаша атаулары қайын жұртқа қатысты айтылатын туыстық терминдер. Сонымен қатар, қазақы дәстүрде нағашылар мен жиендер, яғни шешесінің туыстары мейлінше жақын болады. Олардың арасында әзіл-қалжың көптеп кездеседі. Әрқашан нағашы жұрты жиеніне қамқорлық жасап отырған. Және жиендер нағашысынан «қырық шұбар тай» даулау дәстүрі бар. Кейбір ерке, тентек жиендер нағашысының малын сұрамай-ақ, «қырық шұбар тайымды алдым» деп, бөліп алып айдап кете берген деген қызықты әңгімелер де кездеседі. «Жиеннің назы жаман» деп ырымдайтын қазақтың бұл дәстүрі туыстық қарым-қатынасты нығайтады.

Қазіргі кезеңде «ұлттық код» немесе «мәдени код» деген ұғым қоғамда әртүрлі салаларда кеңінен талқыланып жүр. Ұлттық болмысты айшықтайтын ұлттық код болып табылады. Таратып айтсақ, кез-келген халықты, не ұлтты басқа халықтардан ерекшелігін, өзгешелігін ажыратып көрсететін, немесе дүниежүзілік қауымдастықта өзгеше таным-түсінігі, болмыс-бітімін айқындап тұратын ұлттық ерекшелік. Аталған ерекшелік ұлттың түп-тұқиянынан бастап, сан ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан мінезі, арманы мен мұраты, ділі мен тілі, салт-дәстүрі мен тұрмыс-тіршілігін қамтиды. Ұлт тұтастығын сақтап тұрған негізгі өзектің бірі – ұлттық код. Әрбір халық ұлттық кодын сақтап қалу үшін тілін, дінін, салт-дәстүрі мен тарихын естен шығармау керек. Жалпы ұлттың немесе белгілі бір әлеуметтік топтың, жеке тұлғаның өзіне тән рухани мінез-құлқы, дүниетанымы, көзқарасы менталдік (менталитет) деп аталады.

XVI-XVII ғасырлардың бас кезінде қазақ ханы Есім хан «Есім ханның ескі жолы» деп аталған заңдар жинағында «жақын туыстардың бір-бірімен некеге тұруына тыйым салынады» деген жарлық шығарғаны мәлім. Есім хан қазақ халқының «жеті атаға дейін қыз алыспау» дәстүріне, ұлттық кодын сақтап қалуға

зор үлес қосты. Аталған заң Тәуке ханның тұсында «Жеті жарғыда» да бекітіліп, әрбір қазақ ұрпағы өзінің туыстық тамырын біліп өсуді этикалық норма деп санады. Яғни, шежіредегі жетінші атаға дейінгі туыстық қатынастар «жеті ата» деген сакральді ұғымға негіз болды.

Қазіргі қоғамда интернетке қолжетімділік, виртуалды әлемді пайдалану күнделікті өміріміздің бір бөлігіне айналды. Әуел баста ауыздан-ауызға жеткен фольклорлық мұраларымыз XX ғасырда кітапқа басылса, енді XXI ғасырда киберкеңістік арқылы жан-жаққа тарауда. Авторлық әдебиетпен салыстырғанда ауыз әдебиетін әлеуметтік желілерде тарату, бөлісу жылдам әрі қарқынды дамуда. Өйткені, кез-келген цифрлы әлемді меңгерген адам ғибратқа толы, сюжет көркем ұлттық мұраларымызды өз талғамына, шама-шарқына қарай жаңғыра алады. Ертегі, аңыз, ауызекі әңгімелерді, шежірелерді интернеттегі бағдарламалар арқылы өздігімен видео, аудио форматында құрастырады, өзгертеді, бөліседі. Сондықтан киберкеңістік халықтың виртуалды жадына айнала бастады. Мысалы: қазақ шежірелеріне арналған «tumalas.kz – Қазақтың төр шежіресі» атты сайт бар. Аталған сайтта қазақ халқына қатысты барлық ру-тайпалар, жүздер, белгілі тарихи тұлғалар туралы мәліметтерді кездестіреміз. Рулардың өздеріне тән ен-таңбаларын да көруге болады. Сайт осы күнге дейін 100 мыңға жуық адамға қызмет көрсеткен, шежіредегі кісі есімдері 2 миллионнан асады, ал енгізуге 200 мыңға жуық сұраныс түскен. Және де осы сайт арқылы кез-келген қазақ өз руын іздеп таба алады. Өз есімін, ұрпақтарының есімдерін де енгізетін тетік ойластырылған.

Сонымен қатар, интернеттен kerey.kz, sangyl.site, taz-aldiyar.kz сияқты жекелеген руларға арналған, руға кірмейтін қожалар атымен аталған kozhalar.kz сайттарын кездестіруге болады. Аталған сайттар тек мәлімет қана беріп қоймай, ақпараттық-танымдық қызмет түрлерін де атқарады. Қазақ шежірелерінің интернет кеңістігінде таралуы – тарихымыздан, өткен күндерінен хабар беріп қана қоймай, сонымен қатар ұлттық мұраларымызды, тарихи жадымызды жаңғыртуға септігін тигізуде.

XXI ғасыр – жаһандану, технократтар дәуірі. Осы ақпаратқа толы, қым-қиғаш кезеңде көптеген ұлттарға жойылып кету қауіпі төнуде, жойылып кетіп жатқандары да баршылық. Жойылып кетпей жер бетінде халық, ұлт ретінде қалудың бірден-бір жолы – ұлттық кодты сақтау, ұлттық қасиеттерді жаңғырту. Сонда ғана жаһандық бәсекелестікке қарсы тұруға мүмкіндік болады.

Қорыта келгенде, қазақ ұлттық болмысын айқындайтын факторлардың бірі – шежірелер. Бәріміз де «Жеті атасын білмеген – жетесіз» деген аталы сөзді құлағымызға құйып өстік. Мұндай заңдылық жақын адамдардың қан араластырмауына ықпал ететінін, ол өз кезегінде, сау да саналы ұрпақ жалғасуына көмектесетінін казіргі медицина ғылымы да дәлелдеп отыр. Осы жерде ұлттық код ұғымына тоқтала кеткен жөн. Ұлттық код – ұлттың тарихы, ғасырлар бойы қалыптасып, дамыған салт-дәстүр, тіл мен дінге қатысты бабалардың ұстанымы мен қасиеті. Міне, соларды сақтап, одан әрі дамыту жаһанануға қарсы тұратын ұлттық иммунитет. Яғни, ұлттық код деп – біздің әрқайсымыздың жеке, кейде қоғам ретінде әлемді қабылдауымызды,

дүниетанымымызға, түйсігімізге әсер ететін, ғасырлар бойы қалыптасқан факторлар жиынтығын айтуға болады. Біз әлемдегі құбылыстарды тек өзіміздің бүгінгі біліміміз ғана емес, әкенің қанымен, ананың сүтімен келген жиынтық факторлар арқылы қабылдаймыз, соған баға береміз.

Қазақ шежіре жырлары – әртүрлілігімен, көркемдігімен, тарихи деректерге қанықтығы және шыншылдығымен құнды. Ауызша мәдениет ретінде қалыптасқан шежірелер өткен дәуірлердегі тарихи оқиғалар мен ата-баба есімдерін жадтан жадқа жеткізіп отырды. Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлт ретінде сақталып қалу, ұлттық жадты жаңғырту, халықтың өзін-өзі тануы үшін шежіренің алатын орны ерекше.

2.3 Қазақ шежіре жырларын дамытушылар

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында қазақ халқының өмірінде маңызды саяси, әлеуметтік оқиғалар болды. Қазақ қоғамы рухани-мәдени елеулі өзгерістерге бет алды. XX ғасырдың алғашқы жиырма жылы – қазақ әдебиеті тарихындағы өзіндік ерекшелігі басым жылдар деп саналады. Бұл кезең қазақ даласының Ресей отаршылдығына тұтастай өтіп болған кезең еді. Осы уақытқа дейін дамудың белгілі бір сатысына көтерілген ағартушылық, демократтық бағыттағы қазақ әдебиеті енді ұлттық-әлеуметтік сан түрлі мәселелерге араласып, ұлттық маңызы зор тақырыптары қозғады. «XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеті – күрт биіктеп көтерілген, дәуірлеп дәулеттеген (елдік, мемлекеттік мүддені көксеген), сол арқылы іштей түлеп жаңғырып, көркемдік шеберелік орайында байыған әдебиет» [102, б.40]. Осы кезең қазақтың шежіре жырларының өркендеп, даму кезеңі болды. Оған үлес қосқан – белгілі шежіреші, жыршы, халық ақындары.

Халық өзі бастан кешкен тарихи жағдайларды қашан да жадында сақтап, оларды аңыз, жыр, дастан, т.с.с. ауыз әдебиеті үлгілері арқылы ғасырдан ғасырға жеткізіп отырған. Шежіре нұсқалары мен шежірелік деректер туралы еңбектер XIX ғасырдан бастап мерзімді басылымдарда жарияланып, жеке кітап болып басылып шыға бастады. XX ғасырдың басындағы қуғын-сүргін, ашаршылық, соғыс, зұлматпен тұспа-тұс келген сол уақытта шежірелерді жинап, зерттеген қазақ зиялылары – Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынұлы, М.Тынышбаев, М.Дулатов, С.Асфендияров, Қ.Кемеңгеровтің еңбектерін ерекше атауға болады.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында шежіреші ақындардың қатарының мол болуына қоғамдағы болып жатқан саяси-әлеуметтік жағдайлар әсер етті. Бұл кезеңде ел ішінде оқыған, білімді азаматтар көбейе бастады. Олар көбінесе діни медіреселерде оқығандықтан діни, Құран хикаяларын жетік білді. Және де халықтың өзі шыққан тегін іздеу, тарихқа үңілу үдерісі басталды. Аталған кезеңдегі халық ақындарының ортақ ерекшеліктері деп төмендегілерді атап айтуға болады:

1. Ел арасына көп тараған назира дәстүрімен жырлаған шығыс және дәстүрлі шығармаларды жоғары деңгейде меңгеруі;
2. Діни білім алуы, Құран хикаяларын жақсы білуі;
3. Өз руының (жүзінің) тарихын жатқа білуі.

XIX ғасырдағы және XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиетінің тарихында бұрын қалыптасқан көркемдік үрдістер жаңаша қарқынмен жалғасты. Осы кезеңдегі поэзияның үлгісі мен бітім тұрғысынан бұрынғы жыраулар поэзиясынан бөлектеніп, оқшаулана түскенін байқауға болады. Пішіндік, түрлік ізденістер, әлеуметтік драма, тартыс желісі, саяси лириканың ұтымды үлгілері – аз ғана уақыт ішіндегі қазақ өлеңіндегі үлкен өзгерісті, даму жолын көрсетеді. Халық поэзиясы бұрынғыдан да ағартушылық, насихатшылық, халықшылдық сипатын одан әрі тереңдетті. Қазақ әдебиеті тарихындағы көркем тарихнамалық шығармашылық үрдістің жалғасуында халық ақындарының шежіре жырлары айрықша орын алды деп айтуға болады.

Бұл орайда Құрбанғали Халидтің «Тауарих хамса», Абайдың «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы», Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Қазақ шежіресі», Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі», дәстүрлі поэзия өкілдерінің (Дулат Бабатайұлы, Сүйінбай Аронұлы, Базар Ондасұлы, Ақыт Үлімжіұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Әбубәкір Кердері, Нұртуған Кенжеғұлұлы, Кенен Әзірбаев, Есенбай Сасанұлы, Көдек Байшығанұлы) шежіре жырлары қазақ әдебиеті тарихындағы шежірені өлең өлшеміне түсіру кезеңі болды. Олар көбіне Ораз молда, Марал ишан қолжазбаларында, сондай-ақ Әбілғазының, М.Х.Дулатидің, Н.Рағбузидің еңбектеріне, «Хамсул ағла», «Оғызнама» кітаптарына сүйенгендіктерін аңғартып отырады. Құрбанғали Халид: «Бабалардың сөздерін зейінімен тыңдап, ұғып, олардан естіген шежірелерін еске алып, әр мәжілісте, әр жиын отырыстарда үнемі қайталап, шын ниетімен ойларында ұстап, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып, насабшыларына «шежіреші» деп ат қойған. Ұлы дүбір мерекелерінде шежірешілердің маңайын толтырып, өткендерін сұрастырып, үйлерінде болса, ол кісінің алдында дәріс оқығандай үйреніп, жақсысын жаттап, қиынын қаттап жататын болған... Қазақ насабшылары жүз, екі жүз жылғы істерге таласып отырмайды, уақиға мың жылдан бері болса, ішінде жүргендей біле береді» – деп атап көрсетеді [103, б.56].

Бұл қазақтың төл шежіресі халықтың атадан балаға дейінгі ұрпағына рухани азық болып келе жатқанын, ұлттық жадты сақтаудағы орны ерекше екендігін көрсетеді. Шежіре жырлардың басым бөлігі ауызша жеткен аңыз-әңгімелердің, ру аңыздарының желісімен жырланғаны аңғарылады. Елдік пен ерліктің халыққа қажет екендігін жырлағандардың есімдері дер кезінде хатқа түсіп, жазылып қалмағандықтан, ауыздан ауызға көшіп, ұрпақтан-ұрпаққа жету барысында көп өзгерістерге түскен. Фольклор заңдылығына сай түрлі нұсқалары пайда болған рухани қазынамызға айналды.

Ақын Нұржан Наушабайұлының шежіресі – қазақ шежірелерінің ішінде алғаш баспа бетін көрген танымдық-тағлымдық мәні зор жыр. Мәтін автордың 1903 жылы Қазан қаласындағы Кәрімовтер баспасында жарық көрген «Манзұмат қазақия» атты кітабында және «Дала қоңырауы» газетінде жарық көрген. Жазушы С.Мұқанов өзінің «Халық мұрасы» атты еңбегінде Н.Наушабайұлының қазақ шежіресін өлеңмен жазғанын, оны сол үшін Ыбырай Алтынсарин жақсы көріп, ілестіріп жүргенін айтады және шежіре жырдың көркемдігіне жоғары баға береді, шежірені жырмен жазу дәстүрінің жалғасуы мен сапасына сыни пікір білдіреді: «... дарынды ақынның бұл шежіресі де шебер тілмен жазылған. Нұржанға еліктеп шежірені өлеңмен жазатындар көбейген. Ондайлардың ішінде тәуірлері де, нашарлары да аз емес» [28, б.251].

Жырда әдеттегідей Адам атадан бастап тарихты тізбектеп келіп, Орта жүз руларына ауысады.

Әуелі Алла, Адам сопы, Нұх нәби,
Баяндап, жад етемін білсем оны.
Неше түрлі қаншама халық болып,

Неше абзал нәрселердің өтті бәрі.

Пенденің Хақ жазғанға жөн шамасы,
Келеді тамамдауға кім шамасы.
Қырық тоғыз ата «Қисса әл-әнбие»,
Адам мен Расулының екі арасы.

Нұржан Наушабаев – қазақ әдебиеті тарихында дидактикалық-философиялық өлеңдер жазу үрдісінде өзіндік орны айқын ақындардың бірі [104, б.140]. Кейбір еңбектерде Нұржан ақын атақты Шал ақынның туған жиені деген деректер кездеседі. Демек, Ш.Уәлиханов «жазып ала алмадым» деп өкініш білдірген Шал ақынның жырлаған шежіресін жиені Нұржан естіп өскен болу керек. Біздің топшылауымызша, осы күнге жетпеген айтулы шежіре жырдың сілемдері Нұржанның шежіресінде кездесуі де мүмкін.

Ақын Н. Наушабаевтың жырмен жазған шежіресі – XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ поэзиясындағы жаңашылдықтың көрінісі. Өз ұлтының тарихын эпикалық сарынмен тарихи-этнографиялық дүниетаныммен поэзияның жинақы мағыналы өлең жолдарына айналдыру шығармашылық шеберлікті талап етеді. «Нұржанның шежіресін» жырмен жазылған шежірелердің бастауы, үлгісі деп санауға болады.

Нұржан Наушабайұлының шежіре жырынан кейін баспа көрген – белгілі халық ақыны Әбубәкір Боранқұлұлының 1905 жылы Қазанда жарық көрген «Әдебиет қазақия» атты кітабындағы «Алты алаш шежіресі». Ақын кіші жүздің Жетіру тайпасының Кердері руынан шыққан, сондықтан халық арасына Әбубәкір Кердері деген атпен танылған. «Алты алаш шежіресінен» басқа ақынның жырмен жазған «Әбубәкір Кердерінің шежіресі» атты жырды Түркменстан қазақтары арасынан Нәркеш атты қария жазып алған [104, б. 287]. Ақын «Әбубәкір Кердерінің шежіресі» жырын эпикалық жыр үлгісінде жырласа, «Алты алаш шежіресін» он бір буынды қара өлең түрінде жазған.

Жоғарыда айтқанмын,
Назардың ұлы Мәлік-ті,
Мәліктен туған Әнес-ті
Қазақ атаң қайсы деп,
Әрбір халық таласты.
Әнестен тудың деген сөз
Шежіреге жанасты.
Ол емес атаң деген жұрт
Пітінә көріп жанасты.
Әнестен туған Жабалды
Атамызды таба алмай
Біздің қазақ қамалды, – деп «Әбубәкір Кердерінің шежіресінде» жырласа, қазақ халқының түп төркінін «Алты алаш шежіресінде» төмендегідей суреттейді:

Әнестің Жабал деген бір баласы
Қазақтың содан туған алты алашы.
... Айырып алты алашты көрсетелік,
Ақылды сұрай қалса ел данасы.
Алты алаш: бірі – Түрікпен, бірі – Қалпақ,
Үшінші – Қырғыз, Қазақ, Естек, Өзбек –
Осымен алты болады жатқан жалпақ [105, б. 259].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қазақ шежіресін жинаудағы еңбегі орасан зор. Қара сөзбен жазылған «Қазақ шежіресі» еңбегінің қазірде он шақты нұсқасы белгілі. Ал, жырмен жазған «Шежіре өлең» деп атаған туындысының толық нұсқасы әлі күнге белгісіз. Ақынның көптомдықтарында әулеттік мұрағаттан құрастырылған мәтін жарияланып жүр [106, б.120]. Жиырма төрт шумақтан тұратын жырдың кіріспесі және ортаңғы бөлімі жоқ. Және көптеген шумақтары түсіп қалған. Жырда өз атасы Мейрам, Арғыннан бастап, үшінші, төртінші ата деп санамалай келіп, он тоғызыншы Әнес, жиырмасыншы ата Мәлік деп тоқтайды. Жыр осы жерден үзіліп, орта жүз руларын таратады.

... Төрт арыс – орта жүздің шын баласы,
Арқаның толған елге сары даласы.
Қарақожа бабамнан Арғын туып,
Дәулетке сондай толған айналасы, – дей келіп,

Дүниеден кім қалады кетпей көшіп,
Ойлаймысың уақытты жүрген тосып?!
Солардың біз бір қалған жұрағаты
Көпеев – фамилиясы, Мәшһүр Жүсіп, – деп аяқтайды.

Жинақты құрастырушылар Мәшһүр ақынның «Жылым – қой, тоғыз «беске» келіп жасым» дегеніне қарап, шежіре жырды 45 жасында, яғни 1903 жылы жазған деп топшылайды [106, б.445].

Ақын Шәкәрім Құдайбердіұлы ұстазы Абайдың аманатымен қазақ шежіресін жазып, 1911 жылы «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар» деген атпен Орынборда жариялады [27, б.114]. Бұл – Шәкәрімнің баспадан жарық көрген тұңғыш кітабы. Ғалым Қайым Мұхамедқановтың деректері бойынша, аталған шежірені Абайдың тапсырмасымен жазғанда Шәкәрімнің жасы он тоғызда екен. Аталған кітапты өз қаржысына Кәрімов пен Хұсайыновтардың біріккен баспасынан 1911 жылы басып шығарады. Жарыққа шығысымен жоғары бағаланған бұл шежіре туралы алаш қайраткері Ә.Бөкейханов былай деп жазады: «Шаһкәрімнің бұл кітабы – қазақ шежіресін білмек болған аға-іні іздегенді осы кітаптан табасың. Енді мұнан былай қазақ шежіресін жазбақ болған кісі Шаһкерім кітабын әбден білмей қадам баспа! Кітап жиған жері жоқ, көшпелі далада жүріп Шаһкәрім шежіресіндей кітап жазбақ оңай іс емес» [107, б. 478]. Шежірені нақты, ғылыми негізде жүйелеп жаза отырып, өлеңмен өрнектеген

Шәкәрім шежірені жазудан бұрын осы салада жан-жақты, көп ізденгенін көруге болады. Осы мақсатпен қажылыққа екі рет барып, араб, парсы, түрік тілдеріндегі еңбектермен танысады. Ондағы қазаққа қатысы бар шежіре дерек-мағлұматтарды жинастырған. Қолы жеткен дереккөздерін орыс, Еуропа тілдеріндегі кітаптардан да ұзақ жылдар бойы іздестіреді. Шежіре жайлы айтылған қазақтың арғы-бергі аңыз-әңгімелерімен салыстырады. Осы көрсетілген рухани қазына көздерінен жиған-тергендерін ой көзімен талдап, жүйелей келіп қазақ шежіресін жыр түрімен, қарасөз түрімен бірдей жазған.

Шәкәрімнің жырмен жазған шежіресі «Қазақтың түп атасы – батыр Түрік» деп аталады. Бұл шежіре жыр нақтылығымен, ғылыми негізде жүйеленуімен жалпы түркі елдерінің ата тегін, түп төркінін қамти отырып, негізінен қазақ халқының шежіресіне назар аударуымен ерекшеленеді. Шежіре айтушылардың дәстүріне орай өз ата тегінің тарихына көбірек тоқталу жағы басым деуге болады. Шәкәрім шежіресінің дәстүрлі мәніне филология ғылымдарының докторы Б.Әбдіғазиұлы арнайы назар аударды [108, б.56]. Ақын сол замандағы айтылған пікірлер мен ұсыныстарды, ескертпелерді жинақтай келе шежірені қайта толықтырып, кем-кетігін түзетіп, қайта бастыруды ойлап жүргенін «Қазақ» газетінің 1915 жылы 15 қазандағы санында «Барша қырғыз-қазақ білімділеріне ашық хат» атты мақаласында жазған. Бірақ та бұл мақсат орындалмады. Осы күнде қолымызға жеткені – 1911 жылғы кітап қана. Ғалым Қ.Мұхаметқанов ақынның шежіре жазудағы еңбегі туралы былай деп жазады: «Қазақтың түбі қайдан шыққанын дәлелді, тарихи деректі етіп, қазақ шежіресін жазу жолын Шәкәрім Абайдың маслихаты бойынша тарихшы ғалымдардың, оқымысты жазушылардың сол кезде қолы жеткен кітаптарын ізерлеп оқып, терең зерттеп, ұзақ жылдар бойы еңбек етіп, мол мағлұмат жинап, тұңғыш қазақ шежіресін жазуға кіріскен» [104].

Қытай қазақтары арасында да Шәкәрім Құдайбердіұлының шежіресі кең тараған. Ақынның «Мәдени мұра» бағдарламасымен жарық көрген «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 32-томында жарияланған «Қазақтың түп атасы – батыр Түрік» атты жыры қытайдағы қазақтар арасында «Қазақ тарихы дастаны» деген атпен танымал. Жыршысы, жеткізушісі беймәлім бұл жырды Тарбағатай аймағы, Дөрбілжін қаласының тұрғыны зейнеткер 1990 жылы жырлап, Дөрбілжін аудандық мәдениет үйіне қолжазба күйінде табыс еткен. Жыршының мәліметі бойынша шежіре жырды әкесінің аузынан естіп, жадына тоқыған. Жыр 1992 жылы Іле «Халық» баспасынан жарық көрген «Дөрбілжін ауданының қисса-дастандары» жинағында тұңғыш рет жарияланған. Шежіре жырдың сюжеті қазақтың шыққан ата тегі, «қазақ» атауының тарихы туралы кейбір тарихи мағлұматтарға сүйенген. «Үлкендердің аузынан «бұл шежірені Шәкәрім Құдайбердіұлы жазған» деген сөздерді естідім, бірақ анық-қанығын білмеймін» деп мәлімет береді Беделбек Еженбекұлы.

Екі жырдағы кейбір сөздер мен өлең шумақтарының ауысқаны болмаса, айырмашылығы көп емес.

Қазақтың түп атасы – батыр Түрік,

«Арабсың» деген сөздің бәрі өтірік.
Әнес сахабаның ұрқысың деп,
Алдаған дін жамылған өңкей жүлік.

Адамның тұқымынан – Нұқ пайғамбар,
Үш ұлы – Хам, Сам, Яфас, міне, осылар.
Яфастың бір баласы Түрік деген,
Өрбіген сонан өсіп талай жандар.

Қытай қазақтарында тараған нұсқа:

Қазақтың түп атасы – батыр Түрік,
«Арабсың» деген сөздің бәрі өтірік.
Ғакаша сахабаның ұрқысың деп,
Алдаған дін жамылған өңкей жүлік.

Адамның тұқымынан Нұх пайғамбар,
Ыдырыс ұлы Хам, Сам, Япас, міне, осылар.
Япастың бір баласы Түрік деген,
Өрбіген содан туып талай жандар.

Қытай қазақтары жырлаған нұсқаның соңында Үмбетей жыраудың Абылай ханға Бөгенбай батырдың өлгенін естіртуі қосылған [109].

Дулат Бабатайұлының «Тарих көші туралы» топтамасындағы «Ата қоныс Арқадан», «Әуелгі қазақ деген жұрт» атты шежірелік деректер жүйесіндегі жырлары көркемдігімен ерекшеленеді [110, б.160].

Шежірелер жүйесіндегі ұрпақтар сабақтастығы поэтикалық бейнелеулермен Базар Оңдасұлының «Ел жақсылары» шежіре өлеңінде де өріледі.

Жырмен жазылған шежірелер Қытай қазақтарының арасында да көптеп кездеседі. Оған 2009 жылы «Іле халық баспасынан» жарық көрген «Қазақ шежірелері» атты екітомдық кітап дәлел бола алады [111, б. 487]. Екітомдық жинаққа қарасөз шежіремен қатар саны отызға жуық жырмен жазылған шежірелер енген. Атап айтсақ: «Майқы (Қазақ) туралы шежіресі», «Орта жүздің Найман шежіресі», «Үш жүздің шежіресі», «Қазақтың жалпы шежіресі», «Керей шежіресі», «Нұх және Наурыз», «Қазақ шежіресі», «Қызай тарихы» т.б.

Қытай қазақтары арасында шежіре жырлауда Ақыт қажының шығармалары тақырыптық жағынан сан алуан. Туындыларының қай-қайсысын да болмасын сол заманының маңызды мәселелерін толғаған, мазмұнынан терең ойшылдығын аңғарсақ, сөз қолданыстарынан тіл шеберлігін, көркем сөздің көсемі болғандығын байқаймыз. Ақын мұраларының ішінде айрықша көзге түсетін жырларының бірі – «Болғанда Керей-Керей» және «Абақ Керей шежіресі» [112, б.652].

XX ғасырдың басындағы Ресей мен Қытай мемлекеттерінің отарлық саясатының зардаптарына ұшыраған қазақ халқының шежіресі халық ақыны Ақыт Үлімжіұлының «Болғанда Керей-Керей» атты жырына өзек болған. Ақын шығармашылығында атап айтқанда, жоқтау, жұбату жырларында да ұлт тарихы, ата-баба шежіресі жүйелене көрініс табады. Ақыт Үлімжіұлының «Абақ Керей шежіресі», «Алтай толғауы» атты туындылары да әдеби тарихнаманың көркем үлгісі деп сануға болады. Осы шежіре жырларда қазақтың ұлт болып қалыптасу, өсу, өркендеу тарихын құрайтын шежірелік деректер мен қатар, мәдени, әлеуметтік, философиялық, географиялық ұғымдар астасқан. Ата-баба мекені Алтайдың табиғат сұлулығы, жер-су атауларының тарихын жырлау ақынның отаншылдық көзқарасына сәйкес келеді.

«Болғанда Керей-Керей» жырының мазмұнына көңіл аударсақ, мұнда Керей руының шежіресі тарқатылмайды. Бір қарағанда, шежіреге еш қатысы жоқ жыр сияқты. Алайда, Керейден руынан шыққан көрнекті тұлғалардың сол заманда қандай адам болғандығын жырлау арқылы осы рудың игі жақсыларының шежіресін тарқатқан. Және ұрпақтан ұрпақты тарақататын шежіредегі дәстүр сабақтастығын сақтаған. Мысалы:

Дүниеден Уақ та өткен, Керей де өткен,
Бай мен жас, керей менен кедей де өткен.
Дүниеден еш нәрсеге мұқтаж болмай,
Тойұлы Доғалбай мен Бөжей де өткен.

Керей руының атақты байлары Бөжей мен Доғалбай, сол сияқты билер мен шешендерді де, батырларды да, ел басқарған адамдарды да сипаттап, жырға қосқан. Ақыт ақын ел қайраткерлерін суреттеумен қатар, сол кездегі қоғамға да баға беріп отырады. Мысалы:

Жәнібек заманында болды батыр,
Көрсетті дұшпанына заманақыр.
Қайран ер дүниеден кеткен соң,
Арт жағы быт-шыт болып бара жатыр, – деп Жәнібек батырдың көзі тірісінде абыройлы ер болғандығы, көзі кеткеннен кейінгі заманның өзгергенін бейнелейді.

Ақыт ақын аталған жырда Керей руының ел ағаларын ғана сипаттап қоймайды, жұртқа жақпаған, елдің берекесін қашырған ру адамдарының да бет бейнесін ашқан.

Баласы Топан бидің Сарыбайпақ,
Бітірді төңірегінің бәрін жайпап,
Қалыпсыз сұм нәпсіге еремін деп,
Айырылды аз елінен мүйіз шайқап.

Ақыт Үлімжіұлының «Абақ керей шежіресі» шежіре жыры аңыздың желісінде жырланған деуге болады. Жырда он екі абақ руының шығу тегі туралы баяндалды. Ертеректе Керей, Уақ деген екі ағайынды жігіттің кішісі Керей үйсіннен Абақ атты қызды айттырып, үй болады. Көп ұзамай ұлды болады да, әмеңгерлік салты бойынша, Уақ келініне сөз салады. Келісімін бермеген Абақ келін төркін жұртына көшіп кетеді, сол жақта күйеуге шығып, ұлды болады. Қарақожа деп атаған сол ұлдан Майқы, онан Жанас өмірге келеді. Жанастан он екі атты Абақтың тарайтындығы айтылады. Шежіре жырдың мазмұны тартымды, оқиғасы қызықты, көркем. Қазақтың көне салт-дәстүрлерінің де көрінісі бар:

Атадан Ашамайлы қалыпты жас,
Керейге ат шаптырып, беріпті ас.
Абаққа қайнағасы кісі салды,
Алам деп, пайғамбардан қалған мирас.

Бір-біріне ренжіген ағайындылардың іргесі алыстап, алшаққа кеткендігін төмендегідей суреттеген:

Батырдың көңілі қалды келінінен,
Жиылса да тимеді еліменен.
Дүрдараз болып жүрді, ауылы алшақ:
«Кетпес, – деп, – жақын жүрсе көңілімнен».

Ақыт Үлімжіұлының шежіре жырларын қай қырынан алып қараса да, толымды дүние екендігін аңғаруға болады. Ал мұндағы шежірелік қолданыстардың түбірін табу үшін, кейбір дереккөздермен салыстырғанды жөн көрдік. З.Сәдібековтің «Қазақ шежіресі» деген еңбегінде былай дейді: «Ашамайлы керейден Қара бидің қызын үйсін Абақ батыр (Майқы бидің немересі) алып, керей жерінде тұрып қалады. Одан өрбіген ұрпақ «Абақ керей» атанып кетеді. Олар, негізінен, Қытай мен Моңғол жерінде. Абақ керейдің ұраны – Жәнібек» [113]. Егер осы дерекке сүйенер болсақ, ол шежіре жырдағы аңыздың оқиға желісіне керғар келеді. Өйткені, Ақыттың туындысында Абақ – бәйбіше.

Сұрасаң, бәйбішесі Абақ екен,
Жылқы тегін өсірген жабағы екен.
Керей мырза неке оқып алғаннан соң,
Бір ұлды жүкті болып табады екен.

Ал ғалым Ақселеу Сейдімбек: «Керей – Ашамайлы (Балта, Қарақас, Сыбан, Сымайыл, Бағылан – Сармат – Көшебе) – Абақ – Жантекей, Жәдік, Қарақас, Шұбарайғыр, Ителі, Шимойын, Меркіт, Молқы, Көнсадақ, Жастабан, Шеруші, Сарыбас», – дей келіп, «тарихи деректерде Көшебенің бәйбішесі Абақ екені жазылған» деп жазады [6, б.87]. Яғни, «Абақ» әйел адамның аты екендігі

байқалып тұр. Олай болса, шежіре жырдағы оқиға желісінің түп-тамырында тарихи деректің белгілі бір деңгейде сақталғандығын аңғаруға болады.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген халық ақыны Мұрат Мөңкеұлының «Үш қиян», «Сарыарқа» атты туындылары – эпикалық дәстүрмен жырланған шежіре жырлар. Аталған жырларда эпикалық баяндау мен лирикалық толғаныс сабақтас өріледі, мазмұн мен пішін жүйесінде тарихи деректер тізбектеледі. Қазақтың ежелгі түркілік дәуірлері, Алтын Орда, Ноғайлы-Қыпшақ заманы, ыдыраудың, сыртқы отарлаудың әсерінен ата-бабалар қоныстарынан айрылған мәңгілік қасірет жыры төгіледі. Автор аталған эпикалық шығармаларында алдыңғы тарауларда қарастырылған шежірелік шығармалардың идеялық-тақырыптық желісіндегі ойлармен үндес толғайды. Тарихи тұлғалар, қоныстар, оқиғалар – бәрі де тарихи шындық деректері ретінде негізге алынады, авторлық шешіммен, өзіндік бағалаулармен тұжырымдалады.

«Сарыарқа» жырының шығу тарихы туралы белгілі ғалым М.Бөжеев: «1880 жылдары Мұрат Маңғыстау қазақтарының арасында тұрады. Тоғыз болыс бас қосқан үлкен топ ашылады, бұл топқа Мұрат та келеді. Топ ішінен бір қабылетті адам – ел арасы ақындарының Мұратқа «тілі тиіп» жүргенін естиді екен. Мұраттың сағын сындырмауды дұрыс көріп, «топ алдында өлеңді Мұрат бастасын, біздің өлеңшілер Мұратқа өресі жететін болса, артынан айтар, өресі жетпейтін болса, отырған жерінде отырып қалар» дегенді айтады, сонымен өлеңді Мұрат бастайды, ақын топ алдында «Сарыарқаны» айтып береді. Мұрат «Сарыарқада» қазақтардың анау бір өткен кезін, қазіргі халін баяндай келіп, арманын, өкінішін, ақылын, уайымын топтап айтып бермек болады» деп жазған [114, б.115].

Әуелі Әлім менен Табынды алды,
Тоздырып ақсүйектің тағын да алды.
Әленді Күсеппенен Сібірге айдап,
Бұ жұрттың қара түгіл ханын да алды.
Қазақтың хан – шегесі, жер – мұрасы,
Тағынан хан тайдырған соң бақыты қалды.
Ұршықты, Қарашоқы, Бәкі, Балқы,
Машырық, Теке, Сарық, Мәрі халықты да алды.
Баласы мұсылманның нашарланды,
Кең қоныс қайдан іздеп таптырады? [115, б.33]

Жыр үзіндісінен заманнан түңілу, өткен күнге зарығу, осы күніне көңілі толмаушылықты байқамау мүмкін емес. Қазақ үшін атамекені, жері қымбат. «Жүз жылға созылған зар заман дәуірінің ақындары халықтың басына төнген қайғы-қасіретті торығу сарынымен жырлады. Әсіресе, Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы өмір сүрген кезең – Ресейдің отаршылдық саясаты дәуірлеп, қазақ жерінің нағыз талауға түскен шағы еді», – деп жазады ғалым, ақын шығармашылығын зерттеуші Б.Омаров [116, б.213]. Мұрат ақын патша үкіметінің қазақтарды отарлау арқылы ұлттық асыл

қасиеттеріміз жоғалып кетер ме екен деген болжаммен, саяси жүйеге қарсылық іспетті жазған.

Осы кезеңнің көрнекті өкілдерінің бірі – Нұртуған Кенжеғұлұлы. Ақынның «Шұбырынды ақтабан» атты шежіре жыры эпикалық дәстүрде жырланған. Жырды бірнеше бөлімдерге бөліп қарастыруға болады. Бірінші, ақын жырдың кіріспесінде ғарыштық-ғаламдық қозғалыстардың ортақ заңдылықтары туралы философиялық тұрғыда толғайды. Екінші бөлімде, халық ауыз әдебиетінде кең тараған түркі халықтарына ислам дінінің таралуы, Құран хикаялары, Мұхаммед, Нұх пайғамбарлардан бастап, түркі халықтарының пайда болуы Жайылхан, Сейілхан, Қазақ, Созақ, Алаш, Наурыз туралы болса, үшіншісінде қазақ хандығының құрылуы тарихы, үш жүзді (Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс) таратады. Ақын жырдың төртінші бөлімін XYIII ғасырдағы «Ақтабан шұбырынды» қазақ-жоңғар шапқыншылығына, бесінші бөлімін қазақ-жоңғар шапқыншылығынан кейінгі Абылай хан басқарған тарихи кезеңге арнаған. Сонымен қатар шежіре жырда патшалық отарлау саясаты, оның зардаптары, халық көтерілістері, патша үкіметінің құлауы, сол замандағы қазақтардың әлеуметтік жағдайлары да тыс қалмаған.

Аз ғана алып тыныштық
Бөлінді қазақ үш жүзге.
Малын жайып жүр еді
Жапан дала, шөл-түзде.
Қазақ туды Алаштан
Білімпаз дана қашанда
Таласпайды бұл сөзге.
Ақарыс пен Бекарыс
«Ең кенжесі Жанарыс.
Алашқа тартып ұл туды» деп
Халық шулайды үш арыс [116, б.90]

Халық ақыны Нұртуған Кенжеғұлұлының «Шұбырынды ақтабан» шежіре жыры – халқымыздың тарихын, қасіреті мен қайғысын, қаншама тауқымет көрсе де елінен, жерінен айрылмаған қайсар ұлт екенін дәлелдейтін туынды.

XX ғасырдың басындағы ақындық, жыршылық мектептің көрнекті өкілі, жыршы, шежіреші Кенен Әзірбаевтың «Қазақ шежіресі» атты туындысы ұлы жүз руларының тарихына арналған. Ақын ұлы жүздің беделді адамдары, батырлары мен билері, атақты тұлғалары туралы жырлай келе орта жүз бен кіші жүз тарихына қысқаша шолу жасайды.

Ұлы жүз аймағында Алатаудың,
Оңтүстіктен ырғалған бақша-баудың.
Жетісу мен Түркістан, Сырдария,
Мекендеген арасын Қаратаудың, – деп басталатын бұл шежіре жырды 1964 жылы жазушы Жолдасбай Тұрлыбайұлы Рахымалы Байжарасов

пен Серкебаев деген шежірешілердің қолжазбаларынан көшіріп алған. Шежірені жинап, қорға тапсырушы – белгілі ауыз әдебиетін жинаушы, ғалым Қыдырәлі Саттаров [Қ.920/90]. Мәтін 1995 жылы «Қазақ батырлары» газетінде «Байрақ боп өткен бабалар» деген атпен және 1994 жылы «Атамұра» баспасынан жарық көрген «Қазақ шежіресі» атты кітапта жарияланған.

Осындай ел аңызын өлең еткен,
Сексенді алқымдаған Кенен екен.
Ұсынған ел мұрасын ұрпақтарға,
Қордайды бұл ақының мекен еткен. [40, б.117]

Кеңес өкіметінің саясатына қарсы шығып, қысым көріп арғы бетке ауған ақындардың бірі Көдек Байшығанұлы да жырмен шежіре жазған. «Албан тарихы» атты толғауының этнографиялық, шежірелік маңызы жоғары. Жырда Албан тайпасынан таралған рулар, әр рудан шыққан беделді адамдар, болыс, би, батырлар мен шешендер аталады.

Албанның атақтысын бір терейін,
Қолайлы ел-жұртына жағып өткен.
Қызылбөрік – Ерсары, Айт – Ниязбек,
Белгілі анық Қызыр дарып өткен.
Біреуден сұрап алмай, Құдай берген,
Жылқының пәлен жерге саны жеткен. [117, б.167]

Өмірінің соңғы жылдарын туған жерінде емес, Шығыс Түркістанда (Қытай Халық Республикасы) өткізген ақынның мұрасын ұрпақтары, көз көрген таныстары жаттап алып, бүгінгі күнге жеткізіп отыр. Алғаш рет 1988 жылы Т.Қабаевтың құрастыруымен жарық көрген «Көдек», «Көдек шығармалары» атты жинақтарда жарық көрген. Ақынның 1930 жылы айтқан «Албан тарихы» жырында ұлы жүз Албан шежіресімен қатар сол кезеңдегі Жетісу өңіріндегі қуғын-сүргін, халықтың саяси-әлеуметтік жағдайы кеңінен шынайы жырланған.

Шежіре жырлардың дамуына жоғарыдағы халық ақындарымен қатар Қашаған Күржіманұлының («Атамекен»), Есенбай Сасанұлының, Файзолла Сатыпалдыұлының, Зұлпықар Балғабаевтың, Шарғын Алғазиевтің («Албан ата») т.б. шежіре жырларын атауға болады.

Шежірешіге қажырлы еңбек пен ұқыптылық, ыждаһаттылықпен қатар, білім керек. Шежірені жазу барысы көп ізденуді талап етеді. «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 82-томына енген «Адам атадан бергі шежіре» атты жырды жазуға шежіреші Бұзаубай ақсақал жиырма жыл уақытын сарп еткен. Қолжазба деректер бойынша, шежіреші Бұзаубай Жайлаубайұлы 1894 жылы бұрынғы Қостанай облысы Семиозерск ауданы Целинный совхозында дүниеге келген. Ескіше 7-8 сыныптық білім алып, халық жырларын жаттап өскен Бұзаубай жастайынан сөз өнеріне әуес болып, тойда ән салып, ақындар айтысына қатысып, «ақын Бұзаубай» атанған [40, 340-б.]. «Шежірешілер өзінің жеке тәжірибесіне

тарихи ұзақ дәуірлердің маңызды әрі өзекті деген ұрпақтар тәжірибесін ұштастырған, барлығын қосып сақтаған субъектілер. Сөйтіп, шежірелерде көрініс табатын қариялардың тарихи санасы есте сақтаушы субъектілерінің тарихи жады арқылы дәстүрлі мәдениет қағидаларын да, адамның өмірлік тарихи тәжірибесі мен білімін де ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырады» [19, б. 47].

Бұзаубай ақын отыз бес бөлімнен тұратын шежіресінде XV ғасырдан бастап XIX ғасырға дейінгі қазақтың тарихи шежіресін жырлаған. 7900 өлең жолынан, төрт қалың дәптерден тұратын қолжазбада адам жаратылысынан бастап, халқымыздың ұлт, ұлыс болып таралуына дейінгі аралық жырға арқау болады. Сөз болып отырған шежіренің құндылығы – жырда тарихи мәліметтердің молдығында. Жыршы алғашқы пайғамбар болып есептелетін Адам атаны дүние жаратылысымен тұтастықта қарастырып, діни аңыздарды шебер қолдана білген. Сонымен қатар жыршының діни сауатты адам екенін орын-орынмен пайдаланған сүрелер арқылы көруге болады. Жырлаушы Б.Жайлаубаев шежірені 20 жыл шамасында (1953–1973 жылдар аралығында) жырлаған. Осы жылдар ішінде шежірешінің көп ізденгені, тарихи, діни кітаптармен кеңінен танысқаны айқын аңғарылады («Қиссасул әнбиа», «Тәурат», «Інжіл», «Құран», «Оғызнама», т.б.). Осы жерде «Қазақтың түбі қайдан шықты?» деген сұраққа жыршы «Аннас сахабадан тарадық» деген нұсқаны құптайды. Құнанбай қажының Меккеге қажылық сапарға барғанда әкелген шежіресін негізге алады [118, б.274-278].

Құнанбай сол қағазды алып келген,
Көзі мен қолына ұстап әркім көрген.
Арабтың сұлтанының мөрін көріп,
Аннастан екендігін анық білген.

Сонымен қатар жыршы Аяз би, Қарашаш туралы аңыздарды да молынан пайдаланған. Жыршы Бәйдібектің ұрпақтары, әсіресе Домалақ ана туралы аңыздарды Жамбыл Жабаевтан алғанын, ал көпшілік деректерді, қажетті мәліметтерді көне кітаптар мен қолжазба мұралардан алып отырғанын жиі еске алады. Бұл шежірешінің өзіндік шынайылығын, ұрпақтар алдындағы тазалығын аңғартады.

Сондай-ақ жыршы шежірені жырлау үстінде өзіндік ұстанымдарын да пайдаланып, көлемді мұраның құрылымын, композициялық жүйесін, оқиғалар желісін өзінше құрып, көп шежірешілерге ұқсамайтын жеке жол іздестіруге тырысады. Кейде бұл ізденістеріне қол жеткізген де сияқты. Бұзаубай ақсақалдың шежірелік мәліметтері мен құжаттық материалдары өте мол болғандықтан, жалпы шежіренің жалпы жүйесі бұзылғандай болып көрінгенмен, оның негізгі тұтастығы сақталған [118].

Бұған дейін қорытынды болмаған соң,
Ғалымдар елге сәлем жолдаған соң,
Нақтылап білгенімді жаздым теріп,

Көңілім тарихшыға толмаған соң.

Шежіреші Б.Жайлаубаев шежірені алдымен жыр үлгісінде жырлап, кейін біраз жерлерін қарасөзбен толықтырған. Оған осы шежірені жинап, тапсырушы Жексенбіұлы Қайырбектің мына мәліметі айқын дәлел болады: «Қазақ шежіресін жазғанда Бұзаубай ақсақал 89 жаста болғандықтан, алғашқы бөлімін өлең сөзбен, соңғы бөлімін қарасөзбен жазған» [ОҒК:Қ.1076.1-дәп.].

Баяндап жоғарыдан келдім жазып,
Жоқ шығар бұл туралы менде жазық.
Ел үшін еңбегіме ризамын
Жиырма жыл шаршап-талып, болдым қажып.

Немесе:

Бар болған құдіретімен Қадір Аллам
Әуелі ақыр да өзі емес жалған.
Бұл ғалам – он сегіз мың жер менен көк
«Кун» деген лебізінен бәрі болған.
Фәна кун десе жерде бір сағатта
Жоқ болмақ бар мақұлық дүние толған.
Жаратты Мұхаммедтің әуел нұрын,
Еш нәрсе жаратпаған мұнан бұрын.
«Уа из Алла раббука лил-маликатинни
жаиллу филарди халифатан[1]», –деп,
Білдірген періштеге ішкі сырын.

Құран сүрелерін пайдалана отырып, Адамның жаратылуы мен періштелер туралы Құран хикаяларын баяндайды. Адам атаның жұмақтан тозаққа түсуін де жырға қосады.

Ал енді кірісемін шежіреге,
Жазды деп жазғыра алмас мұны неге.
Оқуға, өлең десе, әркім әуес
Болсын деп соның үшін жаздым шеге.

Көріп отырғанымыздай, автор шежіре тарқатуды Адам атаның жаратылуынан кейін бастайды. Бұзаубай шежіреші қасиетті кітаптарға сүйенгенін айтады:

Адамнан бермен қарай жазған тарих

[1](Мұхаммед Ғ.С.) Сол уақытта Раббың періштелерге: «Әрине, мен жерде бір орынбасар жаратамын!» – деген еді. (Бақара сүресі, 30-аят).

Жоқ қылды мәжусилер отқа жағып.
Кейінгі халық тағы тарих жазды,
Аңыздан, ауыз сөзден жиып алып.
Сүйеніп Тәурат, Інжіл, Құран шәріп,
Ғылыми тарих деді мұны халық.

«Адамның жаратылысы», «Қабыл мен Ақлима хикаясы», «Нұхтан басталатын тарихтың желісі», «Аннастың тарихи шежіресі» атты бөлімдері тарихты жақсы меңгерген адам екенін көрсетеді. 4200 жолдан тұратын шежіре жалпы адамзат тарихынан басталып, ірі-ірі тарихи оқиғаларға тоқтала отырып, қазақ шежіресін, руларын тарқатады.

Ақын шежірені жырмен жазғанда шешендік сөздерді де шебер қолданған. Қолжазбада бірін-бірі қайталайтын тараулар кездеседі әрі мәтіндер ретсіз орналасқан. Кейбір бөлімдері аяқталмай қалған. Жыршы кейбір ру-тайпа атаулары мен тарихи деректерді келтіруде қателікке бой алдыруы да мүмкін. Жыр бөлімдерінің қайтанып келуінен жыршының ұзақ уақыт бойы шығармаға әлсін-әлсін оралып отырғаны байқауға болады. Қорыта келгенде, Бұзаубай Жайлаубайұлының «Адам атадан бергі шежіре» атты жыры – көлемді, тарихи мәліметтерге бай, құндылығы зор шығарма.

«Көшпелі тіршілік кешкен басқа түркі және моңғол халықтарында да кең тараған бұл дәстүрді фольклорлық мәдениеттің ерекше арнасы ретінде де қарастыруға болады. Өйткені, фольклорлық туындыларға тән сюжеттің өрбітілу үрдісінің шарттылығы, формульдылығы, вариантивлігі, ахуалдылығы, циклдігі сияқты ерекшеліктер шежіренің де поэтикасының (архитектоникасының) жанрлық қасиеттері болып табылады» [119, б. 662-663].

Шежіре жырларда кездесетін жер-су атаулары – ұлттар мен ұлыстардың, тайпа мен рулардың ата қонысы, киелі мекені. Шежіре жырлардағы топонимдік және этнотопонимдік атаулар әртүрлі және өте көп. Бір жырдың бойында Африка мен Америка, Мекке мен Мәдина, Рим, Грекия, Мысыр, Бағдат, Шам, Ніл дариясы Қырым, Жайықпен қатар, қазақтың Сарыарқасы мен Бетпақдаласын, Түркістаны мен Жетісуын кездестіруге болады. Көшпелі өмір салтын ұстанған қазақтар үшін жер-су атаулары ең мәнді тарихи айғақ болып табылады.

Арқаны аңсап келген Қазақ елі,
Басында баяндалды барған жері.
Қырымнан – қыр, Жайықтан – жай таба алмай,
Қайта келіп, Сарыарқаны мекендеді Қазақ елі.
(«Қазақ шежіресі»)

Уақтында Аланшаның қазақ елі
Алатау, Сарыарқа еді жүрген жері.
Ол күнде қазақтарға қалмақ пенен
Артықша башқұрт, мажар дұшпан ерді.

Қалмақтар шыдатпапты елді шауып,
Башқұрт һәм елді шабар уақтын тауып.
Баршасы Сарыарқаға қызыққаннан:
«Кетсе, – деп, – ойланар-ды жерден ауып».
(«Дүниежүзіндегі халықтардың тайпа, руларға бөлінуі»)

Сарыарқа үш арыстың жері еді,
Үлгі сөз үлкендерден беріледі.
Сұрасаң, Керей, Уақ арғы атасы –
Қожаның атасынан бөлінеді. («Жыр-шежіре»)

Сарыарқа – қазақтың бүкіл географиялық кеңістігін қамтитын Алаштың Отаны ұғымындағы атау. Шежіре жырларда ақындар Сарыарқаны поэтикалық мағыналы жинақтау аясында қолданады. Сонымен қатар басқа да қазақ жер-су атауларын, олардың қасиеттерін даралай атап жыр жырға қосады. Қазақ халқы көшпелі дәстүрді ұстанғандықтан, тұрмыс мәдениетіне сай жазғы жайлау мен қысқы қыстаулары болғаны белгілі. Қазақтың киелі мекенінің тарихи деректеріне негізделген шежірелік жырлардың кейінгі ұрпаққа атамекеніміздің ежелгі заманнан қазірге дейінгі географиялық-топонимдік ерекшеліктерін біліп, тануға көмегі мол. Арқа туралы тарихшы Құрбанғали Халидтің «Тауарих-и Хамса-и шархи» атты еңбегінде көп деректер бар [103]. Әбілғазы Бахадүр «Түрікмен шежіресі» атты еңбегінде Арқа – Дешті – Қыпшақ деген үш сөзді бір топонимдік атау ретінде пайдаланған.

Қазан қаласы өнер-білімнің ордасы ретінде суреттеледі.

Аудартты Ыбырайым рисаладан,
Баспаға бермек болып Қазандағы.
Бұзылды бір-ақ заман толқын болып,
Баспаға сол себепті бара алмады.
(«Майқы (Қазақ) туралы шежіре»)

Ардақты өткен неше даналарым
Алатау, Ақжол, Кейкі, Мөңке, Мілде.
Жиырма жыл Қазан, Уфа тағылым беріп,
Қосыбаев Шәді де алған жүлде. («Қазақ шежіресі»)

Тұжырымдай келгенде, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы халық ақындары шығармашылығында шежіре жырлар ерекше орын алды. Қазақ әдебиетінде осы кезең шежіре жырлардың дамыған кезеңі болды деп айтсақ болады. Шежіре жырлардың көркемдік деңгейлері жырлаушының немесе ақынның шеберлігіне қарай әртүрлі болып келеді. Көбінесе деректанулық жүйеге құрылғандықтан, көркемдік тілі, ұйқастары жеңіл, он бір буындық өлшемге құрылады. Жырлаушы-шежірешінің халық тарихын жүйелі тілмен жырлауынан этнографиялық сипаттама түріндегі шежірелік стил аңғарылады.

Халық ақындарының шежіре жырларындағы баяндау арқылы жеке тұлғаларға, оқиғаларға деген өзіндік көзқарастарын байқауға болады. Жырларда халықтың әуелгі қалыптасуы мен дамуына тұрақ болған мекендер, географиялық кеңістіктер нақты немесе болжалды түрде көрсетіледі. Ақындар жырындағы шежірелік деректер ұлтымыздың атадан балаға мирас болып келе жатқан туған жерге деген отаншылдық, азаматтық көзқарастары негізінде жырланған.

3 ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕ ЖЫРЛАРЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, ПОЭТИКАСЫ

3.1 Шежіре жырлардағы уақыт пен кеңістік

Әлемдік әдебиет тарихында қазақ сөз өнерінің өзінік орны бар. Сандаған замандар бойы қалыптасқан әдеби жанрлар жүйесі ұлт руханиятымен бірге жасасып, сабақтастық тауып келеді. Кез-келген жанрдың қалыптасуы, дамуы, даралануы поэтикалық ерекшеліктеріне байланысты екені мәлім. Ғалымдар Ш.Уәлихановтың, А.Байтұрсынұлының, Х.Досмұхамедұлының зерттеулерінде қазақ әдебиеті жанрлары тұңғыш рет жүйеленіп, ғылыми бағыт-бағдарлар жазылды. Атап айтсақ, А.Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышында» «әуезе» терминіне мынадай анықтама береді: «Әуезе әңгімесінің айтатын түріне қарай бірнеше тарауға бөлінеді. Біреулері өткенді сөз қылғанда, уақыт сарынымен айтады, екіншілері біреуден біреуді туғызып, туыс сарынымен сөйлейді, кейбіреулер өз заманындағы болған уақиғасын сөйлегенде, кей өткен замандағы уақиғаның әңгімесін сөйлейді. Біреуі бір адамның өмірін, яки мінезін әңгіме қылғанда, бүтін жұрттың өмірін, яки мінезін әңгіме қылады. Сондықтан, әуезелердің мынадай тараулары болады: 1) шежіре, 2) заман хат, 3) өмірбаян, 4) мінездеме, 5) тарих, 6) тарихи әңгіме» [120, б.398]. Өмірбаян, мінездеме, тарихи әңгіме, заманхат, шежіре сияқты әуезе түрлері әлем әдебиетіндегі белгілі шығармашылық тұлғалардың әдеби мұраларында кездесетіні мәлім.

Жырлаушылар шежірелік шығармалар да халық ауыз әдебиетінің және жазба мұралардың дәстүрлі бейнелеу құралдарын шығармашылықпен жетілдіре отырып пайдаланған десе болады. Шежіре авторлары жеткен көркемдік жетістіктер тарихи шындықты ажарландырып, шығармадағы тарихи шындық пен дәуір тынысын шынайы көрсете білген. Шежірешілердің негізгі нысанасы тарихи заманның шындығын бұрмаламай жеткізу болса керек.

Әлемдік әдебиеттану ғылымында, атап айтқанда Рим әдебиетінде тарихи-әдеби шығармаларды әдіснамалық тұрғыда зерттеудің «Көркем тарихнаманың поэтикасы» атты қалыптасқан мектебі бар. Сонымен қатар Т.А.Миллердің, Г.Н.Кузнецованың [121], С.С.Аверинцевтің [122, с.278] зерттеулерінде тарихи-әдеби шығармалардың жанрлық сипаты ғылыми негізде дәйектеледі.

Әдебиеттану ғылымында «көркем тарихнама» атауымен қарастырылып жүрген ғылыми-әдіснамалық тұжырымдама шығарманың тарихилығына негізделіп, поэтикалық ерекшеліктерін анықтайды. Ежелгі Рим әдебиетінің белгілі ғалымдары Цицерон, Квинтилиан, Лукиан, т.б. әрі әдеби, әрі тарихи шығарма жанрына жататын туындылар туралы ой-пікірлер айтқан.

Поэтиканы тарихи бағытта қарастырудың тәжірибесі орыс әдебиеттанушы ғалымдарынан бастау алады. Атап айтсақ, В.М.Жирмунский, О.М.Фрейденберг, Е.М.Мелетинский, В.Я.Пропп, А.Я.Гуревич, Д.С.Лихачев, М.М.Бахтин, Н.И.Конрад т.б. Сонымен қатар отандық ғалымдарымыз Қ.Жұмалиев, З.Ахметов, Р.Нұрғалиев, Р.Бердібаев, С.Қасқабасов, О.Нұрмағамбетова, Б.Әзібаева, Б.Майтанов, А.Темірболаттың т.б. ғылыми

еңбектерінен поэтиканың түп-тамырын ұлттық фольклор мен әдебиет деректерінің негізінде іздестіру керек екендігін ұғынамыз. Тарихи поэтиканың теориясы туралы жазылған еңбектер де көптеп кездеседі [123-126].

Әдебиет пен фольклордағы көркемдік пішіндердің объективті түрде пайда болуы, қалыптасып, дамуын қарастыратын «тарихи поэтика» атты терминді орыс халқының танымал ғалымы А.Н.Веселовский енгізген [127, с.155-299].

Шартты түрде «тарихи-шежірелік шығармалар» деп атап жүрген шығармаларды әлемдік ғылымда «нарративтік шығармалар» деп те атайды. «Нарратив» ағылшын немесе француз тілінен аударғанда «оқырманға немесе тыңдарманға өзара іштей байланысы бар оқиғаларды сөз және образдар арқылы баяндау» дегенді білдіреді [128, б.6]. Тарихнама ғылымында қолданылған «нарратив» термині кейінгі уақытта атап айтсақ постмодернизм философиясында «болған оқиғаны тарихи заңдылықтың нәтижесі деп қарамай, оны баяндау мен интерпретациялау өрісінде қарастыратын ұғымды білдіретін терминге айналды. Нарратология, нарратив теориясы, баяндау теориясы, жалпы алғанда, баяндауды зерттейтін ғылыми пән. Нарратология әр түрлі нарративтің жалпы белгілерінің көрінуін, олардың арасындағы айырмашылықтарды айқындау, нарративтің пайда болуымен дамуы заңдылықтарын бір жүйеге келтіруді мақсат етеді. Нарративтік шығармаларды зерделеу дегенде, шығарамаларды алдымен тарихи тұрғыдан зерттеу бірінші қолға алынатыны түсінікті. Ал, оны әдеби мұра, әдеби шығарма ретінде зерделеу де назардан тыс қалмауы керек.

Әлем әдебиеттері құрамындағы біздің қазақ сөз өнері тарихында да ауызша және жазбаша тарихнамалық шығармалардың (оның ішінде, авторлы шежірелердің) құрылымы да осы аталған поэтикалық ерекшеліктермен үндеседі. Қазақ тарихындағы атақты оқымыстылардың (З.Бабыр, М.Х.Дулати, Қ.Жалайыр, Ә.Бақадүр, Ш.Уәлиханов, Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп) тарихнамалық туындылары әлемдік өркениеттегі кез-келген осы тектес мұралармен теңесе алады. Аталған ерекшеліктерді бұлардың тарихнамалық шығармаларынан таба аламыз.

Қазірде «поэтика» термині екі түрлі мағынада қолданылуда. Біріншісі, сюжет, мотив, композиция, стиль, көркемдік бейнелеу құралдары мен тәсілдері яғни көркем формалардың байланысқа түскен жиынтығы мағынасында болса, екіншісі, осы аталған көркем формалармен бірге тегі, жанры, шындықты бейнелеу жолдары, көркем сананың, жадтың орны деп түсінеміз [129].

Эпостық жырлардағы уақыт пен кеңістік ұғымдары ғалым Ш.Ыбраевтың тұжырымдауы бойынша, халықтың дәстүрлі түсінігін, дүниетанымын, оның даму жолдарын анықтауға септігін тигізеді, ұлттық ойлау жүйесінің қыр-сырын, типтік ерекшеліктерін ажыратуға көмектеседі. Сондай-ақ, ғалым көркемдік ойлаудың даму сатылары, уақыт пен кеңістік ұғымдарының түрлі сипаты толып жатқан жанрлардың қалыптасу, өсу жолдарын да көрсетеді деп саралайды. Әдебиет пен өнердегі ырғақ, цикл, бейнелеу тәсілдері де уақыт пен кеңістік туралы түсініктердің тарихымен сабақтас, ал халық ауыз әдебиеті мен жазба

әдебиеттің қатысы да осы ұғымдар арқылы ажыратылатынын атап көрсетеді [129, б.90]

Әдебиеттанушы ғалымдар уақыт пен кеңістік ұғымдарын әдебиетке қатысты үш салаға бөліп қарастырады: 1. Реалды уақыт пен кеңістік (физикалық); 2. Концептуалды уақыт пен кеңістік; 3. Перцептуалды уақыт пен кеңістік [130, с.11-25].

Реалды уақыт пен кеңістік бізден тыс болып жатқан құбылыстарға, олардың алмасу, орын ауыстыру өзгешеліктеріне байланысты және олар шексіз болып келеді. Ал, концептуалды уақыт пен кеңістік – адамзатты қоршаған орта туралы санамызда жинақталған ұғымдар. Бұл ұғымдар баршаға таныс, түсінікті ұлттық бояуы қанық болуы шарт. Мысалы, әр халықтың жыл санауы, күнтізбесі, жыл қайыруы әртүрлі. Ал, адамдардың сезім-түсініктері, көңіл-күйлерінің өзгеріп отыруы – перцептуалды уақыт пен кеңістіктің шеңберіне енеді.

Шежірелердегі уақыт межесі – қазақ халқының дәстүрлі таным-түсінігі бойынша ұрпақтардың рет саны арқылы да белгіленеді. Мысалы, «Хан Жәнібектің уақытында», «Біздің ең үлкен жетінші атамыз Кенжеғұлдан басталған аңшылық, саятшылық әлі күнге дейін атадан балаға мұра болып ауысып, ата кәсібіміздей қалыптасып кетті», «Былайша атамыз қазақ Әнас әулиеден оныншы атада дүниеге келіп, атамыз Қазақ балалары үшінші және төртінші атаға жеткен кезде Бұқараға қараған жерге келген еді», «Жетінші атамыз Наймантай батырдың Тәуке хан құзырында жүрген кезі еді» деп басталатын шежірелерде айтушы да, тыңдаушы да қай кездегі оқиғаны айтып отырғанын межелей алады. Және шежірелік уақыт межесін туыстық атаулар (жеті ата, баба, ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек) арқылы болжау да кеңінен қолданады.

Эпостық жанрдағы уақыт пен кеңістік категориясын екі түрлі бағытта қарастыруға болады:

1. Тарихи-генетикалық бағыт. Бұл жырдың пайда болған мезгілі, мекені, шындық пен көркем шығарманың арақатынасы, тарихи оқиғалар, т.б.

2. Көркемдік поэтикалық бағыт. Бас кейіпкерді, оқиға өткен мекен мен мезгіл аралығын бейнелеу деп түсінуге болады [131, с.13].

Көркем шығармадағы уақыт пен кеңістіктің бірлігін ресей ғалымы М.Бахтин хронотоп деп атады. «Әдеби-көркем шығармадағы хронотоп дегеніміз – уақыт пен кеңістік белгілерінің нақтылы бір бүтіннің табиғатына лайық бірлікте көрінуі. Мұнда уақыт қоюланады, сығылысады, сөйтіп көркемдігімен көзге түсетіндей дәрежеге жетеді; ал кеңістік болса шоғырланады, тарихтың, сюжеттің, уақыттың қозғалысына бағындырылады. Уақыттың белгілері кеңістікте ашылса, кеңістік уақытпен өлшеніп, уақыт арқылы ұғылады» [132, с.234]. Хронотоп ұғымын ғалым Б.Майтанов «мекеншақ» деп атайды.

Әдеби жанрмен тікелей байланысып жатқан хронотоп ұғымы идеялық-көркемдік мақсатқа тәуелді екенін сюжеттің өрбуі мен оқиғалардың орналасуынан, іс-әрекеттің баяу не жылдам суреттелуі және оқиға орнының ауыстыруынан көруге болады.

Ғалым Б.Н.Путилов уақыт ұғымын әр жанрдың табиғатымен бірлікте қарауды ұсынады [133, с.33]. Шындығында әр жанрға өз ерекшелігіне қарай уақыт жіктеледі. Б.Н.Путилов эпикалық жырлардағы уақытты төмендегідей жіктейді:

1. Баяндау уақыты
2. Сюжеттік уақыт
3. Дәуірлік уақыт.

Мұндағы «баяндау уақыты» дегені автор немесе орындаушы уақыты деуге келеді. Қазақ жырларында сюжеттен тыс жырлаушы не баяндаушы уақыты бар екенін ажырату қиын емес. Қырғыз, қарақалпақ, өзбек жыршылары да қазақтар сияқты жырға арқау болған оқиғаларға өз көзқарастарын кіріспе толғауларда білдіріп отырған. Немесе өзін таныстырып, Аллаға сыйынып, пайғамбарға салауат айтып барып жырлауға кіріскен. Бұл дәстүрдің тыңдармандарды ұзақ жырды тыңдау алдындағы психологиялық дайындау десе де болады. Өйткені, баяндаушының тас-түйін түйдек-түйдек сөздерінен түрлі көңіл-күйде отырған тыңдаушылар өткен бір дәуірге зейін қойып, баяндаушы мен орындаушы арасында рухани байланыс орнайды. Аталған дәстүр туралы эпос зерттеуші ғалымдардың (М.Әуезов, Е.Ысмайылов, О.Нұрмағамбетова, М.Ғабдуллин, Р.Бердібай, С.Қасқабасов) еңбектерінде сарапталған.

Шежіре жырларда да осы эпикалық дәстүр сабақтастық тапқан. «Эпосты тудырған дәуір бейнесі тұтастай шығарманың болмыс-бітімінен келіп шығады. Ол әлеуметтік саяси, заман, дәуір, тұрмыс-тіршілік қоршаған орта туралы жырда көрінетін ұғымдардың жиынтығы. Оның үстіне дәуір бейнесі кейбір жанрларда (мәселен, наным-сенім өлеңдерінде) мүлдем байқалмауы мүмкін», – деп жазады ғалым Ш.Ыбраев [71, б.83].

Кіріспе
Бендеге тіршілік жақсы болса да арман,
Десең де дүние жақсы, арты жалған.
Қазақтың Тәңір тауын, мың толғауын
Сағынып қан майданда жазған едім.

... Оқушым, көрік-көрнек іздемеңдер,
Ретпен тілге жеңіл жазылған.
Сондықтан түпнұсқасын өзгертпедім,
Қоспадым, небір шежіре болды тыңнан.

Соңы
Аман-сау қайтсам елге, табылам сонан,
Деп егер, іздеп келсең «қатарым еді». [41,б.362]

Жоғарыдағы шежірені жырлаушы Қызылорда облысы Қармақшы ауданының құрметті азаматы, ақын Әлімбай Асқаров. Ақынның өзі айтқан деректерге қарағанда, шежіре жырды жазу үшін бір ғасыр бұрын Бұхарада

басылған кітаптарды және жерлесі Қалжан деген ақынның қолжазбаларын пайдаланғанын айтады. Жырды ақынның өз аузынан жазып алып, ӘӨИ-дің Қолжазбалар қорына тапсырған – филология ғылымдарының докторы Ә.Қоңыратбаев [41, б.362].

Жырлаушы тарапынан баяндалатын осындай кіріспе сөздің қызметі тыңдаушыны ата-баба тарихына қызықтыру, олардың өмірде шын болғандығына тыңдаушының көңілін сендіру болса, екінші жағы өткен дәуірдегі ата-баба тізбегін, рухын жақындата түсу.

Кіріспе
Өзіңді күйлеп, Нұржан, бағып қара,
Бір үкі қырық та, басқа тағып қара.
Жоқ па екен қалған жұрнақ ақырындап
Бұрышын қапшығыңның қағып қара.

Соңы
Найман, Қоңырат, Керей, Уақ қалдыменен,
Жазарлық бір сөзі еді, ол керекті.
Мұны да сұрап-біліп, ескерермін,
Денсаулық, Алла берсе, тіршілікті.
(«Нұржанның шежіресі»)

Кіріспе
Жазуға түрік нәсілі алдым қолға,
Жәрдем ет, Жаратушы, өзің оңла.
Патшасы патшалардың бір өзіңсің
Сала гөр, қате кетсем, тура жолға.

Соңы
Жинақтап осылардан жазбақшымын,
Лахытқа тұрсам егер аяқ салмай.
(«Түрік тайпалары және қазақ үйсіндер»)

Кіріспе
Қолыма бісмілла деп алдым қалам,
Сөзіне бұрынғының құлақ салам.
Жазылған еріккен соң ермек емес,
Оқи бер қолыңа алып, ей, бозбалам.

Соңы
Аяғын тоқтатайын жаза бермей,
Қиялым тұрса дағы маза бермей.
Ағалар, осыменен тамам еттім,
Құдайым ғұмыр берсін, қаза бермей [134, б.122].

Жоғарыдағы мысалдардан жырды жырлаушының кіріспе толғауы да және соңғы аяқтауы да, жыр оқиғасынан бөлек екенін көруге болады. Шежіре жырлардың кіріспесінде жырлаушылардың басым көпшілігі Құрандағы оқиғаларға яғни, «Адам ата мен Хауа ана», «Топан су», «Нұх пайғамбар» хикаяларына тоқталады. Құранда және басқа да діни кітаптарда әлемнің жаратылысы, Алла тағаланың алғаш нені (кімді) жаратқаны туралы мағлұматтар молынан кездеседі. «Әлем, жын-перілер, жан-жануарлар, адам, табиғат құбылыстары, нұр....– бұлардың әрқайсысының жаратылу реті бар, Алла Тағала бұларды белгілі бір ретпен, белгілі бір тәртіппен жаратқан» [135].

Бұл құбылыс XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақ ақын-жырауларының діни сауатты болғанын көрсетеді. XX ғасырдың басында қазақтар арасында діни мазмұндағы кітаптар кеңінен таралды. М.Ж.Көпеев, Ш.Құдайбердіұлы, Н.Наушабаев, Е.Көлдейбекұлы, Е.Сасанұлы т.б. ақындардың медреседе оқып, білім алғаны тарихтан белгілі. Ислам діні тарихын, Құран аяттарын тәпсірлеу, әсіресе XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезіндегі ақын жыраулардың шығармаларында терең көрініс тапқанын ғалым С.Дәрібайұлы өзінің «Ақын-жыраулар поэзиясындағы ислам негіздері» атты еңбегінде жан-жақты талдаған [136, б.156].

Ғалым Ш.Ыбраев эпостағы сюжеттік уақыттың эпикалық дәуірмен байланысты болу себебін барлық оқиғалардың әлеуметтік астары, қоғамдық нышаны мен өткен мезгілі тұтас бір эпикалық дәуір аясында өтетінін, сюжеттің басы да, аяғы да бір дәуір деп тұжырымдайды. Зерттеушінің ғылыми пікірлерімен келісе отырып, шежіре жырлардағы сюжеттік уақыттың эпос уақытынан өзгешелігі барын анықтауға тырысамыз. Шежіре жырлардың басым көпшілігінде сюжеттен гөрі адам есімдерін тізіп шығу, тарихи оқиғаларға шолу жасау басым. Бұл шежіре жырларда мүлде сюжет жоқ дегенді білдірмейді. Белгілі ғалым С.Қасқабасовтың: «Оқиға болып жатқан кезде, немесе дереу соның артынша туған тарихи өлеңдер бірте-бірте, араға біраз уақыт салып барып шоғырланып, белгілі бір циклге топталып, жырға айнала бастайды. Оны жырға айналдырушылар – сол оқиғаның ішінде болған, немесе оны жақсы білетін өте қабілетті ақын – жыршылар», – деуі осыған саяды [137, б.136].

Шежіре жырларға өзек болған белгілі тұлғалар, қайраткерлер туралы немесе руларға қатысты аңыздар, ауызша әңгімелер мен тарихи өлеңдер екені анық. Мысалы, шежіреші Б.Жайлаубайұлы «Қиссасул әнбие», «Тәурат», «Інжіл», «Құран» хикаяларымен жақсы таныс екенін, және оны шежіреде шебер қолдана білгенін көруге болады. Оның «Адам атадан бергі шежіресінде» адамның жаратылысынан бастап, Адам ата Хауа ана және оның балалары, жұмақтан қуылуы, періштелер мен Ібіліс туралы, т.б. бәрі рет-ретімен жырланады. Сонымен қатар шежіреші Құран аяттарын да шебер қолданады. «Адамның жаратылысы», «Қабыл мен Ақлима хикаясы», «Нұхтан басталатын тарихтың желісі», «Аннастың тарихи шежіресі», «Оғыз хан нәсілдері», «Оғыз ханның Сауран қаласын салдыруы, оның сәулеті жайлы мәлімет», «Қалмақ дәуірі», «Есбай ханнан мәлімет», т.б. көптеген бөлімдерінде бір аңыз немесе

тарихи факт жырланады. Демек, сюжеті құрамалы. Және эпикалық тұтастанған дәуірде уақыт мейлінше сығымдалып беріледі.

Адамның тұқымынан Нұх пайғамбар,
Ыдрысұлы Хам, Сам, Япас, міне, осылар.
Япастың бір баласы – Түрік деген
Өрбіген содан туып талай жандар.
(Ш.Құдайбердіұлы. «Қазақтың түп атасы»)

Осы төрт жолға Адам пайғамбар, Нұх пайғамбар дәуірінен Түрік халқы пайда болған дәуірлерді сыйғызған. Тарихи және діни деректерге сүйенсек, Адам ата мың жыл, ал Нұх пайғамбар тоғыз жүз елу жыл өмір сүрген. Ал, екеуінің арасында жүз жиырма жыл немесе он, жиырма ғасыр деген деректер бар [138]. Нұх пайғамбар, оның балаларын таратып, Түрік атауына дейін шамамен отыз ғасырды қамтитын уақыт. Кейбір жырда осы аралықтағы уақытқа түсінік беріп те кетеді.

Тарихи жыр тек бір тарихи тұлғаға немесе тарихи оқиғаға байланысты өрілсе, шежіре жырларда шежірешілер көбінесе жалпы адамзат тарихын, барша халықты, өзінің руын қамтуға тырысады. Кейде бір жырда бірнеше тарихи оқиға, бірнеше дәуір қабаттаса жүреді. Бұл жерде тайпа немесе ру атауларын белгілі бір тарихи тұлға емес, шежірелік кейіпкер ретінде қараған дұрыс. Шежіре жырлардың басым көпшілігіндегі «Аннас сахабадан тарадық» деген яғни діни ықпалдан туындағы шежірелердің ең азы 50-60 атаны немесе 100-150 атаны қамтуы, 19-22 ата қазақтық сипат алуы шежірелік уақытты білдірсе керек. Мысалы:

Тарихты зерттеген жан жөнін табар,
Әлемнен он сегіз мың болса хабар.
Пайғамбарлар тарихын оқып көрсем,
Адамнан Нұхқа дейін көп ата бар. [139]

Немесе:

Таралдық Адам ата – Хауа анадан,
Өндіріп тұқым шашып бір ұядан.
Нұх пенен Адам ата екі арасы
Көбейіп көп адамға дүние толған. [139]

Мұнда жырлаушы немесе автор ру атауына немесе тарихи оқиғаға ауық-ауық түсінік беріп отырады. Шежіре жырлардың сюжетінде тарихи жырлардағыдай хронология сақталады, оны шежірелік заңдылық деуге де болады. Жырда оқиғаны топтап немесе ықшамдап өрбіту, оны жекелеп, даралап суреттеу уақытқа тікелей қатысты. Жырлаушы оқиғаның ішіне еніп суреттеген сайын уақыт ұмытыла бастайды. Жырдағы уақытты ескертіп отыру іс-әрекет мезгілі мен оны жырлау мезгілі бір-біріне кереғар болған сайын жиілей түседі.

Ғалым А.Сейдімбек өзінің қазақ шежірелері туралы зерттеу еңбегінде «шежірелік уақыт» деген терминге тоқталады. Ғалым баспа бетін көрген, мұрағаттарда сақталған, өзі жинаған мыңға тарта шежірені салыстырғанда, барлық шежіреге ортақ заңдылық бар екенін байқап, мынадай тұжырым жасайды: «Ол – қазақ шежіресінің XXI ғасырға дейін түзілген нұсқалары негізінен 19-22 атамен (буынмен, ұрпақпен) шектелетіндігі. Рас, діни-мифологиялық деректерге сүйене отырып түзілген шежірелердің 50-60, тіптен 100-150 атаға дейін ұласатындары бар. Алайда мұндай шежірелердің бас жағы бірыңғай яхудилік-христиандық, арабтық-парсылық, және түркілік-моңғолдық атау-есімдермен түзілгенімен, кейінгі 19-22 атасы таза алаштық-қазақтық атау-есімдер мен айғақ-деректер болып келеді» [6, б.59].

Зерттеуші шежірелік уақытта төрт қыртыс (қабат) бар екенін тарихи деректерге сүйене отырып дәлелдеуге тырысады.

Олар:

1. Яхудилік-христиандық;
2. Арабтық-парсылық;
3. Түркілік-моңғолдық;
4. Алаштық-қазақтық.

Ғалымның яхудилік-христиандық қыртыс дегені – қазақ шежірелерінде «Тәурат», «Библияда» кездесетін сюжеттер мен кісі есімдерінің кездесуі.

Арабтық-парсылық қабат – VIII–IX ғасырлардағы ислам дінінің ықпалымен пайда болған сюжеттер мен кісі есімдері, Адам ата мен Хауа анадан басталған, қазақтың шыққан тегін Аннас сахабаға, одан әрі Нұх пайғамбарға тірейтін шежірелер. Қазақ шежіре жырларының басым көпшілігінде осы уақыт табы бар. Әр жырлаушының шеберлігіне қарай Құран хикаяларымен толықтырылған жырлар да кездеседі.

Атасы бұл халықтың Аннас екен,
Адамның қатардағы данасы екен.
Болыпты сол кісінің үш қатыны
Атамыз кіші қатын баласы екен.
(«Сатыпалдин Файзолла қаридің өлең-шежіресі»)

Баласы Аннас баба – Қазақ, Созақ,
Өзбек – кенжесі деп хатқа жазад.
Созақтан Ноғай атты бала туып,
Атандық сол себепті ноғай-қазақ.
(«Жазуға шежірені алдым қалам»)

Қазақ шежірелердегі Аннас сахаба (немесе Әнес) – өмірде болған тарихи тұлға. Толық аты – Малик ибн Әнас. Ол – Ислам негізін қалаушылардың бірі, ірі ғұлама ғалым. 712 жылы Медина қаласында дүниеге келген. Шежіре жырларда Аннас сахаба туралы әртүрлі нұсқада деректер береді. Мысалы бір жырда Аннас

сахабаның тегі түрік екені, Мәдина қаласына көшіп барғаны, сол Аннастың үшінші әйелінен Азия халықтарының өсіп-өнгені айтылса, енді бірінде қазақтың арғы атасы араб Аннас сахабаны Ансари деп атаған деген жыр жолдары бар. «Қазақтың арғы атасы араб Аннастан тараған» деген болжамға қарсы шыққандары да баршылық. Мысалы:

Атамыз ансарылық Аннас емес,
Түріктен арғы атамыз, етпе егес.
Араптан келіп елші неше түрлі,
Айтылған, жатта қалған жалған кеңес [40].

Әнес сахаба туралы шежірелік аңыздар да көптеп кездеседі. «Әнестің әкесі – Мәлік, ол «арабтың Ғажам руынан» дейді. Шешесі Ұмсалима – Мәкеннің қызы, о да араб еді деп шегелейді шежірешілер. Аңыздың негізіне қарағанда, Мәлік ірі сәудегер және батыр адам болғанға ұқсайды. Сонымен қатар, ол өз дәуірінде көршілес елдерге белгілі болған. «Ол сауда жасап жүріп Қытай мен Үндіге, Дум мен Мысырға, Шам мен Бағдатқа барып, жиі қатынап жүреді», деп басталатын аңыздардың бірінде Әнес сахабаның он екі ұлы, екі қызы болса, енді бірінде Түрікпен, Қарақалпақ, Қазақ тарайды. Тағы бір нұсқасында «Әнестен – Жабал – Мағаз – Сахел туады. Сахелдің үш әйелі болады. Бірінші әйелден – Естек (орысша Башкир), Ноғай. Екінші әйелден – Қырым татары. Үшінші әйелден – Ақшолпан, Қорай. Осы Қорайдан екі бала тарайды: шешен мен черкештер. Бұлар қазір Кавказда мекендейді.

Ал Ақшолпаннан – Аламан, Аламаннан – Алаш пен Наурыз туады. Наурыз баласыз болыпты да өлерінде: «Менің атым жойылмасын, өлген уақытымда жыл сайын бір қазан көже құдайы беріп тұрсын. Балаларыңа айт», – деп табыстап-аманат етіп кетеді. Алаш аманатын мақұлдап жыл сайын март айында бір қазан құдайы көже беріп келеді. Ол халық арасына келе-келе Наурыз көже атанып кетті...», – деп аңыздайды [140, б.296].

Шежіре жырлардың арабтық-парсылық қыртысына кеңінен тоқталуға болады. Адам ата мен Хауа ана, Әбіл мен Қабыл, Нұх пайғамбар, Топан су хикаясы т.б. туралы хикаялар жырларға өзек болған.

Арабтық-парсылық ата-бабалардан тұратын шежірелік түзілімдер түркілік-моңғолдық атауларға ұласып жатады. Олар шежірелерде жиі кездесетін Түріктің алтыншы ұрпағы – Татар мен Моғал, Моғалдың баласы – Оғыз, Оғыздан – Күнхан, Айхан, Жұлдызхан, Көкхан, Таухан, Теңізхан, Шыңғыс хан ұрпақтары. Тарихи деректерге сүйенсек, Оғыз хан (Уыз хан) шамамен б.з.б I мыңжылдық – б.з-дағы I мыңжылдықтың басында ел билеген хан. Оғыз ханның ата тегі – аты аңызға айналған Алаша хан Әбілғазы Баһадүр ханның «Түрік шежіресінде» Алаша ханның әкесі Көк хан болғандығы, ұрпақтарының бірінің есімі Қара хан, ал немересі – оғыздардың түп атасы – Оғыз хан аталғандығы жазылады. Рашид ад-Дин мен Әбілғазы Алаша ханның өмір сүрген жері – Дешті Қыпшақтың орталық бөлігі деп көрсетеді. Бұл тарихи деректер ел аузындағы Алаша хан ордасы Ұлытау төңірегінде болған деген тұжырыммен ұштасады.

Ұлытау өңіріндегі «Алаша хан ордасы» аталатын үлкен сарай-қамалдың қалдығы (Жаңғабыл өзенінің бойында) және Қаракеңгір өзенінің жағасындағы «Алаша хан күмбезі» аталатын X-XI ғасырларда салынған ғимарат әлі күнге дейін сақталған. Оғыз атауының ұлыстық, тайпалық этнонимге айналуы түркі халықтарына ортақ «Оғызнама» жырындағы басты кейіпкер Оғыз қаған есімімен тікелей байланысты. Жырда ол барша түркі ру-тайпаларының арғы атасы етіп көрсетіледі [141, б.359].

Бар еді Оғыз ханның алты ұлы,
Үшеуі бір әйелден бұрын туды.
Аттары: Күнхан, Айхан һәм Жұлдызхан,
Үшеуі «Көктен, Теңіз» деп айтылады.
(«Дүниежүзіндегі халықтардың тайпа, руларға бөлінуі»)

Құмық пен Хайе елі екі тайпа,
Қыпшақты осыларға қосса апарып,
Бес тайпа Оғыз ханнан шықты тарап,
Жазыпты осылай деп ескі тарих.
(«Түрік тайпалары және қазақ үйсіндері»)

Оғыз ханнан кейін шежірелерде қазақ халқының қалыптасу тарихын көркем бейнелі түсіндіретін, ұлт ретінде біріктіруші ұлы тұлғалардың бірі – Шыңғыс хан бейнесі. Шыңғыс ханның өмірін, тарихта алатын орынын айтып жату артықтық етер.

Кім білмес кешегі өткен Шыңғыс ханды,
Жартысын дүниенің түгел алды.
Талайын Еуропаның бас игізіп,
Қорқытып Қытайға да әлек салды. («Шәкәрім шежіресі»)

Болса да түбі – Тұран, Моңғол жастан,
Қытайға сіңіп кетіп бала жастан.
Моңғолдың нәсілінен өңкей батыр шығып,
Одан Шыңғыс хан туды жұрттан асқан.
(«Адам атадан бергі шежіре»)

Шыңғыс хан есімі аталмайтын шежірелер кем де кем. Олардың бірінде ғайыптан туылған, күннің нұрынан жаратылған ғажайып тұлға ретінде суреттелсе, енді бірінде әлемді жаулап алған жаужүрек қолбасшы бейнесінде жырланады. Солардың бірі – Қытай қазақтары арасында кеңінен таралған «Шыңғыс ханның шежіресі» жыры. Шежіре жырды тарихи деректер мен ел аузындағы аңыздар негізінде жырлаған – Нұрболат Оспанұлы деген ақын. 1054 өлең жолынан тұратын бұл жыр 1996 жылы Шыңжанда жарық көрген.

Шыңғыс ханның жазып өттім мәні-жайын,

Білгендер толықтаңыз қалғандарын.
Мен оқыған шежірем, міне, осылай,
Халық екшер шыны мен жалғандарын. [139]

Жоғарыда сөз болған Шыңғыс ханмен сабақтасатын шежірелер түркі халықтарына ортақ болып келеді. Тіпті Әмір Темірдің түпкі атасын Шыңғыс ханмен байланыстыратын шежірелер де баршылық. Оларда Темірдің арғы бабасы Қаджұлы Шыңғыс ханның Қабыл деген арғы атасымен бірге туған деп баяндалады [141, б.23].

Майқы би есімі шежіре жырларда, шежірелерде Шыңғыс ханмен қатар айтылады. Тарихи деректерде «Майқы би» деген есіммен бірнеше тұлға кездеседі. Ғалымдар оны біздің заманымыздан бұрынғы Үйсін мемлекетінің хандарының бірі деп есептейді. Майқы би Мәнұлы деген атпен біздің заманымыздан бұрынғы 178-89 жылдары өмір сүрген, және аңыздық деректерге сүйенсек, «би» атанған алғашқы адам. Тағы бір Майқы би Төбейұлы деген адам шамамен 1105–1225 жылдары өмір сүрген, Шыңғыс ханның замандасы әрі оны хан сайлаған он екі бидің қатарында болған ел құрметтеген тұлға. Парсы жылнамасышы Рашид әд-Диннің «Жамиғ ат-тауарих» атты шығармасында Майқы бидің (қошындық Байку деген атпен) Шыңғыс ханның ел басқару ісіне көмектесетін оң қолы, ақылшысы, бас биі болғаны, XIII ғасырда Жошы ханның батысқа жасаған жорығында моңғол әскерінің оң қанатын басқарғаны айтылады. Кейбір халық аңыздарында Майқы би Орманбет би өліп, он сан ноғайлы елі бүлінгенде қазақ ұлысын құрған және қазақтың үш жүзіне таңба үлестіріп берген абыз-би болғандығы айтылады. Жалпы, Майқы би есімі қазақтардың шығу тегі жөніндегі көптеген аңыздарда жиі кездеседі және Дешті Қыпшақта түркі қауымдарының негізін құрушы тарихи тұлға ретінде дәріптеледі. Шежіре деректері бойынша, Ақарыстан (Ұлы жүздің арғы атасы) Ұзынсақал Ыбырайым, одан Кейкі би, одан Төбе би, одан Қойылдыр, Қоғам, Майқы, Мекіре тарайды. Кейбір шежірешілер Майқы биді барша үйсіннің бабасы етіп, Ұлы жүздің шежіресін содан таратады. Халықтың әдет-ғұрып, салтын, жол-жоралғысын заңға айналдырып, қоғамдық қару етуде Майқы бидің алатын орны ерекше. Халық арасында кең тараған «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» деген мақал бар. Майқы би түркі халықтары әлі бөлінбей тұрған кезде өмір сүрген әрі әділдігімен, шешендігімен жалпытүркілік қайраткер дәрежесіне көтерілген.

Үш жүздің ел бастығы Майқы болды,
Сайлады жұрт кеңесіп, ақылдасып, – десе,

енді бір жырда:

Түрікпен сегіз арыс Сейілханнан,
Майқы би жалқы туған Жайылханнан.
«Түбі бір түгел сөздің түп атасы –
Майқы би» деген сөз бар сол заманнан.

Туады Майқы биден Өзбек, Сапиан,
Сапианнан Айырқалпақ, етем баян.
Баласы Айырқалпақ – Қазақ, Созақ,
Созақтан Қарақалпақ өрбіген жан.

«Қазақ шежіресі» атты жырда:
Екі ата бұл арада Майқы, Қоғам,
Қоғамнан Сіргелі атты ру қалған.

Осындай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Майқы бейнесі қазақ шежірелерінде ғана емес, қарақалпақ, ноғай, башқұрт, өзбек халықтарының да шежірелерінде кездеседі. Бұл жөнінде башқұрт этнограф ғалымы Р.Г.Кузеев былай деп жазады: «Оның Шыңғыс ханмен бір арбаға мінуінде тікелей де, ауыспалы да мағына бар... Майқы би моңғол ханының атынан өкілдік етушілердің бірі болған» [68, с. 217].

«Майқы (Қазақ) туралы шежіре» шежіре жырда қазақ халқының салт-дәстүрін, әлеуметтік-қоғамдық қатынастарын, атап айтқанда: билік айту ережесі мен би сайлау, заң негіздерін тұңғыш рет жөнге салған кемеңгер, шешен Майқы би туралы жырланады. Оның сол замандағы беделді тұлға болғандығы, ақыл-парасатымен қазақ халқына ғана емес, басқа да түркі елдеріне билік жүргізгендігі суреттеледі. Ежелгі қазақтардың Амур, Сыр, Қаратау Тайып, Мажиқы т.б. өңірлерде ертеден қоныстанғаны, діни наным-сенімдері, қазақ-қалмақ соғысы, Шыңғыс хан тұсындағы жаугершілік және жоңғар шапқыншылығы кезіндегі әлеуметтік жағдай, батырлардың ерлігі, Ресей мемлекетінің қазақ даласын жаулай бастауы жырға өзек болады. Ғалым Оразанбай Егеубаев аталған жыр туралы мынадай мәліметтер береді: «Жыр қытайдағы қазақтар арасына «Рисала-и тауарих» (Тарихи баян) деген атпен тараған. Дәрібай Қондыбайұлы атты азамат 1863 жылы бұл кітапты Уфа қаласында оқып жүріп ұстазы, түрік ғалымы Сұлтаншәріп деген кісіден көшіріп алады. Сол қолжазба нұсқаны Жәкең бай дейтін әлеуетті адамның қолқалауымен ақын Кәрібай Таңатарұлы нәзиралап, «Майқы және «Рисала-и тауарих» атты ұзақ жырға айналдырады. Аталған қолжазба алғашында Кәрібай ақынның баласы Ыбырайымның қолында сақталады. Кейін шежіреші, ақын Маусымбай Сабанұлының қолына өтеді де, ол дастанды жаттап, өзінше түрлентіп, ел арасына таратады. Ақын қартайып дүние салар алдында (1931жылдың 16-қыркүйегінде, Дөрбілжін ауданының Көкжайдақтағы Сангүң деген жерінде) бұл дастанды ұзын саны 16 бума кесек-кесек қолжазба материалдармен бірге өзіне аталас, мұрагері есепті, сол кезде ақындығы байқала бастаған Бейсенғали Садықан есімді азаматқа табыс етеді. Бейсенғали ата мұрасын шамасы келгенше жаттап, ұзақ жыл аман сақтап келсе де, Қытайдағы аты шулы «мәдениет зор төңкерісі» жылдарында жерге көміп, мұржаға тығып жүріп түгел дерлік шірітіп алады. Оқуға келмей қалады. Жырдың түпнұсқасын осылай тоздырып алса да зерделі Бейсенғали көкірекке ұялатқандарынан айрылмайды. Соған сүйеніп және күңгірт те болса оқуға келетін жерлерін пайдаланып, «Майқы би» жырын қайта түлетеді» [41, б.296].

1987 жылы «Шалғын» журналының бірінші санында шежіре жырдың қалпына келтірілген бірінші бөлімі, төртінші санында екінші бөлімі, 1990 жылы «Қазақ шежірелерінің» бірінші томында толық үш бөлімі жарияланады. Және 1992 жылы «Дөрбілжін ауданының қисса-дастандары» кітабында (Іле Халық баспасы, 14-107 б.) жарық көрген.

Жыр бірнеше бөлімдерден тұрады: «Қазақ туралы», «Өзбек туралы», «Түрік туралы», «Майқының жеті жарғы заңы туралы», «Адам құны», «Жесір туралы», «Неке бұзу туралы», «Жер туралы», «Жер бөлігі», «Ұрлық туралы», «Барымта туралы», «Куәлік туралы», «Мал құны туралы», «Қазақ қаласы, діні, қақтығысы, ұраны туралы», «Орнық» қаласы», «Қазақтың ислам дінін қабылдауы», «Махмұт дананың Қазақ атануы», «Алаш ұраны туралы». Мәтінде шежіреден бөлек қазақ этнографиясына, салт-дәстүріне байланысты: «Үш түрлі тіл», «Үш тіл туралы кеңес», «Алтын асық туралы кеңес», «Алтын асықтың тілі», «Он бір ырымның түсінігі» сияқты бөлімдер де бар.

Майқының жеті жарғы заңы туралы

Бірінші бітім жолы қалмақпенен,
Әр істі ой жүгіртіп, талап көрген.
Ереже шығарыпты жеті түрлі
Ойласып жан-жақты салмақпенен.
Құн заңын бұрынғыдан жеңілдетіп,
Тармақтап жікке бөліп, талдапты ерен.
Ұсыныс кәуірге арнап жазған екен
Осындай қысылтаяң зардаппенен.

Жесір туралы

Біреу егер біреудің қызын алса,
Яки тартып, яки бұзып алса.
Орынға сол орнына қыз төлейтін,
Деп ұйғарды күшінен мұны қалса.

Барымта туралы

Біреудің малын алса барымталап,
Жұмысы тура болса барынша ақ.
Ыңғаймен тоқтам қып, түзеткен жөн,
Жүйесін кім таласар, табылса нақ.

Жер туралы

Жарлықтың үшіншісі жер туралы,
Жер үшін қан төгіскен ер туралы.

Жоқ екен жерге ереже бұдан бұрын
Мөлшерлеп айыратын жөн туралы.

«Бабалар сөзі» Жүзтомдығының 82-томына енген «Майқы (Қазақ) туралы жыр» атты шежіре жыр Н.Мыңжани мен Ә.Байболат құрастырған 1990 жылы «Іле Халық баспасынан» жарық көрген кітаптан дайындалған.

«Майқы (Қазақ) туралы жыр» шежіре жыры – қазақ салт-дәстүрін, дала заңдарын, ырым-тыйымдарын, тарихын дәріптеген, бүгіні күнге көркем сөзбен жеткізген құндылығы зор шығарма.

Жоғарыда айтылған шежірелік қыртыстардың (қабаттардың) атап айтқанда, яхудилік-христиандық, арабтық-парсылық, түркілік-моңғолдық түзілімдердің кездесуі қазақ шежірелерінің мазмұнына діни, идеологиялық әрі саяси әсер болғанын білуге болады. Және бұл шежірелік түзілімдерді тарихи дерекке жатқызуға болмайды. Бұл қабаттар – халықтың өз ата-тегін іздеу жолындағы түрлі ізденістерінің, ой мен қиялының жемісі.

Ал, шежірелердегі соңғы 19-22 атаны қамтитын алаштық-қазақтық қыртысты ұлтымыздың тарихи-генеалогиялық дереккөзі ретінде қабылдауға болады [6, б.68]. Түркілік-моңғолдық қабат қазақтан үш бала – Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс туыпты деп аяқталады да, осыдан алаштық-қазақтық қабатқа көшеді.

Ел арасында кең тараған шежірелерді топтастыра қарастырсақ, мынадай қатар пайда болады:

Нұх пайғамбар – одан Хам, Сам, Иапес. Хамнан – қара түсті, Самнан – ақ түсті, Иапестен – қоңыр түсті нәсілдер тарайды. Түрік халқы Иапестен таралады. Кейбір шежірелерде Нұх – Әнас сахаба – Түрік – Оғыз хан болып келеді. Оғыздан Сейілхан, Жайылхан. Жайылхан – Майқы – Өзбек, Сапиан. Сапианнан – Айырқалпақ, одан – Қазақ, Созақ тараған. Қазақтан Ақарыс (ұлы жүз), Бекарыс (орта жүз), Жанарыс (кіші жүз).

Мынадай нұсқа да кездеседі: Жайылхан – Майқы – Өзбек, Сапиан. Сапианнан – Ақшолпан, одан – Аламан, одан – Алаш. Алаштан Созақ, Қазақ, Қарақалпақ. Қазақтан үш жүз – Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс.

Алаштық-қазақтық қабат қазақ хандығы құрылғаннан басталады. Жеке хандық құрылған дәуірде жасақталған ру-тайпалық құрылымдарды нақтылы деректермен шежірелерде суреттеледі. Бұл кезең «қазақ», «Алаш», «үш жүз» ұғымдарымен тығыз байланысты. «Алаш» этнонимі туралы «Қазақстан ұлттық энциклопедиясында» мынадай түсініктеме берілген: «Алаш (ежелгі түрік сөзі – бауырластар, қандастар, туыстар) – көне заманда, түркі халықтары бөліне қоймаған қауым кезінде дүниеге келген ұғым. Ортағасырлық және одан ерте кезеңдегі деректерде қазақтың өз алдына ел болып хандық құрғанға дейінгі ежелгі тайпаларының ортақ атауы. Алаш аты тарихта кездесетін ең көне атаулардың қатарына жатады. Моңғол-татар, қазақ шежірелерінде Алаш (Алашы) хан туралы айтылады» [142, б.246]. Ғалымдардың зерттеуінше «Алаш» этнонимі – ежелгі түркі сөзі, кейінірек жеке тарихи тұлғаның атына айналып, ұлыс аты да осыдан шыққан [143, б.53].

Шежіре жырлардан мысал келтірсек:

Ер жетті Алаш туып Аламаннан,
Дүние кетіп жатыр талай жаннан.
Өсіріп бірден-бірге ұрық жалғап,
Жаратты адам қылып Қадір Маннан.
(«Қазақ тарихы туралы жыр»)

Баласы Аламанның Алаш екен,
Жеріне тегі жаттар талас екен.
Ұрпағын бұл Алаштың өлең қылсам,
Жайылқан мен Сейілқан баласы екен.
(«Айтыс шежіресі»)

Алаштан туған екен екі бала:
Бірі – Сейілхан, бірі – Жайылхан депті жана.
Сейілханнан Түрікпен сегіз арыс,
Жайылханнан Майқы би – жеке дара.
(«Шежіре өлең»)

«Алаш» сөзі қазақ атауының синонимі ретінде де қолданылады. «Қамбар батыр» жырындағы «Тамашаға жиылсын Алты Алаштың баласы», немесе Бұқар жыраудың Абылай ханға айтқанындағы «Он сан Алаш баласын Жұмсап бір тұрсың қолыңмен», Махамбеттің «Алты сан Алаш ат бөліп, тізгінін берсе қолыма» деген жолдардан бұл сөздің қазақ халқының қалыптасуына тікелей қатысы барын көруге болады. Қазақ халқының қалыптасуы туралы шежірелік аңыздарда да Алаш атауы жиі кездеседі. Және бұл аңыздар көпнұсқалы болып келеді.

Айта кетерлік бір жайт: кейбір шежіре жырларда (аңыздарда да бар) Алаштың бірге туған бауырының есімі Наурыз екені айтылады. Қазақтың ұлттық мейрамы Наурыз мерекесін осы Наурызбен байланыстырады. Ерте жасында қайтыс болғандықтан әрі ұрпақсыз өткендіктен, жыл сайын көктемде Наурыз айында ас берілген екен-мыс.

Қазақтан Наурыз, Алаш – екеу туған
Наурыздың деп атайды, үлкен жасын.
Ұрпақсыз өлген Наурыз жазғытұры,
Келер жыл көктемде беріпті асын [40, б.121].

«Алаш баласы» дегенде көз алдымызға бар қазақ елестейді. «Алаш» этнонимі генеалогиялық ақпарат қана беріп қоймай, XX ғасырдың басында ұлттық идеологияға айналғаны және бүгінгі күнге дейін сабақтастық тауып жатқаны тарихтан белгілі.

Шежірелік деректерде Алаштың (қазақтың) үш ұлының есімдері әртүрлі аталады. Орыс этнограф-ғалымы Н.Гродеков «Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области» атты еңбегінде Алаштың үш баласы – Байшора, Жаншора, Қарашора болғанын, олар Ұлы, Орта және Кіші жүздің арғы тегі болғандығы туралы аңызды келтірсе [144], Г.Н.Потанин М.Шорманұлынан жазып алған қазақтың арғы атасы Қотан, оның үш баласы Юсун, Ақжол, Алшын туралы аңызды мысалға алады [145]. Үш жүздің арғы аталарының атауы туралы Н.Аристов келтірген нұсқада Әбілқайырдың – Байшора, Жаншора, Қарашора атты үш ұлы қазақтың үш жүзінің негізін салғандығы туралы айтылады [146]. Жоғарыдағы аңыздарға сүйенсек, қазақтың үш жүзінің түп тамыры туралы үш нұсқа пайда болады. Бірінші нұсқа: Алаштан – Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс; екінші нұсқа: Қотан – Юсун, Ақжол, Алшын; үшінші нұсқа: Қараменде – Байшора, Жаншора, Бекшора.

Яғни, Қазақ хандығы құрылған кезеңнен бергі уақыттағы бес-алты ғасырда өткен тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғалар шежірелерде мейлінше нақтылы деректер арқылы беріледі. Әр дәуірде болған тарихи оқиғаларды тарихи тұлғалар айналасында жинақтап, тұтастандыра жырлады.

Қорыта келгенде, шежіре жырды жырлау кезінде жыршы оқиғаларды дамытып, кезең-кезеңімен тізбектеп жырлайды. Кейде бір рудың немесе бір қаһарманның тарихынан тайпа, жүз, халық тарихына, кейде керісінше халық, ұлт тарихынан жекелеген рулар тарихына дейін суреттегенде уақыт бірде баяу, бірде жедел, ылғи да алға жылжып отырады. Шежіре жырлардың композициясына үңілгенде онда эпикалық ерекшелік барлығын байқаймыз. Бірақ ондағы бастан өтіп жатқан қым-қиғаш оқиғалар, ел мен жердің тағдыр-талайларының бәрі – өлеңді айтушы ақын атынан баяндалады.

Қазақ шежіре жырларындағы уақыт пен кеңістік – ұлтымыздың қайталанбас өткенінің жарқын көрінісі. Шежіре жырлардың әр кезеңде туып, бастан кешкен түрлі оқиғалардың дерегін берерлік туындылар екені мәлім. Жыр қай кезең оқиғаларына қатысты туғандығын көбіне ондағы сөз өрнегінен, оның атқарып тұратын қызметінен танимыз. Жырлардағы адам аттары, жер-су атауларының да уақыт пен кеңістікті анықтаудағы маңызы зор.

3.2 Жанрлық ерекшеліктері

Шежірелерді ішкі жанрлық белгілері бойынша кесте шежіре, қарасөз және шежіре жыр деген атаулармен үш тармаққа бөліп қарастыруға болады. Олар құрылымы мен мазмұндық сипатына қатысты ру-тайпа, ұлыс, төрелер мен қожалар, төленгіттер шежіресі болып жіктеледі.

Қазақ эпостарына халық басынан өткізген түрлі оқиғалар, лирикалық шығармаларға халықтың көңіл-күйі, тұрмыс-тіршілігі арқау болады. Ал, шежірелерге тарихи деректерге сүйенген ата-тек тарату жүйесі өзек болады. Эпикалық жырларда, халық прозасында, лирикалық туындыларда, ақын-жыраулар поэзиясында, би-шешендер шығармашылығында, айтыстарда шежіренің кейбір көріністері байқалады. Бірақ шежіренің толық тарихи негіздері тек әдеби шежірелерде кеңінен қамтылады. Мәселен, шежірелердің көбінде Албан, Суан, Дулат тайпалары Ұлы жүз Бәйдібектің ұлы Жарықшақтан таратылады. Кейбір дереккөздер олардың өмірде болған тарихи тұлғалар екендігіне болжам жасайды. Ал, шындығында олар Бәйдібектің туған баласы ма, әлде немере не шөбересі, болмаса бірнеше атадан кейінгі ұрпағы ма, кесіп айту қиын. Бұл – ауызша тарихтың өзіндік ерекшеліктерінің бірі.

Белгілі бір халықтың арғы ататектік, ата-бабалық пайда болу, қалыптасу, даму кезеңдерін жеке адамдардың тағдырымен біріктіре, ұштастыра жырлайды. Орыс ғалымы М.М.Бахтин: «Өмірбаян әлемі жабық емес және аяқталған жоқ, ол оңашалықтан және болмыстың бірыңғай оқиғаларынан қатаң және принципті шекаралармен бөлектендірілген жоқ. Шындығында, бірыңғай оқиғаларға бұлайша қатыстылық – жанама, өмірбаян тікелей жақын дүниеге (тұқымға, ұлтқа, мемлекетке, мәдениетке) қосылған және бұл кейіпкер мен авторға тән біршама бағалы түрде тығыздалған, бірақ принципті эстетикалық емес, сондықтан да біраз бөлектендірілген, бірақ бұл оңашалау – табиғилық-аңқаулық, салыстырмалы» деп тұжырымдаған [133, с.152-153].

Шежірелер – қазақ әдебиетінің тарихи деректілік негізін құрайтын мұралар. Шежіре жырлар тарихи және аңыздық деректерді ала отырып, тұтас дәуірлердегі ұрпақтар жалғастығын, оқиғалар мен адамдар тағдырын жырға айналдырған. Жырмен жазылған шежірелердің композициялық құрылымында бірқатар әдеби-эстетикалық ерекшеліктер сараланып көрінеді; біріншісі, – қазақтың ата-бабалық, ататектік қалыптасу тарихын, қазақ хандарының, билерінің, батырларының қайраткерлік, әлеуметтік қызметтерін жырлаған шығармалар; екіншісі – ежелгі түркілік кезеңдегі тарихын қозғай отырып, қандас туысқан түркі тұқымдас халықтарды да (қырғыз, қарақалпақ, башқұрт және т.б.) байланыстыра жырлаған туындылар.

Қазақ әдебиетіндегі халық прозасы тілімен жазылған шежірелердің көпшілігі фольклорлық жанрларға тән ерекшеліктерді де иеленеді. Академик С.Қасқабасов қазақтың ертегілік емес халық прозасының құрамында қарастырылып келген шежірелерді «генеалогиялық әңгімелер» («генеалогические рассказы») түрінде бағалайды, олардың тарихи аңыздардың бір түрі екенін, оларда рулар мен тайпалардың әйтеуір бір тарихи оқиғалармен

немесе жеке тұлғалармен байланысты болатынын атап көрсетеді [147, б.158]. Әрине, қазақтың халық прозасындағы рудың тарихына, шыққан текке (генеалогияға) арналған әңгімелердің далалықтар үшін маңызды тарихи құжат қызметін атқарғаны ақиқат. Дегенмен, ауызша халық прозасы түріндегі шежірелердің өзіндік тарихи, фольклорлық, мифологиялық ерекшеліктері болатынын зерттеуші саралап көрсетеді.

Ауызша таралған шежірелердің құрылысындағы осындай ерекшеліктердің ықпалы, сілемдері, әрине, авторлары белгілі туындыларда да сақталады. Тарихилық негіздерін сақтай отырып, айтушы әңгімешілердің шығармашылық қосындыларының әсерінен аталған фольклорлық дәстүрлердің болатыны – табиғи жағдай. Авторлары белгілі шежірелік шығармаларда фольклордағы халық армандарынан туындаған ойлардың қосылуы тарихи туындыдағы көркемдік қиялдың да бейнелеу кеңістігін аңғартады.

Шежірені ауыз әдебиетінің бірі ретінде қарастырғанда, оның бірқатар сипаттарын аңғаруға болады.

Біріншіден, іздестірген, жинақтаған, жүйеге түсірген адамдардың аты-жөні ұмытылып, халықтық сипатқа айналды.

Екіншіден, ауыздан-ауызға тарап, таралу кеңістігі ұлғайды.

Үшіншіден, уақыт кеңістігінде сан мәрте жадтан жадқа ауысып, ой елегінен өтіп, сұрыпталып, өңдеуге, өзгеріске түсіп, көпнұсқалы болды. Бұл ерекшеліктер фольклорлық және ауыз әдебиетіне тән ортақ белгілер екендігі белгілі.

Шежірелік шығармалардың ықпалы қазақ әдебиетінің дамуында елеулі орын алып келеді. Көптеген ақындар арнаулы лирикалық өлеңдерінің композициялық құрылымын да шежірелік шығармаларға ұқсата үндестіре жазуды дәстүрге айналдырған. Бұл орайда, ақын Мағжан Жұмабаевтың «Түркістан» атты атақты өлеңін түркі және қазақ тарихының сабақтастығы жүйесіне арналған лиро-эпикалық шежірелік шығармалармен үндестік тұрғысында бағалауға болады. Мағжан тарихи шежірелік деректерді лирикалық толғаныстар мен эпикалық баяндаулар тұтасқан жағдайда жырлаудың үздік үлгісін жасаған. Өлеңнің композициясында Тұран-Түркістан атты қандастық-туыстық қауымдастықтың географиялық кеңістігі, атақты адамдары жырланады. Мысалы: теңізі – Арал; көлдері – Балқаш; Ыстықкөл; өзендері – Оқыс (Жейхун), Яксарт (Сейхун); таулары – Тянь-Шань, Хантәңірі, Тарбағатай, Памир, Алтай, Қазығұрт; патшалары – Афрасиаб, Шыңғыс, Ақсақ Темір, Қасым, Назар, Есім, Тәуке, Абылай; батырлары – Шағатай, Үкітай, Жошы, Төле, Сұпытай, Жебе; биі – Тарағай; ғалымдары – Ұлықбек, Әбуғали ибн Сина, Әбунәсыр әл-Фараби. Осы өлеңнің идеялық- композициялық желісін тарихи деректер мен ақынның лирикалық толғаныстарының көркемдік тұтастығы құрап тұр. Шежірелік деректілікті негізге ала жырланған бұл өлеңдегі лирикалық қаһарман – ақын түркі және қазақ тарихындағы қасиетті мекендерді, атақты адамдарды жүйелей жырлап келіп, оқырманның отаншылдық сезімдерін қозғай толғана сөз арнайды:

Бұл – Тұран ежелден-ақ Алаш жері,

Тұрансыз тарқамаған Алаш шері.
Тұранның топырағында тыныш тапқан,
Алаштың арыстаны Абылай еді...

Шер батса кім іздемес туған елін,
Тұлпар да көксемей ме туған жерін?
Арқаның ардагері – қалың Алаш,
Тұран да біле білсең, сенің жерің! [148, б.176]

Сонымен қатар, ақын Мұқағали Мақатаевтың «Мен – Үйсінмін» атты өлеңі Мағжан Жұмабаевтің «Түркістан» жырымен үндес.

Мен – Үйсінмін, Ұлы жүзбін, ұлымын,
Ұлымын деп, ұлылыққа бармағам.
Ортадан да, Кішіден де кішімін,
Ұлымын деп көрсетпеген қысымын.
Ел басына екіталай күн туса,
Екі інімнің найзасының ұшымын.
Мен –Үйсінмін, Ұлы десең ұлымын,
Кісіліктің, кішіліктің құлымын.
Бөлінбеген еншім даяр, екі інім
Желбіретіп жетіп келсе тұлымын [149, б.127].

Ақын қазақ Ұлы, Орта, Кіші жүз деп атағанымен, бірлікті, татулықты жоғары қойған халық екенін осы жыр жолдары арқылы көрсетеді. Қазақ ақындары шығармашылығынан жоғарыдағыдай мысалдарды көптеп кездестіруге болады.

Қазақ әдебиетіндегі шежірелік деректердің жалпы шығармашылық дамуға да тигізген осындай көркемдік ықпалы маңызды сипат алады. Сөз басында айтылған шежірелер әлем халықтарының, оның ішінде қазақ әдебиетінің көп жанрлы даму үрдістерінде тұрақты орын алып келеді. Профессор Ж.Дәдебаев көркем шығарманың тарихи негізіне байланысты былай дейді: «...шығарманың материалдық болмысын, өзегін тарихи белгілі, ақиқат оқиғалар құрмайынша, белгілі тарихи дәуірдің шындығын шынайы суреттеу тағы қиын. Өмірдің шындық құбылыстары мен оқиғаларының қалың тасқыны арасынан қажетті, типтік сипаттағы маңызды, мағыналы фактілерді көре білу үшін де зергерлік зерде қажет» [150, б.12-13]. Бұл пікірді айта отырып, зерттеуші М.Мағауиннің «Аласапыран» атты тарихи дилогиясының кейбір эпизодтарының материалдық негізін түзген «Сібір жылнамаларының» [30, б.13] ерекшеліктеріне тоқталады. Демек, Мағжан Жұмабаевтың да аталған өлеңінің тарихи негізі – түркі тарихына арналған шежірелер.

«Шежіре өлеңдер – тарихи шығармалар. Халық тарихының асу-белестерін шығармашылық талғам, таным таразысынан өткізіп, өзіндік көзқарастарындағы негізгі пайымдауларын, түйіндеулерін өлең тілімен жырлауда бұндай

шығармалардан тарихи нақтылық, деректілік, лирикалық сыршылдық, реалистік және романтикалық сарындардың өрілуі сараланып байқалады» [31, б. 89], – деп жазған ғалым Т.Тебегеновтың пікіріне қосыламыз.

Шежіре жырлардың жалпы мазмұны қазақ жүздері мен ру-тайпалары жайлы болғанымен, жырлардың сюжеті, көлемі мен айтылуы жағынан әртүрлі болып келеді. Әр жырдың өзіне тән ерекшелігі бар. Бізге дейін жеткен қазақ шежірелерінің қай заманда, қашан түзілгендігі туралы нақты деректер кездеспейді. Бір шежіре Өзбек ханнан басталса, екінші шежіре Алаша ханнан бастау алады. Үшінші шежіре Өзбек ұлысының ханы Әбілхайыр ханнан басталады. Ал төртінші шежіре әріге кетіп, Мұхаммед пайғамбардың сахабасы – Аннас сахабадан бастау алады. Алайда сол шежірелердің ішкі мазмұны сырттай қарағанда бірдей болып көрінеді [98, б. 251].

Шежіре жырларда ата-тек таратумен қатар, алуан түрлі этнографиялық, генеалогиялық және тарихи-ақпараттық сюжеттер мен мағлұматтар тоғысып жатқандықтан, оның жанрлық болмысы да күрделі болып келетіні айқын. Осындай ерекшеліктерді ескере отырып, шежірелік жырларды жалпы сипаты бойынша үш топқа жіктеуге болады:

1. Жалпы адамзат баласы туралы шежіре жырлар;

2. Қазақтың ру-тайпалары туралы шежіре жырлар өз руынан бастап жалпы адамзатқа ортақ шежіреге ұласады.

3. Белгілі тарихи тұлғаларға қатысты шежіре жырлар. Жеке өз руының тарихын не сол рудан шыққан атақты адамның шежіресін тарқату.

1. Жалпы адамзат баласы туралы шежіре жырлар. Адам атадан бастап дүниежүзі халықтарының шежіресін таратады.

Мұнда жалпы әлемнің жаратылуы, тіршілік иелерінің, соның ішінде Адам әулетінің пайда болуы, адамзаттан әртүрлі ел-жұрттың таралуы, сол ел-жұрттар аясынан ру-тайпалардың өрбуі, кейбір ру-тайпалардың белгілі бір атпен аталу себептері сияқты сюжеттер мен мотивтер негізгі мазмұндық желіні құрап отырады. Шоқан Уәлиханов Шал Құлекеұлының шығармашылығындағы шежірелік жыр-дастан хақында былай дейді: «Қазақтың шығу тегі туралы тамаша жыр-дастанды сол Шал жырау жырлайды екен. ...Елдің айтуынша Шал жырау жыр-дастанында қазақтың шығу тегіне қатысты тарихи аңыз-әңгімелер түгелдей қамтылады деседі. Ертеде өткен Алаштан бастап, барлық ру, рубасы – билер мен батырлар, олардан өрбіген аталар мен әулеттер, хандар шежіресі Шал жырында түгелдей қамтылатын көрінеді» [2, б.116].

Бұл аңыздық мазмұндағы шежірелік деректердің ең басты ерекшелігі – мұнда кез келген құбылыс пен жаратылыстың пайда болу себептері баяндалады. Яғни, шежірелік деректердің себеп-салдарлық мазмұны оның аңыздық сипатын айқын айғақтап отырады. Осы орайда, аталған мазмұндағы шежірелік жырларда дүние тіршіліктің біртұтастықта баяндалып, адам мен жан-жануар атаулының өзара тілдес-тағдырлас болып отыратынын негізгі ерекшеліктерінің бірі ретінде атап өткен жөн.

Сонымен қатар, аңыздық мазмұндағы шежірелік жырларға діни таным-түсініктермен астасқан оқиғалар мен дүние-тіршіліктің жаралуына, түрлі ел-

жұрттардың пайда болуына қатысты айтылатын мифтер, аңыздар, әпсаналар, хикаялар негізгі арқау болып отырады. Мысалы, «Түрік тайпалары және қазақ үйсіндер» атты шежіре жырды ақын Төлтай Меңлібайұлы ел аузынан жазып алып, 1960 жылы ӘӨИ-дің қолжазба қорына өткізген [Қ.1076.1-дәп.].

Жыршы шежіреде адамзаттың тарихын Адам атадан бастап түгел қамтып, қазақтың үш жүзге бөлінетін құрылымына дейін таратып жырлаған. Асан ата шежіресіне сүйене отырып, ежелгі тайпа, ру, жер атауларын көптеп пайдаланған. Шежіре аңыздың тағы бір ерекшелігі – жырлаушының тарихи деректер мен оқиғалардан жан-жақты хабардар болуы. Өйткені, мұнда тек қазақ рулары туралы ғана емес, өзге де халықтардың шығу төркіні жан-жақты сөз болады.

...Нұхтан басталады тарих басы,
Адам мен алшақ жатыр екі арасы.
Мұрсалдан үш пайғамбар өтсе керек,
Төртінші пайғамбар дүр айналасы.

Нұхтың заманында тасқын болып,
Адамның ғарық болды әм баршасы.
Белгілі бір жағдайда себеп болып,
Жасаған Жаратқанның бәһанасы.
Хам мен Сам және бірі Япыс атты,
Болыпты бұл кісінің үш баласы.

Сондай-ақ жыршының грек (мәтінде иунан), қытай ғалымдары мен М.Қашқаридің еңбектерімен таныс болғанын:

Жайларды бұл айтылған дәлелдейді
Шежіре Қашқаридің намасында,– деген жолдардан айқын аңғаруға болады.

Ал «Сатыпалды Файзолла қаридың өлең шежіресі» атты жырда дүниежүзі халықтарының түп төркіні Нұх пайғамбардың үш ұлынан таратылады. Аннас сахабаның тегі түрік екенін, Мәдина қаласына көшіп барғанын, сол Аннастың үшінші әйелінен Азия халықтарының өсіп-өнгенін айтады.

Нұх нәби түп атамыз саналады,
Үш нәсіл үш ұлынан таралады.
Есімі Хам, Сам, Япыс үш ұлының,
Жер жүзі халықтардың бабалары.

Қаптаған жердің жүзін болған топан,
Кememен сол апаттан қалған аман.
Таралып үш ұлынан барлық халық,
Сондықтан деп атаймыз «Екінші адам».

Шежірені жырлаушы – Сатыпалды Файзолла. Қолжазбаны жазып алған – бұрынғы Торғай облысы Амангелді ауданы А.Иманов атындағы совхоздың тұрғыны Әмірхамзин Ғазиз. Қорға 1983 жылы түскен.

Жалпы адамзат туралы шежіре жырлардың көркем үлгісіне Б.Жайлаубайұлының «Адам атадан бергі шежіре», Ш.Жәңгірұлының «Дүниежүзіндегі халықтардың тайпа, руларға бөлінуі», Б.Орынбекұлының «Адам әлейһисаламнан бері қарайғы ұрпақ, руларға дейінгі шежіре» т.б. туындыларды атауға болады.

2. Қазақтың ру-тайпалары туралы шежіре жырлар. Өз руынан бастап жалпы адамзатқа ортақ шежіреге ұласады.

Осы кезеңге дейінгі жарияланған шежіре жырлардың басым көпшілігі қазақ халқы құрамындағы ру-тайпалардың қалай пайда болғанын, қалыптасқанын, нақтылы қандай тарихи тұлғалардан өрбігенін баяндайды. Яғни Қазақ хандығы тұсынан бергі ру-тайпалардың жай-жапсары, белгілі бір ру-тайпа құрамындағы аталар мен кіші рулардың қалай сіңісті болғандығы, іргелі рулардан кіші рулардың енші алып шығуы сияқты оқиғалар шежірелік деректердің негізгі арқауы болып отырады. Байырғы тайпалардан (үйсін, арғын, алшын, қаңлы, қыпшақ, қоңырат, найман т.б.) тікелей өрбіген деп келетін аталар мен рулар туралы айтылатын жырлар қиял-ғажайып оқиғалармен астасады. Аңыздық, әпсаналық, кейде мифтік, хикаялық сипат алып басталады да, ондай оқиғалар берідегі нақтылы рулар жайына ойысқанда, шындыққа ұласып жатады. Мұндай шежірелік деректерден ел-жұртты ұйыстыруға бағытталған пиғыл-ниет байқалып, ұлттың ұлы бірлік идеясы айқын аңғарылып отырады. Осы орайда Қазақ хандығы құралу барысында қалыптасқан берідегі аталар мен рулар туралы шежірелік деректердің тарихи шыншылдығы және өзгермей айтылатындығы айрықша назар аудартады.

Қазақ ұлтының шығу төркіні туралы жырларды шежіре деректері бойынша бірнеше топқа бөлуге болады. Бұл деректерде:

1. қазақты арабтан (Аннас, Әнес сахабадан)
2. түріктен
3. Өзбек ханнан
4. Алаш (Алаша) ханнан
5. Шыңғыс ханнан таратады.

Қазақ халқының тарих сахнасына шыққанан бергі бес-алты ғасырлық тарихын арқау ететін мұндай шежірелік мағлұматтардың тарихи деректемелік мән-маңызы айрықша зор. Мысалы, Қарақалпақстан Автономиялық Республикасы Қоңырат ауданының тұрғыны, шежіреші, жыршы Төлепұлы Жақсылық жырлаған «Қазақ шежіресі» атты жырда қазақ халқының тарихы, оның XV ғасырға дейінгі тұрмыс-тіршілігі, моңғол, қалмақ, өзбек халықтарының ұлт болып қалыптасу тарихы суреттеледі. Мәтінде жеке бір жүзді не руды ғана таратпай, тек қазақ халқының ұлт болып қалыптасқанға дейінгі кезеңі сөз болады [ОҒК:Қ.560].

Ал М.Байбатыров жинап, Қолжазба қорына тапсырған «Үш жүздің шежіресі» атты жырдың басты айырмашылығы – жырдың толғаумен, үгіт-насихат айтумен басталуы және жеке бір ру тарихына тоқталмай, үш жүзді түгел қамтуы. Жыршы үш жүзді үш салаға, әр жүзді жеке-жеке руларға бөле отырып, көркем жырлаған [ӘӨИ:Қ.356.2-дәп.].

Ұлы жүздің саласы

Ұлы жүз деп айтады Ақарысты,
Үлкен үйдің иесі – Ақарыс-ты.
Ақарыстан Түменбай, онан Кейкі,
Тілеген әуелден-ақ адал істі.

Кейкі бидің баласы Төбей екен,
Білгенің шежірені қараңызшы.
Майқы, Қоғам, Мекірейіл, Құйылдыр дер
Төбейдің төрт баласы тараңызшы....

Орта жүздің саласы

Жанарыс Орта жүздің аймақтары,
Ел билеп, ереже айтқан саңлақтары.
Қыпшақ, қоңырат болғанда, керей, уақ,
Арғын, найман – осы алтау тармақтары...

Кіші жүздің саласы

Үш жүзде кімдер өтті өнегелі,
Өнер мен өрнектеген дөдегені.
Еншіні үш жүз болып үлескенде,
Ұлы жүз алған шаңырақ, керегені....
Кіші жүзде Әйтекеге кім таласар,
Түсінбеген айтты деп неменені.
Әбілмансұр қазаққа хан болғанда,
Үш жүзді бақ-дәулетке бөлегені.

Ақын Б.Аязбайұлы жырлаған «Сарыүйсін шежіресі» атты жырда Ұлы жүзден тараған сарыүйсін руының шежіресі кеңінен жырланады. Бәйдібек байдың үш әйелі болғаны, оның бәйбішесі Сары бәйбішенің Домалаққа көрсеткен зәбірі туралы да айтылып өтеді. Сарыүйсін руының неге аз өніп-өскенінің себебін атап көрсетеді. Елге белгілі Домалақ ана туралы аңыз бұл шежіреде көркем жырланады. Шежіренің басқа шежірелерден ерекшелігі – үш жүздің аталарын Байшора, Қарашора, Жаншора деп көрсетеді [ОҒК:Қ.750.1-дәп.].

Сонымен қатар, Ұлы жүз суан руының тарихы туралы «Шежіре-дастан» атты жырда Бәйдібектің үшінші әйелі Жезбикені «Домалақ» деп атаған десе, төртінші әйелі Нұриланы да «Домалақ ана» деп көрсетеді.

Орта жүз найман руының аталу, шығу тарихы туралы аңызды жырлаған шежірелер көптеп саналады. Атап айтсақ: «Өлең шежіре» (1937 жылы Досымбет, Бекберді ақындардан жазылып алынған), «Қаракерей Мұрын Ақшайықтың өлең-шежіресі», «Қабыл Қамзаның өлең шежіресі», «Орта жүз найман Қарамолда ұрпағы», «Найманның жеті аталарынан белгілі руларын баян қыламыз», «Көкжарлы мен Бура» т.б.

1889 жылы Итжемесов Демеубай «Дала уәлаяты» газетінің 28-30 сандарында жариялаған «Найманның жеті аталарынан белгілі руларын баян қыламыз» атты жырда XV ғасырдың аяғынан XIX ғасырдың басына дейінгі кезеңдегі найман руынан шыққан атақты адамдар туралы сөз болады. Патша заманында шен алған, болыс атанған кісілердің есімдері аталады.

Өкіреш, Найман, Жалайыр, Төлегетай,
Төртуыл, Қаракерей, Садыр, Матай.
Үш жүзде мұнан асқан жан болмаған,
Байлық, билік кетпеген ер Қаптағай, – деп басталатын жыр соңында автор өзі туралы мәлімет беруді ұмытпайды:

Итжемесов Демеубай мәлім атым,
Бұ қағаз өз қолымнан жазған хатым.
Атам – Баубек, арғы атам – ер Құлжаман,
«Көлдей, Жамбай» болады асыл затым.

Ұранымыз болады батыр Шонай,
Ақыл қиын, жігітке өлең оңай.
Көлдей, Жамбай – Қаптағайдың бір баласы,
Ғұмыр бер жақсыларға, Құдайым-ай!

Ал «Көкжарлы мен Бура» атты жырда найман руынан тарайтын көкжарлы және бура руларының тарихы жырланады. Бақана мен Бақанас күндестіктің салдарынан өзбектерге сатылып, ағайыны Сарыжомарттың көмегімен еліне оралып, ұрпақтары өсіп-өнеді. Бұқар қаласының хәкіміне көкжал ат пен қара бураны тарту етіп, екі баланы азат еткені үшін, азан шақырып қойған есімдері Көкжарлы мен Бура атанып кеткені туралы аңызды жырға айналдырған.

...Шығыпты арғын, найман, керей, уақ,
Басты ру Орта жүздің бөлігінде.
Арғын көп, найман аздау кездері екен,
Басы Сыр, аяғы Алтай жүрген кезде.

Найманның бір руы – көкжар-бура,

Естуші, зейін қойып сөзім тыңда.
Ескілік, өркөкірек, надандықтың,
Қараңыз, алмастық сорлығына.

Шежіре жырлардың ішінде Кіші жүз рулары туралы жырлар көркемдігімен әрі көпнұсқалылығымен ерекшеленеді. Атап айтсақ, Жақсылық жыраудың шәкірті Қылышев Қартбай жырау жырлаған «Адай шежіресінде» адай руының қонақжайлылығы мен кеңпейілдігі айтылады. Жыршы адай руынан шыққан беделді адамдарды атай келіп, Бекет атаның қасиеттеріне арнайы тоқталады [ӘӨИ.Қ:920/32]. Ал ауыз әдебиетін зерттеуші, белгілі ғалым Қ.Саттаров жинап, қорға тапсырған Кіші жүз рулары туралы «Өлең-шежіре» жырының бірнеше нұсқасы бар екені анықталды. Бұл аталған жырда Әнес сахабадан бастап таратып, Кіші жүз руларына кеңінен шолу жасайды. Сонымен қатар «Адай шежіресі», «Адайлар жайында» жырлары Кіші жүз ішінде адай руының тарихы туралы айтылады [ӘӨИ:Қ.920/68].

Атақты Абыл күйші, Есірменен
Және де Зәкария, Өскенбайым.
Есіме Есманбет сөзі түссе,
Дариядай толқын ұрған тасқындаймын.
Кенже, Қабақ пен Шалбар, Достан,
Айтылмай кімің қалды енді, Адайым?!
Байлықта Мұқат, Тілен, Оңайбайым,
Саназар, Омар, Мәтек, Қойлыбайым.
Бурабек, Сауытбек пен Матай, Шанақ,
Шам, Талпақ, Әли, Тауан, Өткелбайым.
Халық үшін кәдеге асса, бір белгі боп,
Дәріптеп, несін оның сөз қылайын. («Адайлар жайында»)

Кіші жүздің арғы атасы Жанарыстан бастап, бергі ұсақ руларға дейін тарататын «Кіші жүздің шежіресі» атты жырда ру атауларын қарасөзбен тізбектеп те тарататын тұстары бар. Сонымен қатар жыршы тарихи деректерге сүйене отырып, үш жүздің басы қосылып, хан, би сайлаған оқиғаларды да сөз етеді. Шығармада XVII–XVIII ғасырлардағы тарихи кезеңдер көркем суреттеліп, қазақтың Төле, Қазыбек, Әйтеке деген төбе билерінің халық алдындағы беделі мен көрегендік әрекеттері жан-жақты жырланады. Әйтеке бидің әділдігі мен шешендігі, данышпандығы айрықша дәріптеледі. Кейбір оқиғалар бөлімдерге бөлінген. Ру атауларының әртүрлі, жаңсақ аталатын тұстары да жиі ұшырасады [ОҒК:Қ.1118].

3. Белгілі тарихи тұлғаларға қатысты шежіре жырлар. Жеке өз руының тарихын, не сол рудан шыққан атақты адамның шежіресін тарқату.

Уақыт тұрғысынан алып қарағанда, нақтылы тарихи тұлғалар туралы айтылатын қазақ шежіресіндегі деректердің тарихи ауқымы мейлінше кең.

Белгілі ғалым, зерттеуші А.Янушкевич: «Орынбай домбырасын қағып-қағып жіберіп, дүниенің басынан – Адам ата мен Хауа анадан түсіп, мына отырған сұлтандарға тағзым еткендей, аты шыққан арғы аталардың әрқайсысын бір-бір көтеріп тастады. Содан Нұх кемесіне мініп топан судан өтті де, Арараттың биігінен бүкіл Інжіл тарихын шолып өтті. Жолшыбай барлық оқиғаны, тіпті Вавилон Навуходоносорын да, Египеттің перғауындарын да қалдырмай сүзіп шықты. Сағат бойы толассыз жырлап, Ниагар сарқырамасындай арындап келіп, ақыры ол аман-сау Мұхаммедтің өзіне де жетті-ау. Соңғы он ғасырды құшағына алып дуылдатқан бұл жыр исламизм қаһармандарының басына құйылып, бүкіл қазақ даласына толықси жайылар ма еді…» – деп жазады өзінің «Күнделіктер мен хаттар» атты кітабында [151, б.83]. Өкінішке орай, орыс ғалымын тәнті еткен Орынбай ақынның шежіре жыры бізге жетпеді.

Ең көп тарихи мағлұмат пен деректі қазақтың шежіре жырларының ішінде нақтылы тарихи тұлғалар туралы жырларынан көреміз. Ондағы деректер уақыт тұрғысынан жүздеген, тіптен мыңдаған жылдарды қамтыса, мекен-тұрақ тұрғысынан алыс-жақын ел-жұрттармен сабақтасып жатады. Нақтылы тарихи тұлғалар туралы шежіре жырларда тұлғаның шыққан тегі, ру-тайпасы, әулет-атасы, өскен ортасы туралы айтылады да, одан әрі сол тұлғаның өміріндегі елеулі оқиға әңгіменің негізгі арқауы ретінде баяндалады. Жырдың қай-қайсысы да ғибратты да тағылымды оқиғаларды арқау етеді. Әсіресе, Қазақ хандығы құрылғаннан бергі кезеңдерде өмір сүрген тарихи тұлғалардың халыққа қорған болуда, ұлтты ұйыстыруда, елдік қадір-қасиеттерді орнықтыруда көрсеткен ерліктері, өнегелі істері шежірелік деректердің арқауына айналған. Мысалы: Шыңғыс хан, Майқы, Абылай хан, Төле би, Майқы би, Бөгенбай батыр, Қабанбай батыр, Олжабай батыр т.б. туралы деректер келтіріледі [18, б.184-193].

Ел арасында Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарына қатысты жырлар, аңыздар мен шежірелер көптеп сақталған. Оның дәлелі ретінде Ш.Жәңгірұлының «Тарихнама», белгісіз жыршы жырлаған «Шыңғыснама» [ӘӨИ:Қ.888], «Шыңғыс – Алаша хан» [ОҒК:Қ.522], Рамазан Тұрысбекұлының «Шыңғыс ханның басқыншылығы» атты [ӘӨИ:Қ.750] т.б. шежіре жырларын атауға болады.

«Шыңғыс ханның басқыншылығы» атты 8640 өлең жолынан тұратын жырда атақты тарихи тұлғаның дүниеге келгеннен бастап, өмірден өткенге дейінгі өмірі қамтылады. Яғни, барлық шежірелер сияқты тарихилық, жеке адамнан бастап, ру-тайпа, ұлыстарға қатысты дереккөздерін хронологиялық жүйені сақтай отырып баяндайды. Жыр кіріспеден басталып, оқиғаларға байланысты шағын тақырыпшаларға бөлінген. Жырдың эпикалық ауқымы өте кең. Жыр авторы Р.Тұрысбекұлы оқиғаларды байланыстыру, дамыту, көркемдеу тәсілдерін шебер қолданған.

Ел арасында Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарына қатысты өлең, жырлар, аңыз-аңгімелер, шежірелер көп сақталғанын айтып өттік. Оның айғақты дәлелі ретінде Ш.Жәңгірұлының «Шыңғыс хан жорығы – Абылай хан жорығы» жырын, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты қолжазба қорындағы «Шыңғыснама» шежіре жырын, Орталық ғылыми кітапхананың сирек қорында

сақталған «Шыңғыс – Алаша хан» [ӘӨИ:Қ.522-бума] жырын т.б. атап өтуге болады.

«Шыңғыс хан басқыншылығы» жырының авторы – Көкшетау өңірінен шыққан белгілі халық ақыны Рамазан Тұрысбекұлы. Ол Қазан төңкерісіне дейін алғашында ауыл молдасынан, кейін түрлі діни оқу орындарында білімін терең жетілдіріп, қазақтың өткен тарихына, шежіресіне ерекше ден қойып, ақындық жолға түседі. Шығыс тілдерін жетік меңгергендіктен, тарихқа байланысты араб, парсы халықтарының әдебиетін, шағатай жазуындағы еңбектермен танысып, оларды жыр үлгісіндегі көркем шығармаларға айналдырған. Соның бірі – «Шыңғыс хан басқыншылығы» жыры. Төте араб әрпінде он бір буынды қара өлең үлгісімен хатқа түскен шығарманы ақмолалық журналист, әдеби мұраларды жинаушы М.Мәжікейұлы 1974 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Қолжазба қорына тапсырған. Жыр кіріспеден бастап оқиғаларға қатысты шағын тақырыпшаларға бөлініп, Шыңғыс ханның тарих сахнасына шығуынан дүниеден озғанға дейінгі әскери жорықтарын қамтиды.

Ақын Р.Тұрысбекұлының жыр кіріспесіндегі деректеріне қарағанда, ол бұл туындыны XIII ғасырдың бірінші жартысындағы Хорезм мемлекетінің, оның патшасы Мухаммед II Ала әд-Диннің, сұлтан Жалел ад-Диннің, сондай-ақ Шыңғыс хан мен ұрпақтарының өмір жолын хатқа түсіруші, жылнамашы Хажырақымның (Әбу Жаппар Хорезмидің) парсы тіліндегі кітабына сүйеніп жазған. Ал тарихи дереккөздерінде сақталған Хажырақымның шын аты-жөні– Мұхаммед ән-Насауи Шихаб әд-Дин Мұхаммад ибн Ахмад. Бұл да Шыңғыс ханның Хорезмге қарсы жорығы қарсаңында Жалел әд-Дин сұлтанның сарайында хатшы қызметін атқарады және оның соңғы шиеленісті өмірін жазып қалдырған. Ақын өзі пайдаланған әдебиеттердің атын көрсетпегендіктен, Хажырақым туралы қандай да нақты тұжырым жасау мүмкін емес. Алайда соңғы мәліметте Хажырақым – Мұхаммед ән-Насауидің 1220 жылға дейінгі өмірі белгісіз екендігі айтылса, Р.Тұрысбекұлының дерегінде жылнамашының дәл осы кезеңдегі тағдыры кеңінен сөз болады. Сонымен қатар, жыршы жырды XIII ғасырдың бірінші жартысындағы Шыңғыс хан ұрпақтарының шежіресін хатқа түсіруші, жылнамашы Ә.Хорезмидің парсы тіліндегі кітабына және «Моңғолдың құпия шежіресі», «Алтын топшы» сияқты көне мұраларға сүйеніп жазған. Аталған жыр алғаш рет «Қазақ қолжазбалары» атты жинақтың бірінші томында жарияланды [152].

Қазақ тарихын Шыңғыс ханнан өрбітіп, Абылай ханның өмір тарихымен ұштастырған көркем туындылардың бірі – айтулы қазақ ақыны Шәді Жәңгіровтің «Тарихнама» шежіре жыры. Ақынның шығыс әдебиетін жетік білгені баршаға аян. Сондықтан болар, аталған жырда Әбілғазы Баһадүр ханның «Шежіре-и түрк» және де басқа шығыстық тарихи туындылармен таныс болып, соларға сүйенгені көрінеді. Ақын мұраларын зерттеуші, ғалым, профессор Н.Келімбетов аталған туындыны: «...бұл тарихи реалистік поэма Шәді Жәңгірұлының аса маңызды, күрделі де көркем туындысы, ақын шығармаларының биік шыңы», – деп бағалайды [153, б.50].

«Тарихнама» дастаны – авторлық тарихи эпос жанрындағы таңдаулы әрі танымдық маңызы зор туындылардың қатарынан саналады. Көлемі 6700 жолдан тұратын бұл шығарманың авторы – айтулы қазақ ақыны, Шығыс әдебиетінің белгілі білімпазы Шәді Жәңгіруллы. Шәді алдымен Шаян (1865–1867), Қарнақ (1868–1870), кейіннен Бұхарадағы Көкелташ медреселерін (1871–1876) бітіріп, Шығыс халықтарының әдебиетімен, мәдениеті және философиясымен терең танысады. Ақын ислам дінінің негізгі қағидаларын, шариғат заңдарын жетік білгенге ұқсайды. Әсіресе араб-парсы классикалық әдебиеті – «Мың бір түн», «Тотынама», «Шаһнама» сынды хикая-дастандардың сюжеті қазақ шайырын қатты қызықтырады. Осылайша Шәді XIX ғасырдың көптеген сауатты ақындары сияқты нәзиралық дәстүрге түбегейлі бет бұрады. Анығында, Шәді Жәңгіруллы қазақтың нәзирашыл әдебиетінің бастауында тұрған, ел арасында оқымысты әрі үздік ғалым, «шайыр» атағын иеленген санаулы саңлақтардың қатарында саналады.

Шәді – 30-дан аса дастан, хикаялар жазып шығарған ірі эпик. Ақын өзінің көзі тірісінде солардың арасынан 20-шақты дастанын Ташкент, Орынбор, Қазан қалаларында кітап етіп бастырған. Мысалы: «Төрт дәруіш» (1913), «Хикаят Қамарзаман» (1914), «Назым Сияр Шәриф» (1913), «Хикаят Хатымтай» (1914), «Хикаят халифа Һарун Рашид» (1914), «Хикаят Орқа Күлше» (1917), «Келіннің бетін ашатын терме» (1915), «Қисса Бәлғам Бағұр» (1910), «Қисса Бәрсиса» (1910), «Қисса Хайбар» (1910), «Назым түрки фиһк Қайдани» (1913, 1914), «Қарунның жер жұтқан уақиғасы» (1917) т.б. баспа бетін көрген нәзиралық бағыттағы туындылары қазақ арасында кең тараған.

Ақынның тарихи тақырыпта да соны соқпақ салып, бірнеше көлемді шығармалар жазғаны мәлім. Солардың бірі – «Россия патшалығында Романов нәсілінен хұқымаранлық қылған патшалардың тарихлары һәм «Ақтабан шұбырынды» заманынан бері қарай қазақ халқының ахуалы» атты дастан-поэмасы 1912 жылы Орынбор қаласындағы ағайынды Кәрімовтер баспасынан жарық көреді. Бір қызығы, кітапта келтірілген мәліметтерге қарағанда, орыс тіліндегі тарихи деректерді шайырға сол кездегі орысша оқыған қазақ зиялылары – Қоңырқожа Ходжиков пен Ғалиасқар Қасымов аударып беріп отырған. Екі аудармашы өздерін «тәржіман» деп таныстырып:

Қол қойған деп біз екеуміз,
Тарихты қазақ тілге аудардық біз, –

десе, Шәді Жәңгіруллы:

Қазақтың әдет еткен бәйітімен,
Назым еткен сұлтан Жәңгіруллы, –

деген нақты дерек береді. Ақын шығармаларының басты зерттеушісі ретінде танылған профессор Н.Келімбетовтың пікірінше, «...бұл тарихи

реалистік поэма Шәді Жәңгірұлының аса маңызды, күрделі де көркем туындысы, ақын шығармаларының биік шыңы» [153, б.50].

Десек те, осы аталған дастан Шәдінің тікелей түркі-қазақ тарихын баяндайтын келесі бір көлемді туындысы «Тарихнаманы» жазар алдындағы үлкен дайындығы болған сияқты. Себебі, ақынның Ресей патшалығының тарихы туралы жазған алдыңғы поэмасы жіті цензурадан өткен және Романовтар әулетіне 300 жыл толуына арналғандықтан ғана баспа жүзіне шығарылған. Шәді осыдан соң барып өзінің ата-тегі, түпкі бабасы Шыңғыс ханнан бермен қарайғы қазақ елінің тарихи баянын жазуға кіріседі.

Бұл тарихи жырдың алғашқы бөлімінде әйгілі қаған туралы кең тараған халық аңыздары мен жазба деректерді пайдалана отырып, түркі-моңғол халықтарының ру-тайпалары, мәдени тұрмысы мен өмір-тіршілігі, Дешті-Қыпшақ, Орта Азия өлкелері жөнінде қызықты мәліметтерді әсерлі суреттеп жазған. Шыңғыстың дүниеге келуі, есейіп, ел бастап, хандық құруы, біртіндеп жарты әлемді жаулап алған жаһангерлік жорықтары өте шыншыл және тарихи деректермен орайлас жырланған.

Шыңғыстың өзі ғана емес, оның сайыпқыран ұғландары жайындағы ел аңыздары да Шәді назарынан тыс қалмаған. Мұны қағанның үлкен ұлы Жошының қазасын естірту туралы белгілі көне жыр үзінділерін шебер пайдалануынан-ақ байқауға болады. Осы бөлімде ақын Шыңғыс пен оның ұлдары Жошы, Шағатай, Үгідай, Төле бастаған моңғол әскерінің Орта Азия мен Иран өлкесіне жасаған жойқын қимылдарын өте нанымды бейнелеген. Моңғол әміршілерінің Хорасан мен Балх, Мерв пен Үргеніш шаһарларын алу кезіндегі амал-айласы мен шектен тыс қаталдығы көркем тілмен сипатталған.

Жырдың екінші бөлігінде Абылай хан мен оның тұсындағы қазақ халқының басынан өткен тарихи оқиғалар эпикалық стильде үлкен шабытпен жырланады. Мұнда да шайыр Абылайдың бала кезінен бастап, ержетіп, хан атануына дейінгі өмір кезеңдерін баяндайтын халық аңыздарын сәтті қолданғанын көреміз.

Абылайдың әкесі бұрынғы деректерде Уәли болса, Шәді туындысында Әбілфайыз аталады. Әкесі Бұхара хандығының билеушісі болып тұрғанда, оны Марайым атты бек сатқындықпен өлтіріп, орнына хан болады. Абылай ғұмыр бойы әкесінің кегін алуды армандап, Бұхараға бірнеше рет жорыққа аттанады. Бірақ сол жерде жатқан Орта Азияның өте көрнекті дін қайраткері, белгілі сопылық тариқаттың жолын негіздеуші Баһауеддин Нақышбандидің рухы ылғи да аян беріп, жолынан қайтарады. Ақынның жазуынша, Абылай осы соңғы жорықтан соң, әке кегінің алынбай қалғанынан қатты қайғырып, ауруға ұшырайды. Сөйтіп, осы дерттен көз жұмып, Түркістандағы Әзірет Сұлтан Қожа Ахмет Ясауи әулиенің оң жағына қойылады.

Жырда қазақ хандары Абылай, Уәли, Қасым, Кенесары тәрізді ірі тұлғалардың өмірі мен қызметі арқылы олардың айналасына топтасқан қазақ ұлтының, ру-тайпаларымыздың басынан өткен тарихи оқиғалар шебер тілмен, шешендікпен шертіледі. Зерттеушінің пікірінше, Шәді Әбілғазы Баһадүр ханның «Шежіре-и түрк» атты еңбегіне сүйенген тұстары бар. Сондай-ақ Орта Азияның

белгілі қалам иелері Мұхаммед Юсуфтің «Тарихи Муқимхани», Мунис Хорезми мен Мұхаммедриза Агахидің «Фирдаус-ул-иқбал» сынды тарихи туындыларды да Шәдінің оқып, танысқандығы дау туғызбайды.

«Тарихнама» дастанының түпнұсқасын өткен ғасырдың 70-жылдары әдебиет зерттеушісі, белгілі ғалым Н.Келімбетов тапқан. Көлемі 138 беттен тұратын үлкен дәптерге араб әріптерімен жазылған түпнұсқаның соңғы бетіне «Шәді Жәңгіруұлы» деп қол қойылған. Ал біздің қолымыздағы жыр мәтіні толық емес. Шығарманың алғашқы бөлімінің бірінші тарауы мен Кенесары ханның қазасына қатысты соңғы бөліктері сақталмаған. Қолда бар деректерге қарағанда, «Тарихнама» жырының қолжазбасы Абылай әулетінен саналатын, Шиелі қыстағының тұрғыны, 1909 жылы туған Шыңғыс Әкбаруұлының үйінде сақталған. Қазақ шежіресі бойынша, Абылайдан – Қасым, Қасымнан – Саржан, одан – Қошқарбай, Қошқарбайдан – Әкбар, одан Шыңғыс туған.

Шәді төре тұқымының тарихын баяндайтын бұл шығармасын белгілі себептерге байланысты бастыра алмаған. Кейін шайырдың қолжазба мұрасы Сәдірхан төреге, одан оның ұлы Айдар төреге өткен. Ақырында жырдың қолжазбасын Айдар төреден Шыңғыс Әкбаруұлы алып, «Ата-бабаларымның тарихы» деп қастерлеп, сақтап келген. Сол адамнан алып, қазіргі қазақ жазуына көшірген – Шиелі қыстағының тұрғыны Нұрмахан Қасымұлы.

Бұл жыр мәтінін 1998 жылғы әдеби-фольклорлық экспедиция кезінде сол кездегі М.О.Әуезов атындағы ӘӨИ-дың кіші ғылыми қызметкері А.Ойсылбаева тауып, Қолжазба қорына өткізген.

«Тарихнамада» 39 бөлімнен тұратын жырдың алғашқы бөлімінде кең тараған халық аңыздары мен жазба деректерді пайдаланылып, түркі-моңғол халықтарының ру-тайпалары, олардың тұрмысы мен өмір-тіршілігі туралы айтылған. Жыршы жер басқан пенденің барлығы Адам ата мен Хауа ананың ұрпақтары екенін айтады. Сонымен қатар, Дешті Қыпшақ, Орта Азия өңірлері жөнінде қызықты мәліметтер келтіріп, Шыңғыс ханның дүниеге келуі, есеюі, ел басқарған, хандық құрған кезеңдері, жаһангерлік жорықтары туралы тарихи деректерді келтіре отырып баяндаған. Шыңғыстың жеке басы ғана емес, оның ұрпақтары – Жошы, Шағатай, Үгідай, Төленің де өмірі мен әскери жорықтары қамтылған.

Жырдың екінші бөлімінде Абылай ханның тұсындағы қазақ халқы бастан кешкен тарихи оқиғалар көркем жырланған. Ақын Абылай ханның бала кезінен бастап хандық дәрежеге жеткенге дейінгі өмір кезеңдерін суреттеуде халық аңыздарын сәтті қолдана білген. Абылай ханнан басқа Уәли, Қасым, Кенесары тәрізді тарихи тұлғалардың өмірі арқылы сол кезеңдердегі қазақ халқының бастан кешкен тарихи кезеңдерін шебер суреттеген.

Сонымен жинақтап айтқанда, қазақ шежіре жырлардың әдеби сипатын бірнеше ерекшеліктердің құрайтыны байқалады.

Бірінші ерекшелігі – шежіренің поэзиялық жырлар және прозалық тарихи әңгімелер түрлерінде тарайтындығы, олардың авторлары белгілі ақын-жыраулар болатындығы, эпикалық сарында жырланатындығы.

Екінші ерекшелігі – шежірелік шығармалардың барлығында да әдебиетке тән мазмұн мен пішін бірлігінен тұратын тұтастықтың сақталатындығы.

Шежіре жырлардың көркемдік деңгейлері жырлаушының талантына, шеберліктеріне қатысты әртүрлі болып келеді деп жоғары атап өттік. Жырлардың сюжеті дерекнамалық жүйеге құрылғандықтан, көркемдік тілі, ырғақтық-ұйқастық құрылымдары жеңіл оқылады. Көбінесе он бір буындық өлшемге құрылады. Ақынның ұлттың өткенін жүйелі түрде жырлауы – халықтың салт-дәстүрінен, мәдениеті мен тарихынан мол мағлұмат береді. Жырдың баяндай отырып жырлануынан автордың тарихи оқиғаларға, қоғамға, жеке тұлғаларға деген көзқарастарын, ұстанымдарын байқауға болады.

Қорыта келгенде, шежіре жырлар тарихи жыр түрінде қалыптасып дамыған. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы қазақ ақындарының шығармашылығында арнайы шежіре жырлар болды. Бұл дәстүр жалғастығы бүгінгі таңға дейін жалғасын табуда. Кей ақындардың арнайы шежіре жырлары болмаса да, лирикалық өлеңдері мен эпикалық дастандарының композициясында қазақ тарихының арғы-бергі тарихына байланысты деректерді тығыз байланыстыра жырлайды. Ал тарихи өлеңдер мен дастандарда, әрине, шежірелік-дерекнамалық құрылым негізгі өзекті желі болып тартылады.

Шежіре жырлардың жанрлық болмысы ататектік жүйелерді белгілі бір тарихи оқиғалармен жеке адамдар тұлғаларымен байланыстыра әңгімелеу арқылы әдеби шығармаға, сөз өнері туындысына тән ерекшеліктерді өз бойына жинақтайды. Тарихи шығармалардың идеялық-композициялық құрылысында автордың баяндау жүйесінде, стильдік өрімінде әдеби шығармаға тән белгілер де көрінеді. Шежіре жырларда тарихи жырлардағыдай оқиға, уақыт, адам есімдерінің дәлдігі сақтала бермейді және мазмұны қазақ жүздері мен рулары туралы болғанымен, мәтіндердің көлемі, мазмұны, айтылуы жағынан әркелкі болып келеді.

Тұжырымдай келе, шежіре жырлар 2004-05 жылдардан бастап жинақталып, алғаш рет «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы бойынша «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 32-томына «Шежірелік дастандар» деген атаумен (2006 жыл), ал 2012 жылы «Шежірелік жыр-аңыздар» деген атпен екі том (81-82-томдар) жарық көрді. Осы кезге дейін «жыр-шежіре», «шежірелік дастандар», «өлең-шежіре» немесе «шежірелік жыр-аңыздар» деп аталып келген бұл жырларға «шежіре жырлар» деген атау ұсынылды. Яғни, белгілі бір рудың, жүздің, ұлттың немесе тарихи тұлғаның шығу тегіне байланысты туған тарихи жырлардың бір түрі шежіре жырлар деп аталады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу жұмысында қазақ шежіре жырлары тұңғыш рет диссертациялық деңгейде қарастырылды. Қазақ шежірелері отандық ғылымда тарих, деректану, этнография салаларында біршама зерттелгендіктен, мәтіндерді пәнаралық ғылымдар саласында, әдебиеттанулық аспектіде қарастыру жолдарына баса назар аударылды. Диссертацияның нысанына алынған қазақ шежіре жырлары нақтыланып, мәтіндердің түпнұсқалары төте, латын жазуларынан қазіргі әріпке түсіру, мәтіндерді салыстыру және жүйелеу жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде, Орталық ғылыми кітапхананың сирек қоры мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақталған қолжазбалар мен сирек кітаптар, 2004-2013 жылдары аралығында «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы аясында жарық көрген «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 32, 81, 82 томдарында жарық көрген мәтіндер зерттеу нысанына алынды. Осы кезге дейін әртүрлі ғылыми басылымдарда және ғылыми-көпшілік жинақтарда жарияланған қазақ шежірелеріне, ауызша тарихқа, оның ішінде жырмен жазылған шежірелерге қатысты пікірлер, ой-тұжырымдар мен ізденістер қазақ шежіре жырларын ғылыми мәселе деңгейінде зерттеп, оның сан қырлы болмысын тереңдей таразылаудың қажеттілігін көрсетіп берді.

Диссертацияның «Шежіре жырлардың қайнар көздері және зерттелуі» атты алғашқы тарауы «Шежіре жырлардың зерттелуі» және «Түркі халықтарындағы шежіре тарқату дәстүрі» атты екі тараушадан тұрады.

«Шежіре жырлардың зерттелуі» тараушасында ауызша тарих, шежіре туралы отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулері, еңбектері жан-жақты сараланды. Ертедегі түркі тектес халықтар бірлестігі, Алтын Орда, Ноғайлы дәуірі, Қазақ хандығы құрылған кезеңдерден бергі қазақ шежірелік шығармаларын тілге тиек еткен ғалымдардың еңбектерінен қазақ мәдениеті мен этнографиясы, тарихы мен әдебиетінің мазмұнын байытатын мол мағлұматтар кездестіруге болады. Зерттеуде Ш.Уәлихановтың, А.Құнанбаевтың, Ш.Құдайбердіұлының, М.Тынышпаевтың, С.Асфендияровтың, А.Байтұрсынұлының, Х.Досмұхаммедұлының, Ә.Бөкейхановтың, Ә.Марғұланның, Б.Кенжебаевтың, С.Мұқановтың, Ә.Қоңыратбаевтың сонымен қатар, шетелдік ғалымдар Альфред Ходсонның, Лорен Крэйдердің, Жан Вансинаның, Су Бихайдың жалпы қазақ шежіресі, ауызша тарих туралы ой-пікірлері негізге алынды.

Егемендік алғаннан кейін ұлттық құндылықтарымызға мемлекеттік деңгейде назар аударыла бастады. Аталған тараушада ғалымдар М.Мырзахметовтің, М.Мағауиннің, А.Сейдімбектің, Ш.Ыбраевтың, Р.Бердібаевтің, Т.Тебегеновтің, Т.Албековтің, Б.Рақымовтың, М.Алпысбестің зерттеулеріне сүйене отырып, тәуелсіздік кезеңіндегі шежіре жанрының, шежіре жырлардың даму сипаты сараланды. Кеңес өкіметінің саясаты ұлттық рухани құндылықтарымызды терең тануға тосқауыл болып келгенімен, қазірде XXI ғасырда қазақтар арасында тілі енді шыға бастаған балаға «руын, жеті атасын

жаттатқызу», «жеті атаға дейін қыз алыспау» дәстүрі әлі күнге дейін сабақтастық тауып отыр деген тұжырым жасалды.

«Түркі халықтарындағы шежіре тарқату дәстүрі» атты тараушада қарақалпақ, қырғыз, башқұрт халықтарында шежірені жырмен айту дәстүрінің бар екені, әлі күнге сабақтастық тауып отырғаны пайымдалды. Орта Азиялық ғалымдар С.Аттокуров, С.Зәкиров, М.Ахметжанов, М.Усманов, М.З.Закиев, Д.М.Исхаков, Р.Г.Кузеев, М.Х.Надергулов, Г.Б.Хусайынов, А.И.Харисов, Марджани Шихабутдин, К.М.Мәмбетов, С.К.Камалов, Х.Дониеров, К.Ш.Шаниязовтардың еңбектеріне сүйене отырып, түркі халықтары (қарақалпақ, қырғыз, башқұрт) шежіре жырларының тұңғыш рет тарихи типологиясы сөз етілді. Қырғыз манасшылары, санжырашылары мен халық ақындарының шығармашылығындағы шежіре жырлар, шежірелік қолданыстарға тоқтала отырып, атақты «Манас» жырындағы шежірелік арқаулар сипатталды. Қырғыз санжырашысы Күлумбайұлы Молдокматтың Қырғыз Ұлттық ғылым академиясының Қолжазбалар қорында сақталған «Санжыра дастан», «Мүйізді ене» атты шежіре жырлары алғаш рет ғылыми айналымға енгізілді.

Аталған тараушада қарақалпақтың белгілі ақыны Бердімұрат Қарғабайұлының «Шежіре» атты дастаны мысалға алынып, қарақалпақ халқының жырмен жазылған тарихынан мәліметтер берілді. Сонымен қатар, башқұрт эпостары «Қосақ би», «Едукей мен Мұрадым», «Бабсақ пен Қосақ» жырларының нұсқаларындағы шежірелік көріністер сараланды. «Бабсақ пен Қосақ» эпосының кең таралған екі нұсқасы (қыпшақ және бурзян) мысалға алынып, башқұрт ғалымдарының шежіре туралы еңбектеріне шолу жасалды. XIX ғасырдың ортасында өмір сүрген, ирактың тайпасынан шыққан, башқұрттың танымал ақыны Ғали Сокрыйдың жырмен жазған шежіресі туралы деректер келтіріліп, башқұрт шежіре жырлары ғылыми тұрғыдан дәйектелді.

«Шежіре жырлардың тарихилығы» атты екінші тарау «Қазақ шежіре жырларының қалыптасуы мен дамуы», «Қазақ шежіресі және тарихи жад», «Қазақ шежіре жырларын дамытушылар» атты үш тараушадан тұрады.

Зерттеудің «Қазақ шежіре жырларының қалыптасуы мен дамуы» атты тараушада шежіре жырлардың пайда болып, қалыптасуы ертедегі түркі тектес халықтар бірлестігі, Алтын Орда, Ноғайлы дәуірі, Қазақ хандығы құрылған кезеңдерден басталатыны айқындалды. Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі жазулар, көне түркі дастандары, шежірелік аңыздар, айтыстар, эпостар мен жыраулар поэзиясында, мақал-мәтел, қазақ әндері мен күйлерінде шежіре тарқату көріністері кездеседі. Аталған ауыз әдебиеті жанрларында шежірелік белгілер байқалғанымен, нақты, толыққанды көріністер жоқ. Нақты шежіре тарқату дәстүрі көріністерін халық ақындары туғызған дастандар мен тарихи жырлардан анық аңғаруға болатыны пайымдалды. Диссертациялық жұмыста шежіре жырлардың даму, қалыптасу кезеңдері сипатталап, алғаш рет тарихнамасы жасалды.

Қазақ халқының ұлттық болмысын айқындайтын факторлардың бірі шежірелер екені «Қазақ шежіресі және тарихи жад» атты тараушада сөз етілді.

Тарихи жад пен көркемдік сана туралы ғалымдар И.Голенищев-Кутузов, К.Райхл, Б.М.Сатершинов. М.Алпысбестің пікірлерін негізге ала отырып, шежіре тарқату дәстүрі жаһанануға қарсы тұратын, мәдени кодты сақтап қалатын ұлттық иммунитет ретінде дәйектелді.

«Қазақ шежіре жырларын дамытушылар» атты тараушада XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген халық ақындары шығармашылығында шежіре жырлар ерекше орын алып, қазақ әдебиетінде аталған дәуір шежіре жырлардың дамыған кезеңі болғаны туралы зерделенді. Тараушада Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Әбубәкір Кердері, Нұржан Наушабаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Әбубәкір Боранқұлұлы, Ақыт Үлімжіұлы, Нұртуған Кенжеғұлұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Бұзаубай Жайлаубайұлы т.б. халық ақындарының шежіре жырларының әдеби сипаты айқындалды. Шежіре жырлардың көркемдігі жырлаушының немесе ақынның шеберлігіне қарай әртүрлі деңгейіде болатыны, көбінесе деректанулық жүйеге құрылғандықтан көркемдеуіш құралдары, ұйқастары жеңіл, он бір буындық өлшемге құрылатындығы дәйектелді. Шежіре жырлардың қалыптасу, даму тарихына үңіле отырып, шежіре тарқату дәстүрінің өзіндік ерекшеліктері, атап айтсақ, көне түркілік кезеңнен бастап осы күнге дейін жеткен шежірелер әдеби және тарихи мұралар, авторлық көркем туындылар болып табылатындығы, олардың жалаң жазылған жылнамалық баяндау емес, көркем сөзбен кестеленіп жазылған эпикалық жанрдағы әдеби-тарихи туындылар екендігі және барлық шежіре жырлардың мазмұны мен пішіні өзара ұқсас болып келетіндігі, эпикалық сарында жырланатындығы сараланды.

Зерттеудің «Шежіре жырлардың жанрлық және көркемдік ерекшеліктері, поэтикасы» атты тарауы «Шежіре жырлардағы уақыт пен кеңістік», «Жанрлық ерекшеліктері» атты тараушалардан тұрады.

«Шежіре жырлардағы уақыт пен кеңістік» атты тараушада шежіре жырлардағы уақыт пен кеңістік ұғымына түсінік берілді. Шежіре жырлардың әр кезеңде туып, ру-тайпалардың бастан кешкен түрлі оқиғаларының дерегін баяндайтын туындылар екені мәлім. Жыр қай кезең оқиғаларына қатысты туғандығын көбіне ондағы сөз өрнегінен, оның атқарып тұратын қызметінен тануға болады. Көркем тарихнаманың поэтикасына байланысты шетелдік ғалымдар Г.Н.Кузнецованың, Т.А.Миллердің, С.С.Аверинцевтің, В.М.Жирмунскийдің, О.М.Фрейденбергтің, Е.М.Мелетинскийдің, В.Я.Пропптың, М.М.Бахтиннің, А.Н.Веселовскийдің, отандық ғалымдар А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұмалиевтің, З.Ахметовтің, Р.Нұрғалиевтің, Р.Бердібаевтың, С.Қасқабасовтың, О.Нұрмағамбетованың, А.Сейдімбектің, Ш.Ыбыраевтың, Б.Майтановтың, А.Темірболаттың, Б.Рақымовтың еңбектеріндегі уақыт пен кеңістік туралы ой-пікірлері қаперге алынды. Диссертациялық жұмыста ғалым А.Сейдімбек зерттеулеріндегі «шежірелік уақыт» деген ұғымға баса мән берілді. Қазақ шежірелерінде ортақ заңдылық бар екенін, негізінен 19-22 атамен (буынмен, ұрпақпен) шектелетіндігі анықталды. Жырлардағы уақытты бейнелейтін төрт қабат бар екенін А.Сейдімбек тарихи деректерге сүйене отырып болжам жасаған болатын. Олар: яхудилік-

христиандық, арабтық-парсылық, түркілік-моңғолдық және алаштық-қазақтық. Аталған тараушада жұмыста шежірелік уақыттың әрбір қабатына түсінік беріліп, шежіре жырлардан алынған мысалдар арқылы дәлелденді. Жырлардағы адам аттары, жер-су атауларының да уақыт пен кеңістікті анықтаудағы орны зор екені сараланды.

«Шежіре жырлардың жанрлық ерекшелігі» атты тараушада жырлардың жанрлық сипаты айқындалды. Оны тарихи жырдың бір түрі ретінде тану қажеттілігі дәйектеліп, «шежіре жырлар» атты ұғымға алғаш рет анықтама берілді.

Шежіре жырларда ата-тек таратумен қатар, алуан түрлі этнографиялық, генеалогиялық және тарихи-ақпараттық сюжеттер мен мағлұматтар тоғысып жатқандықтан, оның жанрлық болмысы да күрделі болып келетіні зерделенді. Осындай ерекшеліктер ескеріле отырып, шежіре жырлар мазмұны бойынша үш топқа жіктелді:1. Жалпы адамзат баласы туралы шежіре жырлар; 2. Қазақтың ру-тайпалары туралы шежіре жырлар өз руынан бастап жалпы адамзатқа ортақ шежіреге ұластырады. 3. Белгілі тарихи тұлғаларға қатысты шежіре жырлар. Жеке өз руының тарихы, не сол рудан шыққан атақты адамның шежіресін тарқату.

Аталған үш топқа шежіре жырлардан мысал келтіре отырып, дәлелденді.

Қазақ шежіре жырлары – жад арқылы ұрпақтан ұрпаққа ауызша эпикалық баяндау арқылы жеткен тарих екендігі, өзіне тән ерекшелігі бар әдеби шығармашылықтың оқшау сипаттағы ерекше үлгісі, әрі қоғамның сұранысына орай және адамдардың өмірлік мұқтажына байланысты дәстүрге еніп, қоғамдық өмірде ортақ ақпараттық кеңістік қалыптастыратыны, нәтижесінде жалпы этноұйыстырушылық рөл атқаратын тарихи жырлардың бір түрі деген тұжырым жасалды.

Диссертация соңында зерттеу барысында пайдаланылған қолжазбалардың тізімі мен қолжазба қорларында сақталған шежіре жырлардың иллюстрациялары қосымша ретінде берілді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бестомдық.– Алматы: Атамұра, 1998. – Т.2. – 579 б.

2 Уәлиханов Ш. Көптомдық шығармалар жинағы.– Алматы, 2010. – Т.2. – 464 б.

3 Марғұлан Ә. Х. Шығармалары.– Алматы: Алатау, 2007. – Т.1. – 608 б.

4 Арабский-русский словарь. – М: Наука, 1970. – Т.1. – 494 с.

5 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 2017. – 816 б. (иллюстрацияланған).

6 Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы. Шежірелік деректерді пайымдау. Зерттеу. – Астана: Фолиант, 2008. – 728 б.

7 Пчелов Е.В. Генеалогия рода Романовых. – М.:Экслибрис-пресс, 2001. – 442 с.

8 Пчелов Е.В. Рюриковичи. История династии.– М.:ОЛМА-ПРЕСС, 2002. – 384 с.

9 Двоеносова Г.А. Дворянская родословная книга Казанской губернернии 1785-1917 г.г.: реконструкция и изучения массового источника. – Казан, 2004. – 171 с.

10 Бобринский А.А. Дворянские роды внесенные в «Общий Гербовник дворянских родов Всероссийской Империи». – СПб., 1980. – Т.1-2. – 442 с.

11 Васильчиков А.А. Семейство Разумовских. – СПб., 1880-1894. – Т.1-5. – 842 с.

12 Кобрин В.Б. Материалы генеалогии княжеско-боярской аристократии XV-XVI вв.– М., 1995. – 240 с.

13 Савелов Л.М. Родословные записи (Опыт родословного словаря русского тдревнего дворянства). Вып.1-3. – М.,1909. – 248 с.

14 Hudson Alfred E. Kazak social structure. – London: Humpfrey Milford, Oxford Univercity Press, 1938. – 109 p.

15 Krader Lawrence. Social of the Mongol-Turkic pastoral nomads. Uralik and Altaic series. Printed in the Netherlands // Indiana Univercity Publication. – 1963. – Vol.20. – P. 411.

16 Vansina Jan. Oral Tradition as History. – London: James Currey, 1985. – 208 p.

17 Су Бихай. Қазақ мәдениетінің тарихы. – Үрімші, 1985. – 857 б.

18 Салтақова Ж., Қоспағарова Ә. Қазақ эпостарының шежірелік сипаты // Keruen. – Алматы, 2022. – № 75(2) – Б. 184–192. https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.2-15

19 Алпысбес М.А. Қазақ шежіресі: тарихнамалық-деректанулық зерттеу.– Алматы, 2013. – 380 б.

20 Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үштомдық. – Алматы: Жазушы, 2020. – Т.2. – 528 б.

21 Досмұхаммедұлы Х. Аламан. – Алматы, 1991. – 176 б.
22 Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2003. – Т.1. – 289 б.
23 Тұрғанбай М. Шежіре // Абай. – 1918. – №1-2.
24 Бөкейханов Ә. Шығармалары. – Астана, 2018. – Т.4. – 654 б.
25 Тынышпаев М. История казахского народа. – Алматы: Қазақ Университеті, 1993.– 224 с.
26 Бөкейхан Ә. (Түрік баласы) Қазақтың тарихы // Қазақ. – 1913. – №9.
27 Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі туралы. – Алматы: Сана, 1991. – 80 б.
28 Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы: Жазушы, 2005. – 304 б.
29 Кенжебаев Б. Шығармалар жинағы. – Алматы, 2018. – Т.2. – 336 б.
30 Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 208 б.
31 Тебегенов Т. Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі. – Алматы: Білім, 2001. – 332 б.
32 Тебегенов Т. Кете-Байсары: ататек тарихы және ұрпақтар жалғастығы. – Алматы: Мерей, 2018. – 480 б.
33 Бейсенбайұлы Ж. Қазақ шежіресі (Ғылыми дәйектер мен «Ана тілі» газетіне түскен қалың шежірелік мәліметтер негізінде жасалған). – Алматы: Атамұра, 1991. – 160 б.
34 Қазақ ру-тайпаларының тарихы.– Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы. – Т. 1-40. – 2005-2016.
35 Рақым Б.С. Тарихи эпос табиғаты: Қазақ тарихи жырларының поэтикасы. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1999. – 235 б.
36 Шекен Ж. «Монғолдың құпия шежіресінің» фольклорлық, әдеби негіздері: Филология ғылымд.канд. ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған дисс.автореферат.10.01.09;10.01.02. – Алматы, 2003. – 28 б.
37 Жүгенбаева Г. Қазақ халқының дәстүрлі ауызша тарихы:теориялық-методологиялық негіздері және деректемелік орны: Тарих ғылымд.д-ры ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд. дисс.автореф. 07.00.09. – Алматы, 2009. – 56 б.
38 Albekov T., Alpusbaeva K., Auesbaeva P. Distinctive and educational features of Kazakh folklore by the example of «Words of Ancestors» (Revista Espacios. – 2017. – Vol. 38. № 45. – p. 52-59. https://www.scopus.com/sourceid/11200153556.
39 Бабалар сөзі. Жүзтомдық. Шежірелік дастандар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Қосанов С., Шафиғи М., Егеубаев О., Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2006. – Т. 32. – 400 б.
40 Бабалар сөзі. Жүзтомдық. Шежірелік жыр-аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Албеков Т., Райыс Ғ., Салтақова Ж., Орынғали Қ. – Астана: Фолиант, 2012. – Т. 81. – 432 б.
41 Бабалар сөзі. Жүзтомдық. Шежірелік жыр-аңыздар / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Албеков Т., Райыс Ғ., Салтақова Ж. – Астана: Фолиант, 2012. – Т. 82. – 432 б.

42 «Қазақстан»: Ұлттық энцклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 2007. – Т.9. – 688 б.

43 Аттокуров С. Кыргыз санжырасы. Кыргыз УИАсынын Тарых институту. Илимий-пропагандалык координациялык «Мурас» ишкер долбоору. – Бишкек: Кыргызстан, 1995. – 214 б.

44 Қырғыздар: санжыра, тарых, мурас, салт. – Бішкек, 1993. – Т. 2. – 624 б.

45 Зәкиров С. «Қырғыз шежіресі» кітабынан // Жұлдыз. – 1994. – №4. – Б.32-34

46 Әхмәтжанов М. Татар шәжәрәләре (Беренче китап). – Қазан, 1995. – 407 б.

47 Усманов М.А. Татарские исторические источники XVII-XVIII вв.: «Сборник летописей», «Дафтар-и Чингиз-наме», «Таварих и Булгария», «Татарские шаджра». – Казань, 1972. – 227 с.

48 Кузеев Р.Г. Родо-племенной состав башкир в XVIII в.: автореф. канд.ист.наук: 07.00.07. – М., 1954. – 56 с.

49 Башкирские шежере. Сост., перев.текстов, введ. и коммент. Р.Г. Кузеева. – Уфа,1960. – 304 с.

50 Башкирские шежере. Исследования и публикации. – Уфа, 1985. – 162 с.

51 Газиз Г. История татар. – М., 1994. – 146 с.

52 Закиев М.З. Происхождение тюрков и татар. – М., 2003. – 560 с.

53 Исхаков Д.М. Введение в историю Сибирского ханства. – Казан, 2006. – 196 с.

54 Марджани Ш. Извлечение вестей о состоянии Казани и Булгара (Мустафад ал-ахбар фи ахвали Казан ва Булгар). – Казан, 2005. – 255 с.

55 Мәмбетов К. Қарақалпақлар шежиресі. – Нөкіс, 1993. – 400 с.

56 Асау Барақ жыры. – Хожелі,1993. – 126 б.

57 Камалов С.К. Каракалпаки в XVIII –XIX вв. – Ташкент, 1968. – 47 б.

58 Дониеров Х. Узбек халкининг шажара ва шевалари. – Тошкент, 1967. – 148 с.

59 Шаниязов К.Ш. К этнической истории узбекского народа ал-ахбар фи ахвали Казан ва Булгар). – Казан, 2005. – 344 с.

60 Нурмухамедов М. Бердах – великий поэт каракалпакского народа. – Ташкент, 1977. – 30 с.

61 Хамидов Х. Ески қарақалпақ тилиниң жазба естеликтери. – Нөкіс, 1985. – 300 с.

62 Ғарғабай улы Бердақ. Таңламалы шығармаларының жыйнағы // http://kitapxana.com/. 03.03. 2017.

63 Сайф ад-Дин Аксикенди. Извлечения из Маджму ат-Таварих / Ромодин В. А. Материалы по истории кыргызов и Кыргызстана. – М.: Наука, 1973. – 210 с.

64 Надергулов М.Х. Историко-функциональные жанры башкирской литературы: генезис, типология, стиль и традиции // Диссертация на соискание ученой степени доктора филологических нау. 10.01.02. – Уфа, 2009. – 346 с.

65 Хусаинов Г.Б. Башкирская литература XI-XVIII вв. Учебн. пособ. для вузов. Текст. – Уфа: Гилем, 1996. – 280 с.

66 Лоссиевский М. В. Былое Башкирии и башкир по легендам, преданиям и хроникам. Справочная книга Уфимской губернии. отд. 5. – Уфа, 1883. – 383 с.

67 Игнатьев Р. Г. Сказания, сказки и песни, сохранившиеся в рукописях татарской письменности и в устных пересказах у инородцев магометан Оренбургского края. Записки Оренбургского отдела Русского географического общества. – СпБ, 1875. – Вып. 3. – 383 с.

68 Кузеев Р. Башкирские шежере. – Адаби Башкортостаны. – 1957. – №6.

69 Башқұрт аймағы. – Уфа. – 1929. – №7.

70 Башкирский народный творчество. Эпос. – Уфа, 1987. – 540 с.

71 Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 1993. – 296 б.

72 Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткішінің толық Атласы. – Астана: Күлтегін, 2005. – 360 б.

73 Абусеитова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XV–XVII веках: история, политика, дипломатия.– Алматы: Дайк-пресс, 1998. – 268 с.

74 Бабур-наме [Текст]: [записки Бабура]: язык, прагматика текста, стиль: к истории чагатайского литературного языка. Г. Ф. Благова. Российская акад. наук, Ин-т языкознания. – Москва: Наука, 1994. – 403 с.

75 Стеблева И.В. Жизнь и литература доисламских тюрков. Историко-культурный контекст древнетюркской литературы. – Москва: «Восточная литература», 2007. – 208 с.

76 Қайдар М. Тарихи Рашиди. – Алматы: Қазақпарат, 2005. – 494 б.

77 Қазақ әдебиетінің тарихы.– Алматы: Қазақпарат, 2006. – Т. 2. – 448 б.

78 Ісләмжанұлы К. Қазақтың отбасылық фольклоры. Монография. – Алматы: Арыс, 2007. – 332 б.

79 Әбілқасымов Б. Әбілғазының «Түркі шежіресі» – тарихи және филологиялық еңбек // «Қазақ шежірелері және ұлттық таным мәселелері» атты ҚР БҒМ ОҒК өткен ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. – Алматы, 2005. – 167 б.

80 Халық әдебиетіндегі тарих көріністері. – Алматы, 2016. – Т.1. – 340 б.

81 Мұқанов Ж. Найман – Қаракерей – Жаңбыршы руының шежіресі. – Алматы: «Айкос» АБА, 2001. – 210 б.

82 Ұлы жүз. Үйсін. Албан тайпасының Қожбанбет руы. Тарихи-шежіре кітап. – Алматы, 2007. – 376 б.

83 Жирмунский В.М., Зарифов Х.Т. Узбекский народный героический эпос. – Москва: ОГИЗ, 1947. – 570 с.
84 Бердібай Р. Эпос – ел қазынасы. – Алматы: Дәуір, 2017. – 319 б.
85 Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 276 б.
86 «Қыз Жібек»: лиро-эпос. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 258 б.
87 Сәкенов С. «Қырымның қырық батыры» эпопеясы және түркі халықтарының шежіресі // «Қазақ шежірелері және ұлттық таным мәселелері: ҚР БҒМ ОҒК өткен ғылыми-практикалық конференциясының материалдары». – Алматы, 2005. – 167 б.
88 Қасқабасов С. Ойөріс. – Алматы: Жібек Жолы, 2009. – 303 б.
89 Қазақ өнерінің антологиясы. 25 томдық. Айтыс. – Астана: Күлтегін, 2014. – Т.1. – 400 б.
90 Аронұлы Сүйінбай. Бөрілі менің байрағым. Жыр, толғау, айтыстар, естеліктер. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2009. – 272 б.
91 Бұлдыбай А. Жетісу жыраулық, жыршылық, ақындық дәстүрі. – Алматы: Ұлағат, 2014. – 256 б.
92 Радлов В.В. Образцы народной литературы тюрских племен, живущих в южной Сибири и Джунгарской степи. Часть 3. – СПб.: Типография Императорской АН, 1870. – 495 с.
93 Диваев Ә. Тарту. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 256 б.
94 Үмбетаев М. Сүйінбай. Монография. – Алматы: Ұлағат, 2015. – 272 б.
95 Saltakova Zhanat Toktarkyzy, Mehmet Naci Önal, Albekov Toktar Kesimuly. Türk Halklarının Şecerecilik Geleneği ya da Millî Bellek. – Millî Folklor. – 130. – 2021. – s.21-30. https://www.millifolklor.com/PdfViewer.aspx?Sayi=130&Sayfa=23
96 Репина Л.Т., Зверева В.В., Парамонова М.Ю. Тарихи білім тарихы. – Нұр-Сұлтан: Ұлттық аударма бюросы, 2020. – 236 б.
97 Голенищев-Кутузов И. Итальянское возраждение и славянские литературы XV-XVI в.в. – М., 1963. – 456 с.
98 Фольклортану терминдерінің сөздігі. Жауапты редакторы Ж.Рақыш. – Алматы: Brand Book, 2020. – 272 б.
99 Reichl K. Singing the Past: Turkis and Medieval Heroic Poetry. – Ithaca and London: Cornell University Press, 2000. – 221 p.
100 Сатершинов Б.М. Тарихи сана – тәуелсіздіктің рухани тұғыры. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФжСИ КБО, 2011. – 291 б.
101 Спанов М.Ж. Ғылым мен технологияның әлемдік өркениеттегі орны // Әл-Фараби. – 2019. – №1 (65). – Б. 96-110.
102 Қазақ әдебиетінің тарихы. Онтомдық. – Алматы: ҚАЗақпарат, 2006. – Т.5. – 555 б.
103 Халид Қ. Тауарих хамса. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 302 б.
104 Наушабайұлы Н. Алаш, Қостанай, 1997. – 140 б.

105 Кердері Ә. Қазағым.– Алматы: Жазушы, 1993. – 287 б.
106 Көпейұлы Мәшһүр Жүсіп. Шығармалары. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2004. – Т.4. – 535 б.
107 Бөкейхан Ә. Таңдамалы шығармалар жинағы. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 478 б.
108 Әбдіғазиұлы Б. Шәкәрім шығармашылығының дәстүрлік және көркемдік негіздері: фил.ғ.докт.дис.автореферат. 10.01.02 / Абай атындағы Алматы Мемлекеттік Университеті. – Алматы, 2001. – 56 б.
109 Дөрбілжін ауданының қисса-дастандары. – ҚХР: Іле «Халық» баспасы, 1992. – 403 б.
110 Бабатайұлы Д. Замана сазы. Өлеңдер мен дастандар. – Алматы: Жазушы, 1991. – 160 б.
111 Қазақ шежірелері. – ҚХР: Іле «Халық» баспасы, 2009. – 487 б.
112 Үлімжіұлы А. Шығармаларының толық жинағы. 2 томдық. – Кония, 2011. – Т.1. – 652 б.
113 «Кошубаева жена князина Абакай...». «Материалы по истории русско-монгольских отношений 1636–1654 гг. – М., 1974.
114 Бөжеев М. Замана кейіпкерлері: ғылыми зерттеулер. – Алматы: «М-АРИ» баспасы, 2013. – 312 б.
115 Мөңкеұлы М. Шығармалары: Өлеңдер, жырлар, толғаулар, айтыстар, зерттеулер. Құраст.Б.Омаров. – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2013. – 288 б.
116 Кенжеғұлұлы Н. Шығармалары. Екітомдық. – Астана: Фолиант, 2008. – Т.2. – 368 б.
117 Байшығанұлы К. Қайтейін, жалған дүние...: өлеңдер, толғау, дастандар, жоқтау-дауыстар). – Алматы: «Толғанай Т» баспасы, 2008. – 336 б.
118 Салтақова Ж.Т. Шежіре жырлардың тарихилығы // С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – Павлодар, 2019. – №3(2019). – Б. 308-316. https://pps.kaznu.kz/ru/Main/FileShow2/147209
119 «Қазақстан»: Ұлттық энцклопедия. – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – Т.10. – 688 б.
120 Байтұрсынов А. Ақжол. – Алматы: Жалын, 1991. – 398 б.
121 Кузнецова Т.И., Миллер Т.А. Античная эпическая. историография. – Москва: Наука, 1984. – 213 с.
122 Аверинцев С. С. Плутарх и античная биография: К вопросу. о месте классика жанры в истории жанра. – Москва: Наука, 1973. – 278 с.
123 Историческая поэтика. Итоги и перспективы изучения.– М., 1986. – 332 с.
124 Фольклор: Поэтика и традиция. – М., 1982. – 344 с.
125 Мелетинский Е.М. Введение в историческую поэтику эпоса и романы. – М., 1986. – 320 с.
126 Темирболат А.Б. Категории хронотопа и темпорального ритма в литературе. – Алматы, 2009. – 504 с.

127 Веселовский А.Н. Историческая поэтика / Вступ. ст. И.К. Горского, Сост. В.В. Мочаловой. – М.: Высшая школа, 1989. – 406 с.
128 Ибраев Ш. Түркі эпосының поэтикасы мен типологиясы. (Қазақ батырлық жырлары негізінде). – Астана: Сарыарқа, 2012. – 336 б.
129 Әбсадықов А. Қазақ хандығы және тарихи аңыздар: зерттеу мақалалар. – Алматы: Айғаным, 2017.– 342 б.
130 Зобов Р.А., Мостапаненко А.М. О типологии пространственно-временных отношений в сфере искусства. – Л.: Наука, 1974. – 405 с.
131 Неклюдов С.Ю. Время и пространство в былине. Славянский фольклор. – М., 1972. – 435 с.
132 Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. – М.: Искусство, 1986. – 445 с.
133 Путилов Б.Н. Героический эпос и действительность. – Л., 1988. –225 с.
134 Қаба ауданы қисса-дастандары. Абақ Керейдің атақтылары. – ҚХР: Іле Халық баспасы, 1992. – 305 б.
135 Құран Кәрім. Қазақша мағынасы мен түсінігі. Аударған Халифа Алтай. – Медине, 1991. – 324 б.
136 Дәрібайұлы С. Ақын-жыраулар поэзиясындағы ислам негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 156 б.
137 Қазақ тарихи жырларының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1979. – 312 б.
138 Адам ата (а.с.) туралы. https://kazislam.kz/. 03.04.2019.
139 Қазақ шежіресі. – ҚХР: Іле Халық баспасы, 1990. – Т.1. – 282 б.
140 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Шежірелік аңыздар. Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Албеков Т., Орынғали Қ. – Астана: Фолиант, 2012. – Т. 83. – 432 б.
141 Шараф ад-Дин Али Йазди. Зафар-наме. Баспаға дайындаған А.Ұрынбаев.– Ташкент, 1972. – 23 б.
142 Кәрібаев Б., Хасенов Ә. Алаш // Қазақстан: Ұлттық энциклопедиясы. – Алматы, 1998. – Т.1. – Б. 246.
143 Қазақстан тарихы этникалық зерттеулерде: Жалайыр. – Алматы, 2008. – Т.1. – 400 б.
144 Гродеков Н. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Юридический быт. – Ташкент: Типо-литография С. И. Лахтина, 1889. – Т.1. – 582 с.
145 Казахский фольклор в собрании Г.Н.Потанина. – Алматы: Наука: 1972. – 495 с.
146 Аристов Н. А. Этногенез и этническая история казахского народа. – Астана: Алтын кітап, 2007. – 372 с.
147 Қасқабасов С. Таңдамалы. – Астана: Фолиант, 2017. – Т.1. – 328 б.
148 Жұмабаев М. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қарасөздер. – Алматы: Жазушы, 1989. – 448 б.
149 Мақатаев М. Шығармалары. – Алматы: Жалын, 2013. – Т.2. – 376 б.

150 Дәдебаев Ж. Өмір шындығы және көркемдік шешім. – Алматы: Ғылым, 1994. – 208 б.

151 Янушкевич А. Күнделіктер мен хаттар. – Алматы, 1979. – 272 б.

152 Қазақ қолжазбалары. Авторлық тарихи жырлар. – Алматы: Дайк-Пресс, 2010. – 338 б.

153 Келімбетов Н. Шәді Жәңгіров // XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті. (Қазан төңкерісіне дейінгі дәуір). – Алматы: Ғылым, 1994. – Б. 312 .


ҚОСЫМША А

Диссертацияда пайдаланылған қолжазбалар тізімі:


1 ОҒК:Қ.1076.1-дәп.
2 ОҒК:Қ.560.
3 ӘӨИ:Қ.356.2-дәп.
4 ОҒК:Қ.750.1-дәп.
5 ӘӨИ.Қ:920/32
6 ӘӨИ:Қ.920/68
7 ОҒК:Қ.1118
8 ӘӨИ:Қ.888
9 ОҒК:Қ.522
10 ӘӨИ:Қ.750
11 ОҒК.Қ.146
12 ОҒК: Қ:645
13 Қырғыз Республикасы Улуттук илимдер академиясы Ч.Айтматов атындагы тил жана адабият институту. Колжазмалар фондусу. № 888 бума.
14 Рукописный фонд библиотеки БФАН СССР, Башкирские шежере, папка № 9.
15 ӘӨИ:Қ.920/90
16 ӘӨИ:Қ.920/74
17 ӘӨИ:Қ.403
18 ӘӨИ:Қ.1076.1-дәп.

ҚОСЫМША Ә


Орталық Ғылыми кітапхана мен М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында сақталған шежірелердің иллюстрациялары:




Шежіреші Б.Жайлаубаев жырлаған «Адам атадан бергі шежіре» атты шежіре жырының қолжазбасы [ОҒК:Қ.1076.1-дәп.].




Шежіреші Б.Жайлаубаев жырлаған «Адам атадан бергі шежіре» атты шежіре жырының қолжазбасы [ОҒК:Қ.1076.2-дәп.].



Шежіреші Б.Жайлаубаев жырлаған «Адам атадан бергі шежіре» атты шежіре жырының қолжазбасы [ОҒК:Қ.1076.1-дәп.].



Нұржан Наушабайұлының 1903 жылы Қазанда Кәрімовтер баспасында жарық көрген «Манзұмат қазақия» кітабы [ОҒК: Қ.2131].


(منظومات قزاقیه)

اراقراهایسکی ڤولست قوصطانایسکی اوبازده قپچاق روهی قوندوق
طاقفه سندین شاعر نورجان بن ناوچاپای‌ننك اثریدر ۱۳۲۵ سنه من
الهجرة ۱۹۰۲ سنه من المیلادیة ۱۷ اوکتابر

طبع اولندی قزانده مطبعهٔ کریمیه ده
۱۹۰۳ نجی سنه ده


طبع رخصتی پتربورغده: ۲۴ نجی اییونك ۱۹۰۳ نجی یلده

Дозволено цензурою С.-Петербургъ 24 іюня 1903 года.
КАЗАНЬ Типографія Т. Д. Бр Каримовыхъ

Нұржан Наушабайұлының 1903 жылы Қазанда Кәрімовтер баспасында жарық көрген «Манзұмат қазақия» кітабы [ОҒК: Қ.2131].



Қырғыз санжырашысы Кулумбайұлы Молдакмат . Қырғыз Республикасы Улуттук илимдер академиясы Ч.Айтматов атындагы тил жана адабият институту. Колжазмалар фондусу. № 888 бума.



ШАБДАН

Кыргыздын ынсан уулу кандай Шабдан
Чыныдыкты тогодучу айтпай жалган
Жалпы эле мен кыргызмын деген жерден
Калыстык жана марттык кимден калган.

Атасы эл бийлеген хан Жантайды
Эл билет, билее дагы неге айтпайды
Эзелтен коле жаткан элибиздин
Урматтап, сыйлоо салтын бек сактайды.

Шабдандын чоң атасы Карабекти
Кең пейил, чоң дасторкон, адам эски
Айдына келген адам мейман болуп
Бираазы курсант болуп кеткен дешчү

Карабектин атасы Атакени
Урматтайт ыйык тутуп кыргыз эли
Бир бирин коралбастык ичи тардык
Бир гана кыргызымдын жаман жери

Болбосо кыргызындай кең пейилдик
Болбойтко, урпактары эми билдик
Пейилдей бабалардын пейил кутуп
Жаштайды ычтардыкты бойдон силкип.


Чынында Шабдан мыкты ынсан болгон
Жалапты бардыгына бирдей койгон.
Эл үчүн так аткарган дайым ишин
Ак жүрүп, адал иштеп, чыкпай жолдон.

Жараткы кебейлерге беш жүз жылкы
Кебелбей баатыр Шабдан марттык кылды
Байдары Адигине тукумунун
Өзүнө урмат кылып берген сыйды.

Сый кылган байдар кулу неси дебей
Адамдын аты чыкпайт байлык менен
Атымды чыгардыкар бираазымын
Мына бул элим болот байлык деген.

Жол жүрүп келаткында баатыр Шабдан
Берүүчү байлар сыйды алба алба
Албасаң ошол сыйды жалгыларга
Жараткы жай баатырын үйгө барган.

Қырғыз санжырашысы М.Кулумбайұлының шежіре жырының қолжазбасы. Қырғыз Республикасы Улуттук илимдер академиясы Ч.Айтматов атындагы тил жана адабият институту. Колжазмалар фондусу. № 888 бума.



САНЖЫРА ДАСТАНЫ.

Ушул дастан санжыра
Маалым кыргыз калкыма
Кылым басып кылымдан
Келе жаткан санжыра,
Сатыбалды,Дөнөмбай,
Сайрап айткан санжыра

Күүлтүп айтып Күлбарак
Сооронбек сүйлөп сөз табат
Деп элим айтып келишкен
Жалган деп муну ким танат
Ошолор өңдүү адамдан
Санжыра санат сөз калат

Жаштардын санжыра сөздөн укканы
Найыт болот бул дагы
Жети атаң ким деп сураган
Кыргыздын салты мурдагы
Ушундай салтын элимдин
Уланөтсө болот урпагы.


Адамдык ыйман ал инсан
Жети ата,өтүп кыз алган
Арийне андай адамдан
Асылдар арбын жаралган
Нечендер өтүп кетти го
Опасыз болуп бу жалган.

Түпкү атабыз кыргыздан
Эл болдук арбын жылдыздан
Ала -Тоо жердеп ичине
Кыргыздар элин сыйгызган
Аймагы кеңип жеринин
Ар жагы Ооган,Индустан.

Айтылып келген санжыра
Эзелтен бери жалпыга
Азыраак көңүл бөлөлү
Элимдин эски салтына
Баалай бил жакшы жаманды
Адамдын жетип баркына.

Сатыбалды – Түп районундагы Шаты айылында,
Дөнөмбай–Тоң районундагы Бекөмбаев айылында жашап өткөн адам.

Қырғыз санжырашысы М.Кулумбайұлының шежіре жырының машинкаға басылған нұсқасы. Қырғыз Республикасы Улуттук илимдер академиясы Ч.Айтматов атындагы тил жана адабият институту. Колжазмалар фондусу. № 888 бума.



Кесте шежіре. Қостанай – Солтүстік Қазақстан – Омбы – Тюмен экспедициясы материалдары. Әбдіреш Оспанов қолжазбасы [ӘӨИ: Қ.622. 1-дәп.].